

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
БІЛІМ КОМИТЕТІНІҢ «МЕМЛЕКЕТ ТАРИХЫ» ИНСТИТУТЫ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕС



8.2010

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ:

әдістемелік журнал



Республикалық ғылыми-әдістемелік
және педагогикалық басылым

*«Өз тарихын сыйламаған халық
өзін де сыйламайды»*

Н.Назарбаев.

Қазақстан тарихы: әдістемелік журнал

ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
әдістемелік және педагогикалық басылым

Тамыз
8 (95) • 2010

2003 жылдың
шілде айынан
бастап шығады.

Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде №3481-ж куәлікпен 26 желтоқсанда 2002 ж. есепке қойылды. Астана.

Бас редактор — Тамара ӘЗІМХАНОВА
Бас редактордың орынбасары — Айна СӘДЕНОВА

Ақылдастар кеңесі:

Б.Г. Аяған — профессор, тарих ғылымдарының докторы.

Т.Т. Тұрлығұл — профессор, педагогика ғылымдарының докторы.

М.Қ. Қойгелдиев — профессор, тарих ғылымдарының докторы.

Ж.Қ. Таймағамбетов — профессор, тарих ғылымдарының докторы.

Ж.М. Төлеубаева — тарих ғылымдарының кандидаты, доцент.

А.С. Тұрысбеков — тарих ғылымдарының кандидаты, доцент.

Қ.Қ. Құнапина — тарих ғылымдарының кандидаты, доцент.

Д.И. Салқышбек — тарих ғылымдарының кандидаты, доцент.

Р.С. Сәуенова — әдіскер-мұғалім.

Мазмұны

Зерттеулер

К.РАМАЗАН.

ЕҚЫҰ және Қазақстан Республикасының ынтымақтастығы 3

Таным

С. ГАББАСОВ. Әділет елі 9

Ғылыми мақалалар

А.ӘБУ. Кие және киелі орын 14

Тарихи тұлғалар

Н. НАЗАРБАЕВ. Бакыт бағасын білгеннің ғана басында тұрады 18

Тарих және қоғамдық пәндерді оқыту әдістемесі

Б.ӘБДІҒҰЛОВА.

Жеке тұлғаның шығармашылық қабілетін дамыту жолдары 20

Әдістемелік жоспарлар

А.НҰРМАҒАНБЕТОВА. Әмір Темірдің басқыншылық жорықтары 23

Д.АЙМЕРЕЙ.

Сырым Датұлы бастаған Кіші жүз қазақтарының көтерілісі
(1783-1797 жж.) 27

А.ҚҰДАБАЕВА.

Қазақстандағы 1916 ж. ұлт-азаттық қозғалыс 32

Л.ӘУБӘКІРОВА.

Ашаршылық — қазақ елінің қасіреті 35

Г.ӘМІРБЕКОВА.

Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы 41

Сыныптан тыс жұмыстар

Ә.ЖҮНІСОВА.

«Тәуелсіз елдің білімді ұрпақтары» танымдық-отбасылық сайысы 51

Ж.ДОСҚОЖА.

«Құтты білік» интеллектуалдық ойын 56

Ислам тағылымы

М.БҮЛҰТАЙ. Мүбәрак Рамазан айы 62

Дидактика

К.ТАУПИХОВА. Дүние жүзі тарихынан тірек-сызбалары 70

Тарихтағы адам

Б.ӘБДІҒҰЛОВА.

Атақты ғұн ұлысының билеушісі

Еділ-Атилланың туғанына — 600 жыл 75

Бағдарламалар

Қ.ӘДИЕТ. «Алаштану» курсы 78

Өлкетану

М.ИМАНҒАЛИЕВА. Төребай туралы аңыз 82

К.РАМАЗАН,

Дарынды балаларға арналған облыстық қазақ-түрік ерлер
лицей-интернатының 9-сынып оқушысы,

М.ЖАПАБАЕВА,

ғылыми жетекші, тарих пәнінің мұғалімі.

Қарағанды қаласы.

ЕҚЫҰ және Қазақстан Республикасының ынтымақтастығы

(Жалғасы. Басы өткен санда)

2. Қазақстандағы демократиялық процестердегі ЕҚЫҰ тәжірибесі

Қазақстан Республикасының одан әрі демократиялануы мәселесінде ЕҚЫҰ-ның саяси рөлі өте маңызды. Себебі бұл ұйым демократияны қадағалаудағы бірден-бір халықаралық беделді институт болып отыр. Сондықтан да алдымызда саяси жаңарудың ауқымды міндеттерімізді қойып отырмыз. Яғни жоғарыда аталған Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы мен оның институттарының осы саладағы ұсыныс-кеңестерді демократиялық реформалар бағдарламасын жүзеге асыруда тәжірибе тұрғысынан ескеріліп отыр.

Мемлекетіміздің даму көкжиегінің базасы, сөзсіз, демократиялық үдерістерге бағытталған. Қазақстан жалпыұлттық саяси реформалар бағдарламасын 2004 жылы жариялап, оны ойдағыдай жүзеге асыруға кірісті. ЕҚЫҰ-ның стандарттарына мейлінше жақындатылған жаңа сайлау заңы қабылданды, саяси үнқатысудың тиімді институты деп бағаланған демократиялық реформалар бағдарламасын әзірлеу және нақтылау жөніндегі ұлттық, кейіннен Мемлекеттік комиссия жұмыс істеді. Саяси пікірталас пен әртүрлі ойлардың тоғысатын аланы ретінде Парламент Мәжілісі жанынан Қоғамдық палата құрылды. Азаматтық қоғамдық институттарды одан әрі дамыту, сот билігіне реформалау жүргізіліп, мемлекеттік басқаруды орталықтан жергілікті жерлерге ауыстыру біртіндеп жүзеге асырылуда.

Саяси жүйені демократияландыру және қазақстандық қоғамның саяси-қоғамдық өмірін бейтараптандыру қарқынды экономикалық дамумен лайықты үндестік табуда. Демократиялық реформалар бағдарламасын әзірлеу және нақтылау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның 2006 жылғы наурыздағы мәжілісінде Н.Назарбаев атап көрсеткендей: «Біздің басты мақ-

сатымыз өзгеріссіз қалды: ол — біздің көпұлтты және конфессиялы қоғамымыздың дәстүрлерімен қатар, жалпы әлем мойындаған демократиялық және құқықтық мемлекеттердің негіздерін нығайту». [1]

2007 жылғы тамызда өткен парламенттік сайлаудың қорытындысына баға бергенінде, ЕҚЫҰ-ның қысқа мерзімді байқаушылары миссиясының арнаулы үйлестірушісі екенін және ЕҚЫҰ Парламенттік ассамблеясы делегациясының жетекшісі, канадалық сенатор Консильо Ди Нино өткен сайлау алға басқан үлкен қадам екендігін, ол Қазақстанның эволюциялық алға басуын одан әрі жалғастырады және демократиялық мемлекетке айналуына ықпал екендігін баса айтқан еді [2].

Қазіргі Қазақстандағы демократиялық жетістіктердің орын алуы мен демократиялық елдер мен ұйымдардың жіті назарында болып келеді десек, артық айтқандық емес. 2007 жылғы қарашаның 5-інде Астанаға Демократиялық институттар және және адам құқықтары жөніндегі бюроның басшылығы келуі, бұл кезекті follow up mechanism кезеңінің басты бастамасы іспетті болды. Тараптар осы тұста 2008 жылғы бірлескен жұмыстардың нақты бағыттарын анықтаған болатын, ол үшін 2007 жылдың соңында сарапшылардың (Орталық сайлау комиссиясы мен Демократиялық институттар және адам құқықтары институты) алғашқы ірі кездесуі өткізілді. Осылайша, бюроның келісімімен Қазақстанның сайлау заңнамасын реформалау жұмысының кестесі анықталған болатын.

Мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы үйлесімділік жетілген демократияландырудың кепілі болатындығын сезіне отырып, мемлекеттік емес ұйымдарға (МЕҰ) қаржылық көмек көрсету мақсатында «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы» заң 2005 жылы және Қазақстан Республикасында 2006-2011 жылдарға арналған азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасы қабылданды, мемлекет және МЕҰ арасындағы проблемаларды талқылаудың және оларды шешудің тиімді құралы ретінде танылған азаматтық форумдар (2003 ж., 2005 ж., 2007 жылдар) өткізілді [3].

2002 жылдан бері адамдардың құқығын қорғау жөніндегі уәкіл — омбудсмен институты жұмыс істейді. Қазақстанның адам құқығын қорғау және демократия қағидаттарына адалдығына дәлел болатын Азаматтық және саяси құқықтар туралы (2003 жылы), адамдардың әлеуметтік-экономикалық және мәдени құқықтары туралы халықаралық фактілерге кол қойылды. Сол сияқты өлім жазасына мораторий жарияланды.

Елімізде жүргізіліп жатқан демократиялық жаңғыртулардың жүйелілігінің қорытындысы болып табылатын көппартиялық жүйе қалыптасты, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс арқылы мемлекеттік қолдау көрсетілетін 6 мыңнан астам МЕҰ-лар өмір сүруде. Қазақстанның ақпараттық рыногында 2392 БАҚ бар, олардың ішінде 2309 — газет және журнал, 83

теле-радиобағдарламалары жұмыс істейді. БАҚ-тардың 85%-дан астамы мемлекеттік емес.

2007 жылдың жазында Мемлекет басшысының бастамасымен елімізде президенттік-парламенттік республика құруға бағытталған конституциялық реформалардың жүргізілуі, демократиялық жаңғыртуларды жүзеге асырудың елеулі қадамы болып табылады.

Қазақстан Үкіметі БАҚ қызметімен байланысты проблемалық мәселелерді шешуге әрқашан баса назар аударып келеді. Атап айтқанда, бұқаралық ақпарат құралдары бетінде жала жапқан және тіл тигізген ақпараттар үшін жауапкершілікті қатайту жөніндегі, баспа қызметі туралы заң негіздері қайтарып алынды немесе күші тоқтатылды. ЕҚЫҰ-ның БАҚ бостандығы жөніндегі өкілінің кеңсесімен бірлесіп, бұқаралық ақпарат құралдарындағы *диффамация* (тіл тигізу) үшін қылмыстық жауапкершілікті төмендету мәселесі де қарастырылды.

Қазақстан күн тәртібіндегі көптеген түйінді мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін бұқаралық ақпарат құралдарының өздерінің үйлестіру тетіктерін дамыту туралы идеяны қолдайды және оны дамыта бермек. 2008 жылы БАҚ-тарды тіркеу амалдарын жария ету жөніндегі нақты шешімдер қабылданды. Үкімет пен журналистік қоғамдастық ЕҚЫҰ өкілдерімен бірлесе отырып, осы бағытта жұмыстар жүргізіп келеді.

Қазақстан Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюросының сайлауға және саяси партияларға қатысты заңнамалық ұсыныс-кеңестерін орындау жұмыстарын аяқтады. Ендігі мәселе соларды түбегейлі жүзеге асыруды нақтылау болып отыр.

Пікірталастар барысында жасалған тәжірибелік ұсыныс-кеңестер негізінде Қазақстанның Орталық сайлау комиссиясы ұсыныстар әзірлеп, оны 2008 жылы республика Үкіметі қарады, аталған ұсыныстар негізінде дайындалған заң жобасы мақұлданып, 2009 жылы қабылданды отыр.

Демократиялық институттар және адам құқықтары бюросы мен ЕҚЫҰ-ның басқа да институттарының көмегімен 2008 жылдың соңына дейін Сайлау туралы заңды реформалау жөнінде шаралар аяқталды. Қазақстан сонымен бірге 2008 жылдың соңында саяси партияларға қойылатын тіркеу талаптарын ырықтандыру жөніндегі шаралар қабылдады.

Жүргізілген конституциялық реформалардың аясында жергілікті өкілді органдардың өкілеттіктері кеңейтіліп отыр. Мемлекеттік биліктің ортақ жүйесіндегі олардың рөлі мен орны жанаша айқындалды. Қазақстанның болашақта ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуі тұрғысынан мемлекеттің жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі күш-жігері жалғасын таппак.

Қазақстанның ішкі саясаттың ең маңызды мәселелерін қарау үшін жалпыұлттық диалог аландарын құрудағы тәжірибесі мол. Ұзақ жылдар бойы

елімізде түрлі комиссиялар жұмыс істеді, олардың соңғысы (Елбасының төрағалығымен Демократияландыру жөніндегі мемлекеттік кеңес) осындай пікірсайыстардың қорытындысын түйіндеп, ел Парламенті 2008 жылы қабылдаған конституциялық реформаларды әзірледі.

Қазақстан саяси билік үдерістерін әрі қарай ырықтандыру, ашық және жария ету, билік пен азаматтық қоғам арасындағы өзара іс-қимылдың онтайлы үлгісін жасау жөнінде шаралар қабылдады. Адами өлшемді қазақстандық элита ЕҚЫҰ қызметінің маңызды бағыты деп санап отыр. Міне, сондықтан да Қазақстан осынау топтамалар аясындағы мәселелермен жұмысқа басым назар аударып келеді.

Гуманитарлық саладағы Қазақстанның ең маңызды жетістіктерінің бірі — ұлтаралық және конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету екендігін барша жұрт мойындап отыр. Діндер мен халықтар арасындағы диалогты нығайтуға басымдық таныту уақыттың талабы болып табылады.

ЕҚЫҰ-ның қазіргі төрағасының Діни төзімділік және діни бостандық жөніндегі үш жеке өкілінің мандаттарының ұзартылуын Қазақстан қолдады. Осынау қағидаларды дамыту жөніндегі біздің тәжірибеміз де баршаға үлгі. Қазақстан әлем конфессияларының жетекшілерінің басын қосқан Әлемдік және дәстүрлі діндер басшыларының съезін екі рет, сондай-ақ ЕҚЫҰ-ның төзімділік бойынша жоғары деңгейдегі кеңесін қабылдады. Қазақстан «Өркениеттер альянсы» достары тобының мүшесі болып табылады.

ЕҚЫҰ төрағасы ретінде Қазақстан 1992 жылғы Хельсинки құжаты мен 1994 жылғы Будапешт құжатына сәйкес ұйымның қызметіне үкіметтік емес ұйымдардың ашық қатысуының іргелі қағидаларының сақталуын қолдайтын болады. Адам құқықтары және демократиялық институттар бюросының мандатын сақтауды жақтайды.

Қазақстанның ынтымақтастық бойынша жақсы тәжірибесі бар. ЕҚЫҰ-ның ұлттық азшылық істері жөніндегі жоғары комиссары болған Макс ван дер Стул Қазақстанға талай рет келген, біздің, оның ішінде Халықтар ассамблеясының тәжірибесін зерттеп, Біріккен ұлттар ұйымының басшылығының айтқаны секілді, керемет марапат теңеулер келтірген. Осы тұрғыдан алғанда біз гуманитарлық өлшемдерді дамыту туралы айтып, бұл бағыт бойынша ынтымақтастығымызды белсенді түрде жалғастыруымыз керек.

Ал бірқатар қызу пікірталас туғызған мәселелерге келетін болсақ, біріншіден, бұл демократияландыру және адам құқықтары жөніндегі проблема десек, онда біздің бұл институтпен өзара байланысымыздың онтайлы жүйесі жасалғаны жайында Қазақстан өз ұстанымдарын барынша нақты айтып келеді. Оның қызметін қолдайды және Демократияландыру мен адам құқықтары жөніндегі бюросының мандатын сақтауға дауыс берді, болашақта

да бұл мандаттың сақталуын қолдайды. Қазақстан тарапы өз ұстанымдарын дәлелдейді, ымыраның жолын іздестіреді, сөйтіп алға жылжуды ұлттық мақсат етіп алады.

Францияның бұрынғы Президенті Жак Ширактың айтуы бойынша, Қазақстан өзінің ұлттық құндылықтары мен тарих алдындағы парызына адалдығымен қатар, құқықтық мемлекет құруға және жалпыадамзаттық демократия қағидаттарына жақындығын мәлімдей отырып, күрделі жағдайда мемлекет құрудың тура жолына түсті [4].

ЕҚЫҰ-ның демократиялық талаптарының бірі — азшылық ұлт мәселесі. Аз ұлттардың үлесі басым әлемдегі ең көпұлтты мемлекеттердің бірі бола тұра, Қазақстанның бұрынғы посткеңестік кеңістіктегі мемлекеттерден артықшылығы — қоғамдық құрылымды трансформациялау мен экономикалық қатынастардың моделін өзгерткен күрделі жылдарда қоғамдағы тұрақтылық пен келесімді сақтай білді.

Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап этносаралық қатынастарды ыждағаттылықпен реттеу мемлекеттің бүкіл ішкі саясатының арқауына айналды. Қазақстанда бірлікті нығайтуда және ұлттық мәдени өртекстілікті жандандыру мен дамытуда салиқалы мемлекеттік саясат жүзеге асырылады. Аз ұлт өкілдері шоғырланған жерлерде 16 тілде ана тілі ретінде оқытылатын ұлттық мектептер жұмыс істейді. Мемлекет 500-ге тарта ұлттық-мәдени орталықтарға, 20 республикалық және аймақтық ұлттық газеттер мен радио-телебағдарламаларға, алты ұлттық театрға қолдау көрсетеді.

2003 жылғы 20 қаңтарда Берн қаласында Н.Назарбаевпен өткізілген келіссөзден кейін Швейцария конфедерациясының Президенті П.Кушпен былай деп атап көрсетті: «Қазақстан Орталық Азиядағы тұрақтылықтың жасыл аралы болып қалуда, бүгінгі таңда Қазақстанда адамдардың ең маңызды құқықтары — бейбіт өмір сүру мен аз ұлттардың өзін құрметтеу құқығы берік сақталуда» [5].

1995 жылғы 1 наурызда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен құрылған Қазақстан халқы ассамблеясы бұл орайда айрықша маңызды рөл атқарады. 1992 жылы өткен I этностық форумда Нұрсұлтан Назарбаев өзінің осы бастамасын ұсына отырып: «Біздің ең басты құндылығымыз — халықтар достығын қазақстандықтардың бірнеше ұрпағы қалыптастырды. Көп жағдайларды қайтадан ой елегінен өткізе отырып, бұл байлықты талан-таражға салуға, қалыптасқан игі дәстүрлерді ұмытуға біздің ешбір құқығымыз жоқ. Сондықтан форумды тұрақты жұмыс істеу негізіне ауыстырып, жаңа қоғамдық институт құру қажет» [6] деп атап көрсетті.

Бүгінде ассамблея барлық ұлттық-мәдени орталықтарды біріктіреді және мемлекеттегі аз ұлттардың мүдделері өкілеттігін жүзеге асырудың нақты құралы болып табылады. 2007 жылғы мамырда Қазақстан Республикасы-

ның Конституциясына пропорционалды сайлау үлгісін қолдану және Қазақстан халқы ассамблеясының (ҚХА) депутаттары үшін квота болу жөнінде өзгеріс енгізілді. Бұл шешім ҚХА-ны консультативтік-кеңестік институттан конституциялық институт ретінде өзгерте отырып, сол арқылы Адам өлшемдері жөніндегі конференцияның Копенгагенде өткен мәжілісінің 31-тармағына сәйкес ұлттық топтар үшін өздерінің мүдделерін жоғарғы заң органдарында қорғауға кепілдік берді.

Қазақстанда барлық аз ұлт өкілдерінің сұранысын қанағаттандыру үшін және ұлтаралық қатынастарды дұрыс реттеу үшін барлық жағдайлар жасалған. Аз ұлт өкілдерінің азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарын қорғау жөніндегі шаралар халықаралық стандарттарға сәйкестендірілген және басқа мемлекеттер үшін үлгі болып табылады.

БҰҰ-ның бұрынғы бас хатшысы болған К. Аннан Қазақстанды әлемнің басқа мемлекеттері үшін тұрақты дамудың, тұрақтылықтың, ұлтаралық келісімнің үлгісі [7] ретінде атаған. Ал Рим Папасы Иоан Павел II 2001 жылғы Қазақстанға келген сапары кезінде былай депті: «Ұлы даладағы тыныштық пен келісім ерекше сүйсіндіреді және бейбітшілікті көпұлтты мемлекетте де сақтауға болатындығын дәлелдейді» [8].

Қазақстанның ЕҚЫҰ алдындағы саяси беделі мен мүмкіндіктері бірден аталмыш ұйымның демократиялануға қатысты талаптарын қаншалықты қанағаттандыра алатындығына байланысты болып отыр. Оның нақты бір алғашқы нәтиже-көрінісі — Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға 2010 жылғы төрағалығы.

Қазақстан төрағалығы — барлық Қазақстан халқының табысы. Қазақстанның төрағалығы — бірінші кезекте, өзінің саяси тарихында тұңғыш рет салмақты халықаралық легитимизация мен өзінің ұмтылысына қолдау көрген барлық Қазақстан халқының жетістігі. Қазақстан халқы іштегі және сырттағы сындарға қарамастан, тандап алынған саяси және экономикалық даму бағытынан таймаған елімізге ЕҚЫҰ қолдау көрсетіп, өзінің беделді ұйым екендігін тарихта, Қазақстан екендігін оған төрағалық етуге дайын екендігін көрсетті [9].

Біріншіден, Қазақстан жетістігі — бүкіл Орталық Азияның, ТМД-ның жетістігі, бұл — ЕҚЫҰ-ға төрағалықты алған алғашқы Азия мемлекеті, бұрынғы кеңестік дәуірден ізін сақтаған бірінші мемлекет, түркі әлеміндегі және көпшілік бөлігі дәстүрлі ислам мәдениетінің аумағына кіретін тұңғыш мемлекет. Сондықтан мұның маңыздылығын түсінуіміз керек.

Қорыта айтқанда, халықтың демократиялануы одан әрі жалғасын таба беруі, сондай-ақ оның сапалы көрсеткіштері мен шынайы бейнесі қалыптасуына өзіміздің саяси-қоғамдық бақылау институттарымызбен қатар, ЕҚЫҰ сияқты ұйымдар тарапынан қолдау табуы Қазақстанның және саяси бағыт ұстана білуінде деп түсіну керек [10].

(Жалғасы бар)

Совет-Хан ҒАББАСОВ,
жазушы-дәрігер, фантаст, драматург,
медицина және педагогика ғылымдарының докторы,
Махамбет сыйлығының лауреаты, профессор

Әділет елі (Жапонға сапар)

(Жалғасы, басы өткен сандарда)

Бабатоған — бай мекен

«Туған жердің топырағы — торқа, суы — бал!»
ҰЖДАН.

Бабатоғанның ойдым-ойдым жазығында жайқалып өскен көкмайсасы көлендеп, қырат-белдерінде тоғайы мен жидесі, талдары мен жыңғылы тербелген ғажайып бір құтты мекен екен. Терістігінде — мұнар буған Матай тауы, бұл өлкені ызғарлы желден қағатын ықтасын болған да етегінде аққан — Шелек өзені бүкіл өңірге нәр беріп жатқан берекесі секілді. Нуға оранып, тербеле жайқалып тұрған, нағыз мал мен құстың жері екен. Өңірдегі салалай тартып тастаған тоғандарда шымырлай аққан судың да көлемі мол көрінеді. Тіпті кешегі Кенес заманында суармалы егіндігі мен мал қыстауы қатарласқан ырысы мол бай ауыл болғаны көрініп-ақ тұр. Ал енді бүгінгі көріністері мынау, көз ұшында қирап жатқан қыстаулардың қалдығы, жау шапқаннан кейінгі тұлданып тасталған қаралы қоныс тәрізді. Бейне төскейінде — малы, төбе көрсетер жаны жоқ сияқты. Осындай көріністер бұдан он шақты жыл бұрын, тіпті кең-байтақ қазақ даласының қорқынышы болатын. Мынау қайта оңалған түрі ғой. Аңсап жеткен тәуелсіздікті алғанда білімсіз басшылардың бүтінді бүлдіріп, қолда барды талан-таражға салған тыртықтары әлі де ырсып тұрғандай. Манадан бері Матай тауын бетке алып келе жатқан

біз Бабатоған ауылына жеткенше қыбырлаған жан көрмедік. Тоскейінде төрт түлігі болмаған соң қайран дала өлі шөппен оралып, сарыала тартқан күйі сұлық жатыр. Жиырма жылдай мал тұяғы тимеген ақ шилердің де сақалдары сапсыып, шөмеле-шөмеле болып ұйысып кетіпті. Тек шағын ауылға екі-үш шақырым қалғанда ғана тоған судың жағасында отырған жалғыз үйді көрдік. Оның өзі де бір шөкімдей ғана, азғана отары бар екен. Қараша қостың сыртында жүрген жігіттен ары қарай ауылға апарар жолды анықтап алдық. Осы арада көптен көзден ғайып болып кеткен қазақтың бөрібасар төбетін көріп, тұлғасы мен түрін, батылдығы мен жігерін байқап, бас имеске болмады. Бұрылмақшы болып, қой отары жатқан жаққа жүре түскен машинаның алдына төрт тағандай тұра қап, жолбарыстай атылмақшы түрі адам шошырлық десе болады. Бұрыла берген машинаның қабырғасын денесімен ұрғанда, джиптің өзі ырғалып қалды. Біз көпке дейін көргенімізге таңырқап, ата-бабамыздың қалдырып кеткен мұраларын да тани алмай жүрміз-ау деген ойға келдік. Әйтпесе, түйеден шыққан — желмаясы, жылқыдан алған қазанаты, сиырдың — қаратілі немесе иттен түлеткен құмайтазысы мен бөрбасар төбеті де тек ғылыми сұрыптаумен алынған жаңа туындылар емес пе?.. Осылардың қайсысының қадір-қасиетіне жетіп жүрміз? Тәуелсіздікті алғаннан бері алаяқтықпен халқымызды қасқырша талап, жеріміздің асты мен үстін жездей қақтап тонаудамыз. Міне, елімізді билеген басшылардың бүгінгі сикы осындай көріністерге душар етіп отыр.

Әлден уақытта Әдекен:

— У-у-ра-а! Баба-тоғанның төбесі көрінді, — деді.

Анай да:

— Мынау тоған-судан жиналған көл, — деп өзінің бала кезінде суға түсіп, күні бойы ойнайтындарын есіне түсіріп, су жағасына ламбылай үйген төбешіктің үстіне кеп машинасын тоқтатты.

Менің бар ықыласым, айналадағы зәулім теректерден көз алмай:

— Япыр-ау, мынау қазақтың тоғай дейтін ағашының өзі ғой. Бөріктей боп күлтеленген жапырақтары қаракөк тартып, ат айналым аумаққа көлеңкелерін түсіріп тұр. Зәулім боп өскен сымбаттары да бөлек екен, — деп дереу төсқалтамнан шағын фотоаппаратты алып түсіре бастадым.

Әдекен күліп:

— Сәке! Мұндай теректерді, сірә, бұрын көрмегенсіз-ау! — деді.

— Жок, Әдеке, терек емес, бұл — тоғай ағашы. Мұны көрмегендіктен емес, бала кезден жадымда қалған жарасымдылықты, қайыра көріп тұрғандықтан, қуанышым қойныма сыяр емес. Дәл осындай көркем тоғайларды сонау жас кезімде Қара Ертістің жағасынан көріп, сағыны-

шыммен табысып тұрғандай күйдемін. Шіркін, Қазақтың жерін-ай десенші, қадір-қасиетін ұғатын ұрпақ келер күн туар ма екен! — деп құшағым жетпес тоғайдын дінін құшып, бауырыма бастым. Жанымдағы азаматтар да құшақтарына алып, туған жердің үстінде жүрген балалық шақтарымен табысқандай күй кешіп тұр. Әкесі мен баласы жарыса, әркім өз естеліктерін айтып жатыр. Ауадағы бір ғажайып үн де құлақ құрышын қандырардай қызық сияқты.

Әлден уақытта:

— Әне, анау тұрған биік төбе, — деп дауыстап жіберген Әдекен: — Құттыбала әжем өзі бастап келе жатқан босқындармен, осы төбенің үстінде тұрып сөйлесіпті. «Николайдың құзғындары» дейтін аңыз боп кеткен әңгімесі де осы жерде айтылыпты, — деп естіген-білгендерін тағы да қайталап есіне түсірді.

Менің қос жанарым айналада тұнып тұрған табиғатпен арбалып:

— Мынау неткен ғажап дүние?! Құм жоталарын көмкеріп орман боп кеткен сексеуілді қолдан еккен бе? — дедім таңырқап. Сірә, тіпті ит тұмсығы өтпестей қалың жыныс екен.

Әдекен де іле сөйлеп:

— Ие-е, бұрын мұндай емес еді. Өзім де таңырқап тұрмын. Тегі, 20-жылдың көлемінде мал аяғы тимеген ғой. Япыр-ау, құмдауыт белдер қопа болып кетіпті, — деп туған жердің «сақал-мұрты өсіп», алба-жұлбасы шыққан әсерінен өзі айыға алмай тұрды.

Манадан үндемей тұрған Анай да:

— Даланың көркі мал екен-ау, — деді.

Осылайша, біз сан-сапалық күй кешіп тұрғанда, үстімізден ұшқан бір топ үйрек алдымызда жатқан тоған-көлдің үстіне барып конды. Мұны көріп, аңшылығы есіне түсіп, елендей қалған Әдекен:

— Бұрындары бұл жерге Димекен (Қонаев) келіп, қоңыр күзде ылғи аң аулаушы еді. Бір-екі рет өзім де атқосшысы болып, бірге жүргенім бар. Ой-й, ол кісінің жүрген жүрісі де, сөйлеген сөздері де өнеге болатын. Көбінесе қарақұйрық, елік, кабан аулайтын. Алған олжаларын елге таратып, өзі тандап сойдырған елікті ғана тоңазытқышға салдырып:

— Үйге бұйырғаны осы болар, — деп жадырай күліп, ойын айтатын.

Сөйтіп, біз әрнені еске түсіріп жүргенде түс мезгілі де болса керек, Әдекеннің қалта телефоны тағы да шырылдап қоя берді. Өзінің кенже бауыры Кәмшаттың іздеп жатқанын айтты. Алматыдан шыққаннан бері сағат сайын сөйлесіп тұрған Кәмшат енді асқа шақырып, асықтырып жатса керек. Сірә, аялдаудың амалы жоқ сияқты. Дереву жиналып, Шелек ауылын бетке алдық...

Келе жатқан жол жағалауында жиде мен тал ағаштары орман болып, жайкала жамырай өсіп тұр. Көкжелек нудың түбінде өскен шырмауық пен кияқтың қалыңдығынан көз сүрінеді. Осының өзі-ақ мынау өлкенің топырағы нәрлі құнарлы екенін байқатса керек. Кейде құнарлы жердің күдіретін әлі танып болмағанымыз да анық байқалады. Сондықтан да бүгінгі ауыл шаруашылығын жетілдірудің жаңа сипаттағы технологиясы мен теориясын да бұрынғы таптауырын болып кеткен ұғымдардан арылтып, мүлде басқаша ізденістер қажет сияқты. Манадан бері үн-түнсіз келе жатқан әрқайсысымыз өз ойларымызбен отырып, Шелек ауылының ішіне ене бастағанымызды енді ғана байқадық. Көбінесе бір қабатты үйлерден тұратын шағын көшелерді бойлап, орталықтағы әкімшілік мекемелерін жанай өтіп, ауылдың шығыс жақ бетінде орналасқан Кәмшаттың үйіне де кеп жеттік.

Қақпаны ашып алдымыздан шыққан Кәмшат та алабөтен ақжарқын көңілмен машинамызды ішке енгізіп алды. Ұшқан ұя мен тәрбие-тәлімнің негізі бір болғандықтан ба, ағасының ашық-жарқын мінездері інісінен де көрініп тұр. Бірден амандық-саулықтан кейін-ақ жуынып-жайынып жеңілдене бастадық. Ат айналым ауланың іші тап-таза, сәнді салынған үймен жарасым тапқандай. Үй сыртына салынған бау-бақшалары да күзде берер берекесімен адам көзін арбап алардай екен. Осынау ауладағы тұрмыс-тіршіліктің көріністері де, көңілге тоқтық ұялатқандай болды.

Қазақтың ежелден келе жатқан дәстүр-салты бойынша мал сойылып, түстік асып дайын отыр екен. Ауланы аралап біраз бой сергіткеннен кейін Кәмшат бізді дастарқанға шақырды. Әңгіме қызып, манадан бері көрген-білгендердің біразы айтылған сияқты. Баппен піскен еттің сорпасы да бойымызға балдай жағып, тояттап алғаннан кейін ауыл-аймақтың әңгімесіне көштік.

Міне, осылай, уақыт байытқан біз кіші бесін кезінде Шелектен де аттанып, Алматыға қарай жүйткітіп келеміз. Келе жатқандағыдай емес, жол жиегінде қаптаған сарымсак сатушылар топ-тобымен қатарласа қалыпты. Торлы дорбаларға салып, қап-қап етіп дайындап қойған. Бұлардың пиязы базардағыдан әлдеқайда арзан да сапалы көрінеді. Сарымсактың сапасын ерекше танитын әкелі-балалы екеуі бірнеше рет тоқтап көргендерімен, ұнатпағандықтан бір түйір де сатып алған жоқ. Шіркін, жер мәйегін еміп өскен, шаруа адамының түсініктері бөлек қой. Өзімді бұлардың орнына қойып қарасам, тіпті тандамақ түгілі пияздың өртүрлі иістері болатынын да білмейді екем. Әрі-беріден соң, ақшам батып кеш қарая бастады. Алдымыздан жау шапқандай жөңкіліп келе жатқан жеңіл машиналардың нөпірін көріп, аң-таң болғаным сонша, тіпті мынау жайды алғаш көргендіктен бе, не ойларымды

білмей, есім шығып кетті. Қарақұрым бұл нөпірдің жағдайын Әдекең айтқанда ғана түсіндім. Тасқынды судай жөнкіліп келе жатқан Алматыдан ауыл-ауылдарға қайтып бара жатқан қисапсыз көп машина екен. Жарқырата шамдарын жаққан машиналар легі, бейне таудан құлап ағып келе жатқан отты лава секілді.

Танырқағаным сонша:

— Әдеке-ау, Алматының тынысын тарылтып, тығындайтындар осылар екен ғой, — дедім.

Ол селкос қана жауап қатып:

— Қайта бүгін аздау көрінеді, — деп мені одан бетер тәнті етіп қойды.

Тәртібі тәркіленген мынау дүниеге жаным ауырып:

— Бассыз қоғамда әділет те, қадағалау да жоқ! Қала экологиясын қолдан құртып отыр екенбіз ғой. Не басқаруы, иә ұйымдастыруы жоқ елде тек осындай бассыздықтар ғана үстемдік құрмақ. Әдеке-ау, кеше ғана өзіміз көріп келген Токиода қандай?! Япыр-ау, 16 миллион халық тұратын қалада не көлік тығынын, не ауасынан қара күйе ысты да байқамадық. Былайша айтқанда, Токионың бір өзінде бүкіл Қазақстан халқы отырып-ақ біз көріп жүрген бейнеттің бірі де жоқ. «Әділет елінің» сипаты осындай болса керек. Бүкіл жапон еліндегі мемлекеттік жүйе түгелімен тек халық үшін қызмет етіп отырғаны ұшақтан түсе-ақ байқалған еді, — деп еріксіз еске оралған ойлардан тіпті көңіл күйім құлазып кетті.

Осынау менің күйімді сезген Әдекең де терең күрсініп:

— Сәке-аға, бәрін айт та, бірін айт дегендей, бүгінгі сапарымызбен алға қойған мақсатымызды да, көкеміздің аманатына да нүкте қойып, үйімізге оралып келе жатырмыз. Біткен іске шүкіршілік айтайық. Сірә, бұл өмірдің өкініші де бітпес, үміті де үзіліп кетпесіне сенейік. Өзіңізге мың да бір рақмет, бірге жүрген сәтіміздегі алған ләззатымның бағасын айту қиын, — деп өзінің көңіліндегі алғыс сезімдерін білдірді.

— Мен де дәп осындай көңіл күйдемін, Әдеке. Рақмет, бауырым, — деп қысқа қайырып жан-жағыма қарасам, өз үйімнің алдында тұрғанымды жана көрдім. Біз бұл сапарымызды да сәтті аяқтадық. Алдыда әлі талай жолдар жатыр...

20-28 тамыз, 2009 жыл.

А.ӘБУ,
 ал-Фараби атындағы
 ҚазҰУ-дың аспиранты

Кие және киелі орын

Кие — бұл әр қазақтың өміріндегі салт-дәстүр, әдет-ғұрпымен қатар байланысқан бүгінгі тұрмыстық өмірімізде қатар келе жатқан ұғым. Кие деген — табиғатта ағаш (яғни өсімдікте дара ағаш немесе бірнеше түп болуы мүмкін), тас (тау, төбе), су (өзен, көл), жан-жануарда болатын нәрсе. Кие ұғымының қалыптасуын ертедегі адам баласының табиғат сырын түсінбеген кезімен байланыстыруға да болар. Сондай-ақ кие мәнінің астарын тотемизм, фетишизмнен де қарастыруға болады.

Киелі орын (священное место) — ол нақты географиялық объект. Ол тау, көшпелілер үшін жайылымды жер, көл, өзен, шатқал, асу т.б. нәрсе болуы мүмкін болғандықтан белгілі бір тайпаның, ұлыстың немесе бір рулы елдің (рулас ағайын адамдардың) аруақтары мәңгілік жай тапқан орын болуы мүмкін. Көптеген жағдайларда киелі орындарда «түрлі» ғұрыптық шара, іс-әрекеттер жасалады. Мысалға, қасиетті тау немесе ондаған жартас бетіне сурет салынған таңбалы тастары бар орындар ру-тайпалық иелік болуы да, тіпті байырғы уақыттан бері дәстүрлі түрде барша қауымның арғы-бергі аталары жерленген қорым немесе ол жыл сайын ас беріп, құрмет білдіретін орын болуы (мұндай географиялық объектілер елдің түсінігінде күт қонған жер ретіндегі мәнге ие) мүмкін.

Киелі орындар туралы ұғым сол манды қоныстай жайылған елдің таным-түсінігінде (санасында) сол жердің қасиеті мен киелілігі танылып, көпшілікпен мойындалғаннан кейін ғана қалыптасқан. Киелі ұғымның қалыптасуы кейінгі орта ғасырлар тұсынан бастап халық арасында басым орын алды. Себебі осы кездің өзінде шағын ғана аумақтағы жерлерде түрлі тарихи кезенді камтитын әр алуан ескерткіштер шоғыры молынан топталып, тіпті жіктеле де бастады.

Киелі орындар туралы ұғымды бүгінгі елдің таным-түсінігінде сол жердің қасиеті мен киелілігіне қоса, өнері мен қадір-қасиеті, ақылдылығы мен

көрегендігі, елді соңынан ерте білетін асқан қабілет, дарын иесі (Әбілқайыр, Абылай хан, Исатай, Махамбет, Сырым батыр сияқты) болуымен ел сыйлысы болғандықтан, ол көпшілікпен мойындалып, елге танылған (біртуар) атакты адамдардың (Шокан, Ыбырай, Абай, Шәкәрім) туып-өскен жерлері де ел аузында «қасиет дарыған, киелі жер» деп те айтылып жүр. Осы қатарда, мәселен, Сырдарияның төменгі ағысы саналатын Қызылорда облысын — «Сыр елі — жыр елі», «жырдың бір түнеп өткен жері» деп атау ел аузында жиі айтылады және оған қоса, барша түрік жұртының атасы атанған, көреген данышпаны болып танылған Қорқыттың өзі сан алуан тақырыпқа арқау бола алады.

Киелі орынның киелі болуы — ондағы кешеннің халықтың санасында туған діни-мифологиялық таным-түсінік, ғұрыптық әрекеттердің және оның ертедегі ескерткіштермен байланыстылығында. Оны біз былайша түсіндіріп көрсек, Таңбалытас кешені және өзге де ғұрыптық кешенді тұрғызушы қандай да бір тарихи тұлғаның немесе халықтың (ол кешен ғибадатхана, мешіт, некропольдік: пирамида, кесене, мазар, сағана там, күмбезді түрлі құрылыс, қорымдар да болуы мүмкін) өз дүниетанымында пайда болған, өлілерге көрсеткен құрметін, тарихтың қилы кезеңін сипаттайтын петроглифтер немесе қандай да бір билік жүргізушінің өзінің өзгелер алдындағы үстемдігін көрсетуі, оны әлемге паш етудегі, бәлкім, өз ойынан жасаған, тудырған дүниесі болуы мүмкін. Осы сөзімізге келтірер дәлеліміз, жер жәннаты деп аталған Жетісу жеріндегі Таңбалытас кешені, Орталық Азияда ілеуде біреу саналатын Әмір Темірдің Қожа Ахмет Яссауи бабамызға арнап салдырған кесенесі, Маңғыстаудағы қазақтың пірі — Бекет атаның қолмен қашап жасаған жерасты мешіті және ондағы зікір, қылуат бөлмелері, әлемнің жеті кереметіне саналатын Мысыр (Джосер, Хеопс, Хефрен) пирамидаларды, Семирамиданың аспалы бағы, Александрия бағдаршамы (маякі); ирандық Бехустин жартасындағы жазбалар сияқты т.б. дүниелерді атап айтуға болады. Мойындау керек, кие мәселесі әлі де болса өзінің ғылыми шешімін тапқан жоқ. Ал әлемдік классикалық діндерде осы киелі орындарға барабар тіпті сәйкес келетін «қасиетті орындар» деген түсінік бар. Ғылымда «киелі орынға қояр және он ы тандап алуда қандай да бір критерийлер бар ма» деген *сауалдың өзі* — әлі де болса жауапсыз, аз зерттелген мәселе.

Ғибадатхана (святылище, культовое место) — құрмет тұтар (зиярат етер) объектілердің жиыны кешені, біртұтас территориялық шекарада, яғни онда құрбандық шалу және зиярат етер әрекеттер жасайтын орын.

Исламның қарапайым халық (яғни, қазақ) арасында таралуы мен қалыптасуында *суфизм* (сопылық) мұсылман мешітінің алар маңызы зор. Суфизм идеялары мен дәстүр-белгілерінің исламға дейінгі жергілікті елдің наным-сеніміне жақындығымен ел арасында жақсы бедел жинады. Суфизм ислам-

дағы әулиелер мен қасиетті орындарды құрмет тұту дәстүріне шешуші ықпал ете киелі орындарға зиярат жасауды ұсынды әрі қазақ арасындағы исламға дейінгі көптеген наным-сенімдердің сақталуына маңызды рөл атқарды. Оның бүгінгі күндегі көрінісі бейресми дін өкілі атанған (*ишан, кржа, шырақшы, диуана, сопы*) әулиелерге табынудан, ежелден сақталған бақсылық тәжірибеден байқалады.

Халық арасында, соның ішінде қазақтың дінге сенуінде маңызды орын алған әулиеге табыну, исламдағы жаңа дін рухына сәйкес, жана пайымға әкелген көптеген құдірет күштер туралы ұғымдарды сақтаған ежелгі идеялардың ықпалымен қалыптасты.

Қазақстанда ресми исламға байланысты әулиелер — *Әбубәкір, Омар, Осман, Әли*; сопылар — *Қожа Ахмет Яссауи, Арыстан баб*; қазақ тайпаларының ру басы болған әулиелер — *Бәйдібек ата мен Домалақ ана*, исламға дейінгі отпен су және табиғат культі болған көптеген қайнар мен таулы шындар, ағаштарды құрмет тұтуға байланысты (*Әулие бастау, Қазығұрт, Жылаған ата сияқты және т.б.*); арнайы кәсіпке қамқоршы әулиелер, қазақ баксы мен күйшілерінің пірі — әйгілі *Қоркыт*, қазақ батырларының сүйеушісі — *Баба түкті Шашты Әзіз*, диканшылық қорғаушысы — *Диқан баба*, қойшының пірі *Шопан ата* кеңінен танымал және зор құрметке ие болған. Әрі осы қасиетті орындар ел ішінде әлі де қажылық сапар жасайтын орын қатарында болып отыр.

Исламға дейінгі ұғымның көптеген элементтерін бойына сіңірген қазақы әулиеге табыну өзінің негізгі идеялары жөнінен ислами рухты білдіріп, оның орнығуына көмектесті. Өйткені ел арасындағы ислами ықпалдың әсері белгілі бір дәрежеде аңыздар мен әңгімелерден де байқалады. Әулиелерге табыну рәсімінде дұға ғана ресми исламға сәйкес келеді. Негізінен, ғибадатта да, тәу етудегі сапарлар рәсімдері де исламға дейінгі діни іс-әрекеттер негізінде — анимистикалық наным-сенімде, сикыршылық, табиғат күші мен құбылыстарының, ата-бабаларға табыну және бақсылық негізінде қалыптасты.

Қазақ арасында исламдық және исламға дейінгі дәстүрдің өзара ықпалдасуы ислам дінбасыларының жергілікті ежелгі дін ұстанушылармен белгілі бір дәрежеде өзара қарым-қатынастарының болғандығын көрсетеді.

Бүгінгі қазақи тұрмыс-тіршілікте әдет-ғұрып, салт-дәстүрдегі ислам және оған дейінгі өзіндік байырғы дүниетаным әлі де болса зор маңызға ие. Тіпті бүгінде жерлеу, еске алу ғұрыптарында бөтен элементтерден исламды тазарту деген талпыныс орын ала бастағаны да байқалады. Қазақ арасында бұл күндері «неке қию» тәрізді отбасын құру дәстүрі де кең тарай бастаған.

Ал біздегі көптеген мешіттердің қасиетті орындар мен әулиелерді пір тұтуға деген қарсы көзқарастары мен пікірлері уақыт өткен сайын айқында-

ла түсуде. Ол аз болса жер-жерлерде нағыз мұсылманның әулиелерге табынуына шектеу қою қажеттігі түсіндіріліп келеді. Бұқаралық ақпарат құралдарында шарифат, аят-хадис, діни лекцияларды оқуы негізінде жинақталған тәжірибеге арқа сүйеп, оның қағидаларын басшылыққа алуда. Бұл үрдіске институт ретінде мүфтиат белсенді түрде қатысып келеді. Салыстырып айтар болсақ, жуырда ғана жаңадан ашылған діни оқу орындарында максатты түрде діни қызметкелердің білімін жетілдіруде. Бұған себепші бүгінде казак елінің солтүстік аудандарында мұсылман болуға ұмтылушылардың тиісті деңгейде білімдерінің жоқтығы да әсер етуде.

Қалай болғанда да қазақтың тұрмыс-тіршілігінде исламға дейінгі дәстүрдің қалдық-жұрнактары өзін діни синкретизм ретінде, тұрмыстық немесе халықтық ислам ретінде көрініп, исламмен әрекетке түсе, өзінің өміршендігін жалғастырып келеді. Бүгінде қазаки исламды этникалық символдың құрамдас бір бөлігі етіп қарап, дәстүрлі мәдениеттің ажырамас бөлшегі ретінде қайта жаңғыртылуға талпыныс, елдің ұмтылысын оның қазіргі жаһандану заманындағы жұртымыздың өзін ұлт етіп сақтаудағы басты жетістігі (өзінің заман ағымына сай, алдыға жүрер бағытын дұрыс тапқандығы) деп айтуға болады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Ажигали С.Е. Религиозность и обрядность сельчан Казахстана в ближайшей ретроспективе: Жетысу, середине 80-х гг., // Обычай и обряды казахов в прошлом и настоящем. Сб. Статей. Алматы, 2001.
2. Амантурлин Ш.Б. Пережитки анимизма, шаманства, ислама и атеистическая работа. Алма-Ата, 1977.
3. Басилов В.Н., Кармышева Б.Х. Ислам у казахов (до 1917 г.) — М., 1997.
4. Валиханов Ч.Ч. Тенгри (бог) // Собр. соч. В пяти томах. Алма-Ата, 1984. Т.1.
5. Гольдциэр И. Культ святых в исламе (Мухаммеданские эскизы). М., 1938.
6. Дыренкова Н.П. Получение шаманского дара по воззрениям турецких племен // СМАЭ АН СССР. 1917. Вып. IX.
7. Кукашев Р.Ш. К образу лебедя в казахском шаманстве // ЭО. 2002. №6
8. Лыкошин Н.С. Полжизни в Туркестане. Очерки быта туземного населения. Вып. 1. П г., 1917.
9. Малов С.Е, Шаманский камень «яда» у тюрков Заподного Китая // СЭ. 1947. №1.

«Туган өлке» (№1-2, 2008 ж.)
журналынан алынды.

Н. НАЗАРБАЕВ,
ҚР Президенті.

Бақыт бағасын білгеннің ғана басында тұрады

Қазақ халқы сан ғасырлар бойы өзінің егемендігі мен тәуелсіздігі үшін күресіп келді. Өзінің ең жақсы қасиеттерінің, қатер төнген сәтте бірігіп, ұйымдаса білуінің, сондай-ақ басқа халықтармен бейбітшілік, келісім мен тату көршілік жағдайында тұруға деген ынта-ықыласының арқасында ол тарих тасқынының астында қалып қоймай, өзінің мемлекеттігін қалпына келтіре алды.

* * *

Маған ары үшін жанын садаға ететін осындай текті халыққа, мені «ұлым» деп, «перзентім» деп төбесіне көтерген халыққа, арғы-бергідегі қазақ баласының бірде-бірінің пешенесіне бұйырмаған бақытты — толыққанды, тәуелсіз мемлекет құрудың басында болу бақытын бұйыртқан халыққа қызмет етуден артық ештеңенің керегі жоқ. Осы жолда мен бойымдағы бар қайратқа білетімді, білім-білігімді аямай жұмсаймын, қандай тәуекелге де барамын.

* * *

Біздің ұрпақ алдында бабалар қол жеткізген игіліктерді сақтау, қайта қалпына келтірілген мемлекеттігімізді нығайту және дүниежүзілік қауымдастық талаптарына сай жаңа сапалық деңгейге көтерілу міндеті тұр.

* * *

Адам атына лайықты өмір сүрудің, дәулетті тұрудың мына заманда нарықтан басқа жолы жоқ. Өйткені ол — адамды өзін-өзі қамшылауға, жанын жеп жанталасуға мәжбүр ететін, сөйтіп, оның бойынан тың қуат табуға итермелейтін жол.

* * *

Қамшының сабындай қысқа ғұмырда халқыңның көшінің басында жүруден, ұлы істеріне тікелей атсалысудан артық қандай мәртебе керек?! Ары үшін жанын садаға ететін қазақтай қасиетті халықтың, осы елдегі сан түрлі ұлттың баласының басын қояп, басшылығыда жүру тұрмақ, қосын тігіп, қосшылығында жүрудің өзі жанынды тербейтін бақыт емес пе?!

* * *

Бізге ұлттық буржуазия керек. Ұлттың қалталы адамдары қалыптаспайынша, көп істің киюы келмейді. Ұлттық буржуазия пайда болса, мемлекет мүддесін ойлайтын адамдар көбейер еді.

* * *

Менің атам да, анам да — қазақ. Менің жаным, жүрегім — қазақ. Қазақпын деп айтуға ешқашан намыстанған кезім жоқ. Намыстанбаймын да. Қайта маған тіл, діл, өмір, тіршілік сыйлаған Туған халқыма бар есті тірлігімде қарыздар болып өтуге бармын. Ұлттың ұлы болмай тұрып, адамзаттың перзенті болу мүмкін бе? Мүмкін емес.

* * *

Құдай қазаққа қырын қарамаған: пейіліне сай етіп ұлан-ғайыр жер берген, астын-үстін толтырып кен берген, мейірбан, ақ көңіл, адал ел берген, жаны үшін малын, ары үшін жанын садаға ететін ер берген.

* * *

Садағаң кетейін, айналайын халқым! Сенің мүддең жолында бойдағы — куат, ойдағы нәрдің бәрін сарп етуге бейілмін.

* * *

Маған адамның ішкі жан дүниесінің тазалығы мен діни сенім бір-бірімен тығыз байланысып, қатар жүретін сияқты көрінеді де тұрады.

* * *

Мен «адам Құдайға жақын болуы үшін оған қарай өмір бойы сапар шегуі керек» дегенді жұбаныш етемін. Мен өз халқымның жолында басымды бәйгеге тіккен адаммын.

* * *

Елдің — бетінде, желдің өтінде жүрген адамға сынақ көп.

* * *

Алға қарайтын кез келді. Іске кірісер кез келді. Ерік-жігерімізді танытатын кез келді. Өмірді өзгертетін кез келді.

* * *

Қазақ елінің озып, үдеген кезі де, тозып, жүдеген кезі де аз емес.

* * *

Тәуелсіздік — тарихтың мәңгіге бөліп берген еншісі емес, халықтардың мамыражай өмір сүруіне берілген кепілдік те емес, аңғал болмағанымыз абзал.

Абылай — күдіретті хан. Қазақ халқының мемлекеттілігі мен тәуелсіздігі осынау данқты есіммен тығыз байланысты. Ардақты бабамыздың аңсаған үш арманы тыныштық, кәсіп, тәуелсіздік еді. Бүгінгі күн ол мақсаттар орындалып, ел еңсесі көтеріліп келеді.

* * *

Дүние жаһандық, озара тәуелділік сипат алды. Жаһандық өріптестік үстемдік етуі үшін бұл таным біздің берік принципімізге айналуы тиіс.

* * *

Бүгінгі қазақ қауымына аса қажет нәрсе — өзіміздің намысшылдық дәстүрімізді дамыту.

«Егемен Қазақстан» газетінен (11.12.2002 ж.)

Б.ӘБДИҒҰЛОВА,

Абай атындағы ҚазҰПУ

тарихты оқыту теориясы мен

технологиясы кафедрасының оқытушысы,

педагогика ғылымдарының докторы, профессор.

Жеке тұлғаның шығармашылық қабілетін дамыту жолдары

Оқушыда жеке тұлға ретінде шығармашылық танымдық қызметін калыптастырудың бірден-бір жолы олардың өздігінше жұмысын жүйелі жүргізу болып табылады. Оқушылардың таным әдісін меңгеруі өте-мөте маңызды, өйткені тек жаттығу жолымен белгілі бір қимылды меңгеріп алуы және оларды жаңа жағдайда өздігінше қолдана біле алады.

Шығармашылық таным қызметі дегеніміз не?

П.И.Пидкасистыйдың атап көрсетуінше, тарихи оқиғалар мен құбылыстардың т.б. жалпы белгілерін анықтау оқушылардың шығармашылық таным қызметінің алғашқы дәрежесі болып, ал негізгі проблеманы алға қоюы және оны шешудің жолдарын анықтау, табу оқушылардың өздігінше шығармашылығының ең жоғары дәрежесі болып табылады деп санайды (1).

Дидак-ғалым Н.Я.Лернер оқушылардың тарих пәніне байланысты танымдық қызметін жан-жақты қарыстыра келіп, шығармашылық қызметінің мынадай басты кезеңдерін анықтайды (2,13).

Шығармашылық ойлаудың репродуктивті ойлаудан айырмашылығы, ойлаушы адам өздігінше іздену барысында арнайы іс-жосығы /процедура/ арқылы өзі жаңа нәтижелерге жетеді. Енді осы шығармашылық ойлауды сипаттай келе таным қызметінің іс-жосығын /процедурасын/ атап көрсетейік:

- бұрын меңгерілген білім мен білікті өздігінше жаңа жағдайға көшіру;
- бұрыннан таныс жағдайдан жаңа проблеманы көре білу, объектінің жаңа функциясын көру;
- объектінің құрылымын түсіну;
- баламаны іздеу немесе тәсілді шешуді тандау;
- бұрыннан белгілі проблеманы шешу құралын жаңамен қиыстыру.

Психолог, педагог-ғалымдар таным қызметінің бірнеше түрлерін атап көрсетеді. Оларға өздік жұмыстарының төмендегідей түрлері сай:

1. Үлгі бойынша өздік жұмысы (қайта жасалуы);
2. Реконструктивті жұмыс;
3. Шығармашылық жұмыс.

Адамның түрлі әрекетінде (қызметінде) өзара байланысты екі үрдіс көрініс табады: еске түсіру және шығармашылық.

Өздеріңізге белгілі, әсіресе тарих оқулықтарының көпшілігінде дайын білімді бекітуге және еске түсіруге арналған сұрақтар мен тапсырмалар басыңқы берілген.

Шығармашылық қызмет — негізінен, проблеманы қою, ойды тұжырымдап айту, принциптің (идеяның) пайда болуы, оны шешу, оның логикалық дамуы, аталған мәселені шешуде колдану, дәлелдеу, негіздеу, оны тәжірибе жүзінде дәлелдеу, ақырында нәтиженің шығармашылық қызметте нақтылы көрінуі. Қысқаша айтқанда, оқушының жаңа тапсырма, проблеманы шешу жолдарын табуы, бұрын меңгерген әдістерді жаңарта отырып, жаңа қызмет құралын жасауы болып табылады (1,8).

Оқушының ең жоғарғы өздік шығармашылығының деңгейі оның мәселені қоюы мен оны шешудің жолдарын табуынан көрінеді. Мұнда жаңа білімді меңгеру үрдісі шығармашылық ойдың дамуымен, қалыптасуымен бірге жүреді, ол оқушының шындықты өздігінше меңгеруін, тексеруін, оны қарама-қайшы фактілерден арылтып, дәлелдеуін анықтайды.

Сонымен *шығармашылық ойдың нәтижесі* — тек қана белгілі түсініктер мен ұғымдарды жай ғана пайдаланып қою емес, сонымен қатар жаңа образдар жасау, тапсырманы орындау арқылы жаңа жолдарды ашу. Шығармашылық ой белгілі құрамды анықтайды немесе оны қайта құру жолын табады.

Шығармашылық деңгейдегі тарихи ойлау мәселесі танымдық тапсырмаларды шешу ізденістерінен құралады.

Мұғалім қаншалықты тиянақты ұқыпты сабақ бергенімен оқушыларды тарихи материалдарды оқып-үйренуге ынталандырғанымен, егер де оқушының өзі білім алуға өз бетімен ынталанбаса, оқыту үрдісі ойдағыдай өз дәрежесінде болмайтыны белгілі.

«Оқыту дегеніміз — ең алдымен, оқушыда оқуға деген ынта туғызу және оқуға үйрету. Мұнда белсенді шығармашылықпен оқыту. Өйткені егер оқушы мектепте тек еліктеуге, «көшіруге» үйренсе, онда ол өмірде шығармашылықпен жұмыс істей ала ма?» (3,72).

Отан тарихының халқымыздың өткені, бүгіні, келешегі туралы оқушыда жүйелі білім беруде, тәрбие-танымдық мүмкіншіліктері зор.

Қазақстан тарихын оқып үйрену барысында оқушылардың өздік жұмысын мынадай түпнұсқалармен: а). Оқулық; ә). Тарихи көздер мен мате-

риалдар: деректер, құжаттар, фотоқұжаттар, статистика, көркем әдебиет және басқалар; а). Анықтамалық, қоғамдық-саяси, ғылыми-көпшілік әдебиеттер; в). Күнделікті бұқаралық ақпарат құралдары және баспасөз материалдары; г). Иллюстрация, нобай, диаграмма, кесте, аппликация; д). Жұмыс дәптерлері; ж). Компьютермен, электронды оқулықпен және басқалармен ұштастыруға болады.

Оқулықты пайдалану екі мақсатты: бір жағынан, ол — білім қайнары, екінші жағынан, тарихи мәтінді саналы оқуға дағдыландыруды және кітапты пайдалану әдіс-тәсілдерін үйретуді көздейді. Сондықтан сұрақтар мен тапсырмалар, оқулық мәтіні, онда келтірілген құжаттармен, иллюстрациялармен жұмыс істеген кезде оқушылардың танып-білу жөніндегі белсенді шығармашылық қызметін ұйымдастыруға көмектеседі.

Тарихты оқып-үйренуде мұғалім басшылығымен оқушылар шығармашылықпен жұмыс істеуге үйренеді. Оқулық мәтінін түсінуге, оны оқуға, оқығанын есінде сақтап қайта әңгімелеп беруге, түрлі құжаттардың жай және күрделі жоспарын жасауға, тезис, конспект, реферат жазуға үйренеді, оқыған материалды саналы әрі берік меңгеруге тырысады.

Әр оқушының оқулық мәтіні, құжаттар, түрлі қосымша деректермен өздік жұмыс істеу дәрежесі әртүрлі болғандықтан, олардың мәтінді түрлі жылдамдықпен оқып қабылдайтынын, сұрақтар мен тапсырмаларды түрлі деңгейде орындайтынын, осыған орай оларға әртүрлі дәрежеде көмек көрсету қажет екені белгілі. Күнделікті әр сабақ тиянақты, ұқыпты түсіндіріп меңгертуді, оқушылармен дұрыс қарым-қатынас орнатуды, мұғалімнің шеберлігі мен шығармашылығын үнемі жетілдіріп отыруды талап етеді.

Оқулықпен өздігінше жұмыс істеу белсенділігін арттыратын, шығармашылығын дамытудың басты шарты — оқушылардың танып-білуге құштарлығын арттыратын тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалану: тарихи оқиға, құбылыс, фактілерді тандауға, ізденуге, дәлелдеуге үйрету; қайшылықты, проблеманы шешу; оқушының ой-пікір дербестігі мен еркіндігін барынша кеңейту; сабақта проблемалық жағдай жасау; тың деректерден жаңа білімді ала білу, пайдалану, іздену; материалды есте қалардай әсерлі баяндау және басқалар жатады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Пидкасистый П.И. Самостоятельная познавательная деятельность школьников в обучении. — М., 1980. — С. 8.
2. Лернер И.Я. Развитие мышления учащихся в процессе обучения истории. М.: Просвещение, 1982. — С. 13-15.
3. Зувев Д.Д. Школьный учебник. — М.: Педагогика, 1983. — С. 72.

А.НҰРМАҒАНБЕТОВА,
Ә.Бүркітбаев атындағы №12 мектептің
тарих пәнінің мұғалімі.
Ақжол ауылы,
Қарқаралы ауданы,
Қарағанды облысы.

Әмір Темірдің басқыншылық жорықтары

Мақсаты:

Білімділік: Маураннахр билеушісі Әмір Темірдің көрші мемлекеттер Ақ Орда, Алтын Орда, Моғолстанға жорықтары жайлы баяндап, басқыншылық зардаптарын көрсету.

Дамытушылық: Оқушыларды өз бетінше ой қорытып, оны жеткізе білуге дағдыландыру.

Тәрбиелік: Адамгершілікке, қандай да болсын соғыс атаулыны жек көруге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Карта, дискуссиялық өрнек, топтастыру, Әмір Темірдің суреті, Әмір Темірдің ақтық өсиетінен үзінді.

Сабақтың түрі: Проблемалық.

Әдіс-тәсілдері: Әңгімелеу, ұштастыру, ой қорыту, дискуссиялық өрнекті толтыру.

Сабақтың барысы:

- I. Картамен жұмыс.
- II. Тарихи диктант.

Сұрақтары:

1. Алтын Орда ханы?
2. Отырар әміршісі?
3. «Тарих-и-Рашиди» атты еңбектің авторы?
4. Моғолстанның алғашқы ханы?
5. Ақ Орда ханы?

Жауаптары:

1. Ұрұс хан;
2. Батый хан;
3. Тоғылық Темір;
4. Қайыр хан;
5. Мұхаммед Хайдар Дулати.

Кілті:

1	2	3	4	5
2	4	5	3	1

III. Үй тапсырмасын тексеру.

1. Сызбаны толтыру.

Моғолстан. Хронологиялық шеңбері: XIV ғ. ортасы — XVI ғ. басы. А:
Алмалық Территориясы:
Көкше теңіз (Балқаш)



Барыскөл, Емел, Ертіс

2. Фронтальды сұрау.

Моғолстан мемлекеті қалай құрылды?

Мемлекеттің алғашқы ханы Тоғылық Темір туралы не білесіңдер?

Тоғылық Темір қайтыс болғаннан кейін саяси жағдай қалай қалыптасты?

IV. Үй тапсырмасын қорытындылау.

V Жаңа тақырып.

1. Тактаға Әмір Темірдің суреті ілініп, оқушылардан сұралады.

2. Проблемалық сұрақ.

Әмір Темір өзі қайтыс боларда жақын туыстарын жинап, өсиет-бұйрықтарын жариялапты. Сол ақтық өсиетінен үзінді оқып көрейік.

Әмір Темірдің ақтық өсиеті

Тәңірім маған қайырымдылық жасап, жақсы заң орнатуыма мүмкіндік берді. Енді, міне, Иран мен Тұранның барлық мемлекеттеріне, ешкім де өзінің жақынына жамандық, қиянат жасамайды. Шынжыр балақ шұбар төстердің пақырларға өктемдік көрсетуге батылы бармайды. Міне, осы үшін де Алла тағала күнәмді кешеді деп үміттенемін. Күнәм менің көп. Патшалық құрған кезімде әлсізді күштіге жылатқызбағаным жұбатады мені. Осындай жайт жайлы маған айтқан емес.

3. Әмір Темір (1336-1405 ж.ж.). Ол 1370 жылы Маураннахрдағы билікті басып алды. Содан 35 жыл бойы жеке-дара билік жүргізді.

Ақ Орда —→ Токтамыс 1374-1375 ж.ж. Сауран,
1376 ж. Сығанақ, 1377 ж. Сауран

Токтамыс хан —→ Әмір Темір

5. Әмір Темірдің Моғолстан хандығына жорықтары. «Не? Қайда? Қашан?» ойыны.

Не?	Қайда ?	Қашан ?
		1371-1372 ж.ж.
Әмір Темір Моғолстанның атақты қолбасшысы Қамар ад-динді талқандау үшін 30 мың адамдық әскер аттандырады		
	Моғолстанның жері Ыстықкөл өңіріндегі Сегізағашқа	
		1377 ж.
	Алтын Ордаға және Моңғол жеріне	
Моғолстан толық тәуелділікке түсті		

6. Басқыншылық жорықтардың зардаптары.

Зардаптары

- шаруашылық күйреді;
- халық қырғынға ұшырады;
- қалалар қирады;
- қоныс аудару күшейді;
- бір жұрттың халық болу жүйесін бұрды.

V. Ой қорыту. 1 минут үнсіздікте отырып оқушылар білгендерін ойша қорытады.

VI. Проблемалық сұрақты еске түсіріп дискуссиялық өрнекті толтыру. Бір-бір оқушы өз пікірін дәлелдейді.

	Келісемін	Келі
Әмір Темір — басқыншы		
Әмір Темір басқыншы емес		
Әмір Темір жаулап алған елдер үшін оның билігі тиімді болды		
Әмір Темір — басқыншы, бірақ оған кінәлі — заман		

VII. Топтастыру. Әмір Темір қандай адам болды?

VIII. Үйге тапсырма. §25 оқу, Әмір Темірге мінездеме беру.

Дерек

Біз қаншамыз...

2009 ж. Ұлттық халық санағының қорытындысы

Қазақстан Республикасындағы халық саны 2009 ж. 25 ақпанда барлығы — 16004800 адам. 2010 ж. 1 қаңтардағы есеп бойынша 16196,8 адам болды.

Қала халқының үлесі — 54%, ауыл халқының үлесі — 46%.

Ұлттық құрамы:

Қазақ — 10098,6, 63,1%

Орыс — 3797,0, 23,7%

Өзбек — 457,2, 2,8%

Украин — 333,2, 2,1%

Ұйғыр — 223,1, 1,4%

Татар — 203,3, 1,3%

Неміс — 178,2, 1,1%

Басқа ұлт — 714,2, 4,5%

Д. АЙМЕРЕЙ,
Ю.Гагарин атындағы мектептің
тарих пәні мұғалімі.
Ақсу қаласы,
Павлодар облысы.

Сырым Датұлы бастаған Кіші жүз қазақтарының көтерілісі (1783-1797 жж.)

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: Кіші жүз қазақтарының соғысына қатысуынын алғышарттары мен себептерін карау, соғыстың қазақтар қатысқан кезендеріне сипаттама беру және қазақтардың ұлт-азаттық күресіне Сырым Датұлы бастаған Кіші жүз қазақтарының көтерілісі ықпалын көрсету.

Дамытушылық: Оқушының өз ойларын еркін жеткізіп, пікір айтуға бейімдеу, ойларын толықтырып, қорытындылап салыстыра білу дағдысын қалыптастыру. Өткен сабақтағы материалдармен байланыстыра отырып, деректердің ерекшелігі мен айырмашылығын, ұқсастығын айырып таба білу сияқты ынтасын көтеріп, пәнге деген қызығушылығын ояту және ой-өрісін дамыту.

Тәрбиелік: Өздігінен іс-әрекетті қалыптастыра отырып, Отанын сүйуге, адамгершілікке және тарих пәні салаларының тарихты жазудағы маңызын түсіне білуге тәрбиелеу.

Тірек ұғым: Қазақтардың ұлт-азаттық күресіне, Кіші жүз қазақтары соғысынын ықпалын көрсету.

Сабақтың түрі: Жана танымдық сабақ.

Сабақтың әдісі: Әңгімелеу, салыстыру, талдау, венн диаграммасы топтық, топтастыру стратегиясы, тест.

Сабақтың корнекілігі: Схема, интербелсенді тақта, үлестірме.

Пәнаралық байланыс: Математика, әдебиет.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі (2 мин).

- а). Сәлемдесу;
- ә). Сабаққа даярлығын байқау.

II. Үй тапсырмасын тексеру (7 мин).

- а). Сұраққа жауап бер.

Шаруалар соғысының басталуына не себеп болды?

* Қазақтардың шаруалар соғысына қатысуын қандай кезендерге бөлуге болады?

* Орта жүз қазақтары Е.Пугачев бастаған шаруалар соғысына қалай қатысты, оның ерекшелігі неде?


* Кіші жүз феодалдарының қолдауына соншама үміттенген Пугачев кімге үндеу жолдады? Оның үндеу жолдаудағы мақсаты қандай еді?

* Пугачев көтерілісінің жеңілу себебі неде?

- ә). «Тапқыр болсаң тауып көр».

Өрнектің мәнін табу арқылы 1774-1775 жж. үкімет қолдаған Сібір шебінде орналасқан барлық әскер санын білеміз.

$$(70 \times 50) + (6260 : 10) + (418 - 9) = ?$$




III. Жаңа сабақты түсіндіру (15 мин). Негізгі мазмұны:

Көтерілістің алғышарттары мен себептері.


- * Көтерілістің басталуына түрткі болған жағдай;
- * Көтерілістің мақсаты;
- * Сипаттамасы;
- * Қозғаушы күштері;
- * Көтерілістің басшылары;
- * Көтеріліс барысы мен кезендері;
- * Нәтижесі мен жеңілу себептері;
- * Тарихи маңызы.

IV. Жаңа сабақты пысықтау (8 мин).


- а). «Ел қорғаған — ер бабан»



ә). Венн диаграммасын толтыр.



б). Көтерілістің барысына диаграмманы жалғастыр.



в). Сызбаны толтырындар.



г). Сергіту сәті.

(Сырым Датұлының шешендік сөзінің мағынасын ашу). Бірде Сырым Нұралы ханнан:

— Жылқының торысы көп пе, төбелі көп пе? — деп сұрайды. «Торы» деп Сырым — халықты, «төбелі» деп хандар мен олардың тұқымын айтқан екен. Нұралы хан Сырымға жауап бере алмай калыпты.

Тағы бір реті келгенде Сырым Нұралы ханға:

— Сен аз бен көпті, ақ пен қараны, әлсіз бен мықтыны теңгере алмадың. Біреуді біреу талап жатыр, сен халықты басқара алмадың, — депті.

Хан оған қарсылық білдіріп:

— Батырым, тасып жүрсің -ау, — депті Сонда Сырым іркілместен:

— Таксыр, тасып жүргенім жоқ, қайта қазақ баласының басын қоса алмай, сасып жүрмін, — деп жауап қайтарыпты.

д). Артық болмас білгенің.

№	Сұрақтар	Жауаптар				
		А	В	С	Д	Е
1	Сырым тұтқыннан қашан босатылды?	1783	1784	1785	1786	1787
2	Сырым тобы қай тауға қарай ойысты?	Мұғал- жар	Қаратау	Алтай	Тарба- ғатай	Сары- арқа
3	Нұралы ұлдарының бірі — Есімнің хан болып сайлануы	1791 ж.	1794 ж.	1795 ж.	1788 ж.	1787 ж.
4	Көтерілістің сипаты	Отар- лауға қарсы, ұлт- азаттық, антифео- далдық	Монор- хиялық, отарлауға қарсы, ұлт- азаттық	Феодал- дық, анти- феодал- дық	Азат- тық, феодал- дық	Монор- хиялық отарлау.
5	Көтерілістің қозғау- шы күші	феодал- дар	ұлттар	казак шаруала- ры	казак- тар	орыстар
6	Сырымның өлімі	1806 ж.	1805 ж.	1804 ж.	1803 ж.	1802 ж.

е). Сұрақтарға жауап бер.

- * Көтерілістің басты себебі неде?
- * Көтеріліс қалай басталды?
- * Барон О.Игельстром қандай өзгерістер енгізбекші болды?
- * Сырым батырдың Орынбор билеушілерімен арақатынастары қандай болды?

* Көтерілістің жеңілу, себеп-салдарын түсіндір.

V. Қорытындылау (8 мин).

Рефлексия.

Бұрыннан білемін «У»	Мен үшін жаңалық «+»	Кездескен қиыншылық	Тереңірек білгім келеді «9»	Қызықты болған не? «!»

VI. Үй тапсырмасын беру және бағалау (5 мин). 6-тақырыпты оқу, түсінгенін айтып, сұрақтарға жауап беру.

VII. Бағалау: Лидер парағы.

Топтың аты	Тапсырмалар								
	Үй тапсырмасы	Модуль жасау	Диаграмма толтыру	Сызбаны толтыру	Сергіту сәті	Тест шешу	Рефлексия	Лидер парағы (бағалау)	Бекіту сөзі

*А.ҚҰДАБАЕВА,
Барқытбел мектебінің
тарих пәні мұғалімі.
Ново-Андреевка ауылы,
Ұржар ауданы,
Шығыс Қазақстан облысы.*

1916 ж. ұлт-азаттық қозғалыс

Қазақстандағы 1916 ж. ұлт-азаттық қозғалыстың

себебі мен желеу болған негізгі себепші факторын ата.
(Ұлттық-әлеуметтік езгі); (1916 ж. 25 маусымдағы патша жарлығы);

II. Сипаттап бер:

а). Амангелді Имановтың ұрыс жүргізу тактикасы? (мергендерден ерекше жасақтар құрып, оларды шағыл құмдардың арасына орналастырды, жазалау отрядтарының жолына тез қимылдайтын атты әскер жіберіп отырды).

в). Патша үкіметінің көтерілісті басу тактикасы? (тез арада көтерілісшілерді басшыларынан айыра білді, бай-феодалдарды, хандарды өз мүдделеріне пайдалана білді, ұлт арасындағы қайшылықтарды пайдаланды).

III. Мәнін аш (Салық, салғырт, төңкеріс, монархия, автономия).

IV. Анықтама бер.

Буржуазиялық демократиялық революция, пролетариат диктатурасы, контрреволюция, Азамат соғысы, әскери коммунизм саясаты, жаңа экономикалық саясат, шетел интервенциясы.

V. Сызбаны аяқта.

1. Қос өкімет.

Уақытша үкімет.

(Мақсаты, бағдарламалары, саясаты)

Жұмысшы-солдат депутаттарының кеңесі.

2. Қырғыз (Қазақ) автономиясы.

Жоғарғы өкімет органдары.

(Орталық Атқару комитеті).
С.Меңдешов;

(Халық Комиссарлар кеңесі).
В.Радус-Зенькович.

VI. Мына жылдары қандай маңызды оқиға болғанын жаз:

1916 ж. (Ұлт-азаттық қозғалыс) 1920 ж. 20 тамыз
(Қазақ автономиясы құрылды)
1917 ж. («Алаш» партиясы құрылды) 1921-22 ж. (Жер-су реформасы)
1921 ж. («Қосшы» одағы құрылды) 1924 ж. 1 қаңтар (ақшалай салық)
1918-1920 ж. (Азамат соғысы) 1919 ж. желт. (Александров-Гай-
Ембі теміржолы)

VII. 1 Көтеріліске шығушылардың іс-әрекеттерін баяндап бер:

(Жасақтар құрылды, қара жұмысқа шақырылушылар тізімін жойды, башар ауылы, басқарма, болыс ауылдары талқандалды, дала дәстүрі бойынша хан сайланды)

2. Қазревком мен оның жергілікті жердегі органдары қызметіне тоқтал:
(Кенестер ұйымдастыру, халықты кеңес құрылысына тарту, қазақ жерін біріктіру).

VIII. Мына тұлғалар кімдер? Ә.Жангелдин; А.Розыбакиев;
Т.Рысқұлов; А.Иманов;
М.Шоқай; С.Мендешов т.б.

IX. Ұлт-азаттық қозғалысқа қатысқан, көтерілісшілерге көмектескен өзге ұлт өкілдерін ата:

1. С.Ужгин — Қостанай соц-демократиялық ұйымдарын құрушы, «Қарабалықтағы оқиғалар туралы сөз» үнқағазын шығарған;
2. Н.Кротов — Торғайда көтерілісшілерді соғыс ісі шеберлігіне үйреткен;
3. Е.Курев — Қарқара қозғалысын ұйымдастырған;
4. С.Вербицкая — көтерілісшілермен бірге шайқасқан.

X. Торғай және Жетісу көтеріліс басшыларын жеке жаз:

А.Иманов, Ә.Жанбосынов, Б.Әшекеев, Ж.Мәмбетов, Кейкі батыр, Ұ.Саурықов, А.Қосанов.

XI. Кеңес өкіметі орпаған жылдарына қарай реттеп жаз (араластырып береміз:

1917 жыл	1918 жыл
Перовск, Костанай, Әулиеата, Бөкей ордасы, Черняев.	Ырғыз, Торғай, Семей, Верный, Орал.

XII. Тарихи диктант. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қой.

1. 1916 ж. Қазақ жерінде қазақтардың саны....кеміді (жарты млн);
2. Ақпан революциясынан кейін Ресейдің ұлт аймақтарындақозғалысы жандана түсті (мұсылмандар);
3. Қазақстанда Колчак әскерін талқандау Шығыс майданның солтүстік және басқарған.
(Оңтүстік топтарына жүктелді (М.В. Фрунзе);
4. Солтүстік Жетісуда Кеңес өкіметін орнатуда... үлкен рөл атқарды (Черкасс қорғанысы);
5. Қазақстан мен Түркістанда дарынды комсомол ұйымдастырушылардың бірі... болды (Ғ.Мұратбаев);
6. Кеңес өкіметі Оралда... жылдарында ғана біржола орнады (Азамат соғысы);
7. 1918 ж. тамыз айында Орта Азия мен Қазақстанды интервенттер мен... басып алу қаупі төнді (ақ гвардияшылардың);
8. Әскер бөлімдерін құру істерімен... төтенше комиссары Ә.Жангелдин айналысты (Дала өлкесінің).

XIII. Сандар сөйлейді. Мына сандарға қарап мәлімет бер:

24,8 41 75 137 30

1. (1924-1928 ж. мал саны 24,8 млн-нан 41-млн-ға жетті).
2. (1927 ж. республикада 75 жергілікті 13 губерниялық, 7 өлкелік жәрменке болды. Олардың сауда айналымы — 30 млн сом).

XIV. Салыстыр

- | | |
|-----------------------------|-------------------|
| 1. «Қазақ» газеті. | Қазревком; |
| 2. «Ұшқын» газеті. | «Кадет» партиясы; |
| 3. «Свободная речь» газеті! | «Алаш» партиясы». |

Оқушының жинақтаған білімін тексеру олардың өзіндік жұмысы арқылы іске асырылады. Өзіндік жұмыс істеу кезеңі оқушының қалыптасқан білімінің нәтижесін көрсетеді. Айтар ойларын нақты, жинақы баяндауға, сұраққа дәл жауап беруге бағытталған тапсырмалардың пайдасы зор.

Бұл өзіндік жұмыстардан басқа мұғалімде:

1. Оқушыларға өртүрлі шығармашылық жұмыстар тапсыру (өз беттерінше ізденуге іс-әрекет ұйымдастыру);
2. Сабақтың құрылымында нені өзгертіп, қандай тәжірибе толықтырсам немесе қолдануға болады?
3. Қиыннан жеңілге жүру ережесі;
4. Оқушылардың білім алуына барлық жағдай жасай алдым ба?
5. «Оқушы сабақ соңында немен кетті, оның білімінде қандай өзгерістер болды» деген мәселелер тұруы керек.

Л.ӘУБӘКІРОВА,
№ 33 мектептің тарих пәнінің мұғалімі.
Қарқаралы ауданы,
Қарағанды облысы.

Ашаршылық — қазақ елінің қасіреті

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: Ашаршылықтың себептері мен зардаптарына тоқталу, қазақ еліне ашаршылықтың қалай келгенін анықтау.

Дамытушылық: Өтілетін тақырыпқа сай материалдарды іздестіріп, іріктеп сабақ үрдісінде қолдана білуге дағдыландыру, ізденімпаздыққа баулу.

Тәрбиелілік: Өткенін біліп, келешегін болжай алатын ұрпақ тәрбиелеу.

Сабақтың типі: Жаңа тақырыпты меңгеру.

Сабақтың түрі: Еске алу сабағы.

Көрнекілігі: Тірек-сызба, карта, қоғам қайраткерлерінің портреттері, нақыл сөздер плакаттары, түсіндірме сөздік.

Пәнаралық байланыс: Әдебиет, қазақ тілі, қазіргі өмір.

Қолданылған әдіс-тәсілдер, технологиялар: Шаталов тірек-сызбасы, мәнерлеп оқу, сұрақ-жауап.

Сабақтың барысы: Ұйымдастыру.

- 1). Оқушылардың қатысуы туралы ақпарат;
- 2). Оқушылардың зейінін сабаққа аудару;
- 3). Психологиялық жағдаят «Ашаршылық» сөзінің мәнін ашу (түсіндірме сөздікпен жұмыс).

Жаңа сабақтың тақырыбы және мақсатымен таныстыру.

Әдісі: тірек-сызба арқылы оқушылар дайындаған деректерінен ақпарат береді.

Сұрақ: Бұл қасіретке қазақ халқы қалай ұшырады? Кім кінәлі?

Дерек оқу: Сол кездегі қазақ өлкелік партиясының II хатшысы О.Исаев «қазақтардың өзі кінәлі, еңбек ете алмайды» деген, сонда көзін еңбекпен ашқан қазақ 1931-1933 жылдары арамтамаққа айналғаны ма? Сендер қалай ойлайсындар?

Тірек-сызбасы ілінеді. Оқушылар осы көрнекілікті пайдаланады.

№1.




№2.

Ұжымдастыру:

- 1927 ж.
- КП XV съезі жариялады;
- 1929 ж. II ж.артысынан бастап жедел дамыды;
- күштеп, жаппай;
- 1932 ж. көктемде аяқтау көзделді;
- 1931 ж. 65%.

№3.

— жоспарланған үш жылдың орнына үш күн ішінде




№4.

Тәркілеу:

- 1928 ж. 27 тамыз;
- «Аса ірі бай шаруашылықтары мен жартылай феодалдарды көмпескелеу және жер аудару» декреті;
- 1 мыңнан астам жартылай феодал жер аударылды;
- 145 мың мал алынды;
- 1931 ж. 5500 отбасы жер аударылды.

№5.



№6.



Оқушы: Қазақтарды күштеп ұжымдастырудың зардабы туралы айтады.

Оқушы: Отырықшыландыру саясатының зардаптарына тоқталады (құрастырған кластерді пайдаланады).

Оқушы: Көмпескелеудің қалай жүргізілгендігі туралы айтады (тірек-сызба бойынша).

Оқушы: Ет-мал салығының қазақтың қолындағы барынан айырғаны туралы карта бойынша айтады.

Мүгалім: Осындай себептер мен саясаттағы қателіктер, Голощекин сияқты басшылар мен белсенділердің асыра сілтеуінен 1931-1933 жылдары Қазақстанды түгелдей аштық жайлады.

Оқушылар, сендерге аштық туралы әдебиеттер мен деректермен танысып келу тапсырылған болатын. Ендеше, осы деректер мен әдебиеттерге сүйене отырып, аштық қасіретін еске алайық.

Сабак барысында деректерді дәптерге түсіріп отыру керек.

(Өлең жолдары оқылады)

Байлардың конфескелеп, малын алды,

Астыққа кеңірдектен салық салды.

Құрылған әр ауылда кедей тобы,

Күш-көліксіз, қарусыз бекер қалды.

Күз болды, қара суық, жер тоңайды,

Жаңбыр, бұршақ аралас қар борайды.

Бұрынғыдай мал-жан жоқ қарайтұғын,

Ашаршылық қасқырдай ел ториды....

Корада байлайтұғын мал қалмады,

Егістікке себетұғын дән қалмады.

Ашаршылық — қара оба, өрт боп келіп,

Құтыла алмай ашыққан ел зарлады.

Қыс түсті, жердің бетін ақ қар басты.

Түсте көрер болдық біз ішер асты.

Кәрі орнынан тұра алмай, бала — жылап,

Бар ауыл талшық таппай, қатты састы.

Аш адамдар көмпиіп ісіп кетті,

Өлімге мойынсұнып, «нісіп» кетті.

*Көзінің бұрынғыдай жанары жоқ,
Салбырап жақ сүйегі түсіп кетті.*

*Сұраймыз ба, бұл апатқа кім кінәлі?
Мылтықсыз қырып салған барша жанды.
Кейбіреу құрып кетті ұрпағымен,
Кім төлейді жазықсыз аққан қанды?*

*Қырылмаса аштықтан бауырларым,
Соғыста да құрбан ғып шыбын жанын.
Қазақ деген қандай ел болар едік,
Көркейткен байлығымен әлем сәнін!*

Мұғалім: Бұл сұмдықты Сталин, Голощекин сияқты ел басшылары біле отырып, жағдайды түзету үшін еш шара қолданбады. Елдің бас көтерер азаматтары бастарын қатерге тіге отырып, халықтың мұң-зарын, жағдайын басшыларға жеткізді. Ол азаматтар кімдер еді?

— **Оқушы:** «Бесеудің хатымен» таныстырады.

Оқушы: Тұрар Рысқұловтың «Сізден аштыққа душар болған халқымның өмірін сақтап қалу үшін көмектесуіңізді сұраймын» деп Сталинге жазған хатының мазмұнымен таныстырады. Тұрар Сталиннің жеке қабылдауында да болады. Шерхан Мұртаза «Жанпида» мақаласында «...осы ерлігі үшін Тұрарды құрметтеуге де, үлгі етуге де болады» деген пікір айтқан.

Оқушы: Қарқаралы маңындағы ауылдардың ашаршылыққа ұшырауы туралы деректерді келтіреді.

Оқушы: Татьяна Невадовская туралы айта келіп, осы кісінің «Қазақстан қасіреті» өлеңін оқиды.

*Кім жіберді аштық деген пәлені?
Кім жауапты? Білгім келер соны мен ...
Түйе мініп, атпен шапқан жан еді,
Малын айдап, көшіп жүрген жөнімен.
Түгін қоймай сытырды гой қастықпен,
Болады екен осындай да сұм айла.
Бүкіл жұртты қырып-жою аштықпен,
Керек пе елі аллага, әлде құдайға?
...Аштық жайын еске алудың өзі мұң,
Шаншу-сұрақ мазалайды: Неліктен?
Бұл қорлыққа жетер қайтіп төзімің,
Жер бетінде жүре алмайсың өліктен...»*

Оқушы: Ғабит Мүсіреповтің естелігін мысалға келтіреді.

Оқушы: Жергілікті материалдарды пайдаланып, өжесінің естелігін келтіреді. Бейбіт уақытта жарты халқы аштықтан қырылып қалу қасіреті ешбір халықтың басында болған емес, тек Қазақстанда ғана болған деп қорытындылайды.

Оқушы: 1933 жылы Голощекин орнынан алынып мемлекет басына Мирзоян келеді. Ашаршылық азайып, жағдай түзеле бастайды.

Сабақты бекіту: Плакат ілінеді. «Ұмыту өткен тарихты, болашақ үшін қауіпті»

Мүғалім: Мына сөздерге назар аударып, көңіл қойындаршы, нені меңзеп тұр?

Оқушылар:

— Бұл сөзде бізге тарихымыз қандай қасіретті болса да ұмытуға болмайтындығын ескертеді.

— Өткен тарихымыздан сабак алып, қателіктерімізді қайталамауды меңзейді.

— Құрбандарды ұмытпай, еске алып отыру керектігін білдіреді.

Шынында да, біздің еліміз 1992 жылдан бастап, 31 мамырды «Ұлы нәубет құрбандарын еске алу күні» деп атап өтуде.

Жұбан Молдағалиевтің өлеңінен үзінді оқылады:

...Мен казакпын, биікпін, байтақ елмін,

Қайта тудым, өмірге қайта келдім

Мен мың да бір тірілдім, енді өлмеске

Айта бергім келеді, айта бергім.

Сабақ аяқталды.

Үй тапсырмасы: §10-11. «Ашаршылық — қазақ елінің қасіреті» тақырыбы бойынша «Мен не білдім?» атты ой-толғау жазып келу.

Бағалау.

Пайдаланылған әдебиеттер:

М.К.Қозыбаев Қазақстан тарихы.

З.Қыстаубаев, Б.Хабдина Қызылдар қырғыны. «Өнер», 1993 ж.

Г.ӘМІРБЕКОВА,
Ақтаев атындағы №6 мектептің
тарих пәні мұғалімі.
Ақтөбе қаласы.

Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: Дүниежүзі қазақтарының құрылтайлары, оның мақсаты, тарихи маңызы, дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы туралы мағлұматтар беру.

Дамытушылық: Сабақ барысында оқушылардың тарихи оқиғаларды есте сақтау, салыстыру, жүйелі ойлау және материалды тұжырымдап аяқтау, өздігінен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру.

Тәрбиелік: Жат жерде жүрсе де, өзінің тілін, дәстүрін, әдет-ғұрпын ұмытпай, сақтай білген қандастарымызды құрметтей білуге, туған жеріне, халқына деген сүйіспеншілікке, елдің бір тұтастығын сақтап қалу үшін күресе білуге тәрбиелеу.

Психологиялық: Оқушылармен қалыпты психологиялық климат және санитарлық-гигиеналық талаптарды орындау.

Күтілетін нәтиже:

1. Оқушылар еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейін кезінде түрлі себептермен әлемнің әр түкпіріне шашырап кеткен қазақ өкілдерінің басын қосуға мүмкіндік алғанын, бұл басқосудың маңызы туралы білім алады;
2. Қазақ халқы үшін құрылтайдың маңыздылығын бағалайды;
3. Тәуелсіздікті сақтап қалуда қазақ халқынан бірлігінің құндылығына көз жеткізеді.

Сабақтың түрі: Түрлендірілген сабақ.

Сабақтың әдісі: СТО тірек сөздер стратегиясы, инсерт, үш жақты түсіндірмелі күнделік және РАФТ стратегияларын қолдану.

Сабақтың көрнекілігі: Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы. Алматы

1993 ж. кітабы, құрылтай күндеріндегі суреттер, Қазақстан Республикасының картасы, дүниежүзінің саяси картасы.

Оқушыларды сергіту үшін сабақты бастар алдында Нұрғожа Ораздың «Жұлдыздардай шашылған» деген өлеңінен мұғалім үзінді оқиды.

Ғарыштағы жарылыстан,
Жұлдыздардай шашылған,
Әрбіреуің секілдісін
Қалған сонау асылдан.

Әрбір елге
Бас ұрған,
Арамыздың
Алшақтығы
Асып кетті-ау ғасырдан.
Шалғайдағы қазақтығын
Күннен-күнге ауырлар.

Атамекен
Сені күткен
Тәуелсіздік туың бар.
Қарсы алатын,
Жар салатын,
Күтіп алар қауым бар.

Ардағымсың,
Өзге ұлтқа
Жұтылмаған

Бауырлар! — дей отырып, бүгін «Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы» деген тақырыпта ашық сабағымызды бастамақпыз (мұғалім сабақтың мақсаты, міндеті туралы айтып өтеді).

I. Қызығушылықты ояту.

Тірек сөздер стратегиясы бойынша оқушыларға интерактивтік тактаға мынадай сөздер жазылады. Тірек сөздер: құрылтай, маңызды, басын біріктіру, қазақтар, дүниежүзі, Қазақстанда.

Тірек сөздер стратегиясы бойынша оқушылар: 1. Оқиды; 2. Ойланады; 3. Жазады; 4. Айтады;

II. Мағынаны ашу.

1. Тақырып таңдау стратегиясы бойынша оқушылар тақырыпты таңдайды.
2. Тақырыбына байланысты мәтінді оқиды, айтады.

Инсерт стратегиясы бойынша кестені толтырады

V	+	-	?
Диаспора дегеніміздің не екенін, қазақ диаспораларының қандай мемлекеттерде тұратындығын, қандастарымыздың атамекеніне қайта оралып жатқанын, оған елімізде қолдау көрсетіліп отырғанын білемін.	Дүниежүзі қазақтарының құрылтайының үш рет болғанын, дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы және оның атқаратын қызметі туралы білдім.	Өзбекстан мен Түрікменстандағы қазақтардың еліне көшерде үй-жайларын сатуына 10 жылға дейін шектеу қойылатындығына келіспеймін. Шетелдік қазақ жастарына арнап жыл сайынғы мемлекеттік білім грантынан 2% орын бөлінгеніне келіспеймін. Себебі бұл — өте аз көрсеткіш.	Алдағы уақытта дүниежүзі қазақтарының IV құрылтайы шақырыла ма? Шет жердегі қандастарымыздың барлығы Қазақстанға көшіріліп әкеліне ме?

«V» — бұрыннан білемін.

«+» — мен үшін жаңалық.

«-» — бұл оймен келісе алмаймын.

«?» — тереңірек білгім келеді.

4. Үш жақты түсіндірмелі күнделік стратегиясы бойынша оқушылар: ойланады, жазады, айтады, сұрақ қояды.

Сұраққа өзге топ оқушылары жауап береді.

Не таңғалдырды?	Неліктен?	Сұрақ
Қандастарымыздың атамекеніне оралуы еліміздегі қазақтардың үлесін артырғандығы таңғалдырды.	Өйткені 1959 жылғы халық санағы бойынша қазақтар республикадағы тұрғындардың 29%-ын ғана құрады.	2009 жылғы халық санағы бойынша еліміздегі қазақтардың үлес салмағы қанша?

Патшалық Ресеймен де, КСРО-мен де шекара мәселесін түпкілікті шешпеген Қытайдың ҚР-мен шекараны анықтап, келісімге қол қоюы таңғалдырды.	Өйткені бұл келісім жасалған кезде Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялаған жас мемлекет еді.	Қазақстан мен Қытай арасындағы шекара мәселесі туралы келісімге қашан қол қойылды?
--	--	--

III. Ой -толғаныс.

РАФТ стратегиясы бойынша оқушылар: 1. Өзі тақырып талдайды;
2. Жазады; 3. Айтады.

РАФТ стратегиясы бойынша әр топқа берілетін тақырыптар:

- 1). Қандастарға хат;
- 2). Құрылтай мәселелері бойынша ұсыныстар;
- 3). Құрылтай қонақтарының қазақ жастарына тілегі;
- 4). Еуропа қазақтарының өтініші;
- 5). Шетел қазақтарының сұранысы.

Мысалы:

Р-роль;

А-аудитория;

Ф-форма;

Т-тақырып.

Р-9 «А» класс оқушылары;

А-Дүниежүзі қазақтары құрылтайына қатысушыларға;

Ф-хат;

Т- Дүниежүзі қазақтарының құрылтайында қауышу.

Қадірменді қауым!

Алыстан келген ағайын!

Дүниежүзі қазақтарының құрылтайына әлемнің 40 шақты елінде тұра-
нын 5 млн-дай қандастарымыздың атынан өкіл ретінде келіп жатырсыз-
дар. Қадамдарыңыз сәтті болсын! Сіздердің құрылтайда жасаған ұсыныс-
тарыңыз алдағы уақытта іске асады, орындалады деп сенеміз. Сіздерге
өзге елде жүрсеңіздер де, тіліміз бен салт-дәстүрімізді берік ұстағанда-
рыңыз, сақтағандарыңыз үшін айтар алғысымыз шексіз!

Игі тілекпен хат жолдаушы: 9 «А» класс оқушылары.

Бағалау. Оқушылар топпен және бірін-бірін бағалайды.

Үйге тапсырма. «Дүниежүзі қазақтарының құрылтайын алдағы уақытта да өткізудің қажеттілігі» деген тақырыпта шығарма жазу.

Дүниежүзі қазақтарының бірінші құрылтайы.

1991 жылы Елбасымыз Н.Назарбаев Түркияға ресми сапармен барғанда, дүниежүзі қазақтарының басқосуын өткізсек деген ойын тұңғыш рет ортаға салған еді. Бүкіл қазақтар қуана коштап, асыға күткен дүниежүзі қазақтарының тұңғыш, яғни бірінші құрылтайы 1992 жылы 28 қыркүйек пен 4 қазан аралығында Алматы қаласында болды. Құрылтай қарсаңында дүниежүзіндегі барлық қазақтардың саны 10 млн. 537 мыңға жетті. Оның 3,5 млн-ы әлемнің 40-тан астам елінде өмір сүрді. Құрылтайға әлемнің 13 елінен 800-ден астам дүниежүзі қазақтарының өкілдері қатысты. Онда Н.Назарбаев құттықтау сөз сөйлеп: « Біздің бүгінгі құрылтайымыздың басты маңызы мен мақсаты — бүкіл дүниежүзіне тарыдай шашырап кеткен қазақ халқының болашағы туралы ой бөлісу, қазіргі тарихи өтпелі кезеңге тап болған ұлттың тағдырына көз жіберіп, шолу жасау», — деді.

Құрылтайда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев және көрнекті акын, қоғам қайраткері О.Сүлейменов, Түркиядан келген діни ғалым Халифа Алтай, Ресейден келген қонақ Аман Төлеев т.б. сөз сөйледі. Елбасымыз Н.Назарбаев өз баяндамасында «Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің 1992 жылғы 26 маусымда қабылданған « Көшіп келу туралы» заң негізінде қандастарымыздың елге оралуына мүмкіндік жасалғанын айтты.

Бұл заңның негізгі мәнісі мынада:

* шетелде тұратын отандастар өздерінің атақонысы — Қазақстанға еркін көшіп келе алады;

* Қазақ мемлекеті республикаға қоныс аудару процесін реттейді және ұйымдастырады;

* Қазақ мемлекеті әрбір жылға көшіп келу мөлшерін белгілейді, онда көшіп келушілердің қайсы елдерден келетіні көрсетіліп, олардың мөлшері анықталады;

* Қазақ мемлекеті қоныс тебуге тиісті аймақтарды белгілейді, оларға барынша көмектеседі.

Құрылтайға қатысушылар тұңғыш рет Абылайды ақ киізге көтеріп,

хан сайлаған қасиетті мекен — Ұлытауға, яғни Жезқазған жеріне, Түркістан сияқты еліміздің ежелгі саяси, мәдени орталықтарында болып, ата жұртымен қауышты.

Дүниежүзі қазақтарының құрылтайына қатысушылардың Қазақстанның және дүниежүзінің басқа да халықтарына, мемлекеттеріне және олардың үкіметіне үндеуі жарияланды. Бұл үндеуде «жер жүзіндегі барлық ұлттар арасында бейбітшілік пен татулықты, өзара түсіністікті нығайтуға шақырамыз» делінді.

Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы

Дүниежүзі қазақтарының бірінші құрылтайында атқарылған ең маңызды іс — дүниежүзі қазақтарының қауымдастығының құрылуы болды. Құрылтай делегаттары қауымдастықтың төрағасы етіп, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевты сайлады.

Төралқа төрағасы болып Қ.Найманбаев сайланды. Ол бұл жұмысты қауымдастық дүниеге келген кезден бастап, қайтыс болғанға дейін — 2004 жылдың қыркүйегіне дейін атқарды. 2004 жылдың 13 қазанында Қазақстан Республикасының Президенті, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының төрағасы Н.Ә.Назарбаевтың шешімімен қауымдастықтың төралқа төрағасының қызметі Т.А.Мамашевқа жүктелді.

Қауымдастықтың негізгі міндеті — шетелде тұратын қазақтармен мәдени-рухани, оқу-білім және іскерлік бизнес салаларында байланыс жасау, сондай-ақ Отанына оралған қандастарға көмек көрсету. Оның ұйымдастыруымен Германияда, Швецияда, Түркияда, Ресейдің Алтай Республикасындағы Қосағаш ауданында кіші құрылтайлар өткізілді.

Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы шетелдегі қазақ диаспорасының мәдени-рухани саладағы бай мұраларын жинап, жарыққа шығарып келеді. Мысалы, Қытайдағы жазба әдебиеттің негізін салушылардың бірі, 80 жылдық ғұмырының тең жартысын абақтыда өткізген Қажығұмар Шабданұлының «Пана» романын, Танжарық Жолдыұлының туғанына 100 жыл толуына орай оның 2 томдық толық шығармалар жинағын, тарихшы ғалым З.Қиянатұлының «Монғолиядағы қазақтар», дін қайраткері Халифа Алтайдың «Алтайдан ауған ел» т.б. еңбектерін жарыққа шығарды. Сонымен бірге «Ата жұртқа жеткен ән» деген компакт-диск шығарылып, халыққа насихатталды. Бұл компакт-дискте Қытай, Монғолия жеріндегі қазақтар арасында кең тараған, бірақ Қазақстанда әлі күнге дейін белгісіз болып келген 21 ән жазылған. Қауымдастықтың жанынан «Алтын бесік» журналы, «Қазақ елі» газеті шығады. Қауымдас-

тықтың ұйымдастыруымен қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен тұңғыш рет бірінші халықаралық олимпиада 2004 жылы Астанада өтті. Оған сегіз мемлекетте тұратын қандастарымыздың 60 ұл-қызы катысты. Осындай екінші олимпиада 2005 жылы Көкшетауда өтті. Оған жеті мемлекеттен 54 ұл-қыз катысты. Жүлделі орынға ие болғандардың арасынан мектеп бітіргендері еліміздің жоғары оқу орындарына Білім және ғылым министрлігінің гранттарын алып, оқуға түсті. Қауымдастықтың дүниежүзінің 19 елінде бөлімшелері бар. Болашақта мұндай бөлімшелер қазақ диаспорасы бар елдердің бәрінде құрылмақ. Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығының өз еліміздің сегіз облысында бөлімшелері жұмыс істейді. Олар: Ақтөбе, Алматы, Атырау, Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан т.б облыстары.

Дүниежүзі қазақтарының II құрылтайы.

400-ге жуық адам қатысқан дүниежүзі қазақтарының II құрылтайы 2002 жылғы қазанның 23-24-інде Түркістан қаласында өтті. Құрылтайда бүгінгі күннің өзекті мәселелері көші-қон, қазақ жастарының тарихи Отанында білім алуы, Қазақстаннан тыс жерлердегі қазақ халқының тарихи ескерткіштерін қорғау т.б. мәселелер сөз болды. Қазақстан Республикасының Президенті, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының төрағасы Н.Назарбаев сөз сөйлеп, онда ол: «40-тан астам шетелдерде тұратын қазақтардың саны бес млн-нан асты. Қазіргі кезде дүниежүзіндегі қазақтардың ауызекі сөйлеуінде ешқандай айырмашылық жоқ. Дегенмен жазу мәселесіндегі жағдай мүлде басқаша», — деді.

Бүгінде бір елде тұратын қазақ екінші бір елде тұратын қазақтың жазуын түсінбейтін жағдай қалыптасып отыр. Мысалы, Қытайдағы қазақтар араб әліпбиіне негізделген төте жазуды пайдаланады. Қазақстанда, Ресейде, Моңғолияда тұратын қазақтар кириллицамен жазады. Түркия мен Еуропа қазақтары латын әліпбиімен сауат ашқан. Ал Өзбекстан мен Түрікменстан латын әліпбиіне көше бастады.

Бұл құрылтайда Елбасы Н.Назарбаев: «Қазақстан өз тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында бірінші қолға алған ісі — шекара мәселесі болды. Ең алдымен, 1994 жылы 26 сәуірде Қытай Халық Республикасымен шекарамызды анықтап, келісімге қол қойылды. Қытай патшалық Ресеймен де, КСРО-мен де шекара мәселесін түпкілікті шешкен емес еді. Ал Қазақстан мен Қытай шекара мәселесін шешті», — деп мақтанышпен айтып өтті. Одан кейін шекара мәселесі Өзбекстан, Қырғызтан (2001 ж.), Түрікменстан (2002 ж.) мемлекеттерімен шешілді. 500-ден астам қазақ

мектептері бар, 1,5 млн-нан астам казак тұратын Өзбекстан мемлекеті мен Қазақстан арасында мәңгілік достық туралы келісімшартқа екі ел басшыларының қолы қойылғандығы құрылтайда айтылды.

II құрылтайда оралмандардың елге оралу мәселесі бойынша көші-қон квотасының мөлшерін ұлғайту жоспары карастырылды:

2003 жылы — 500 отбасы;

2004 жылы — 10000 отбасы;

2005 жылы — 15000 отбасы, жылына 50-60 мың оралман көшіп келеді.

Ал квота 1993 жылдан бастап бөлініп келеді. 1993 жылы — 10000 отбасына, 2000 ж. 600 отбасыға квота бөлінді. Квота бойынша келгендер үй-жаймен қамтамасыз етілді. Көшіп келуге жұмсалған жол шығыны өтелетіндігі, квотасыз өз каражатымен де көшіп келушілерді де қабылдайтындығы айтылды.

Дүниежүзі казактарының III құрылтайы.

Дүниежүзі казактарының III құрылтайы 2005 жылы 28-29 қыркүйекте Астана қаласында болып өтті. Әлемнің 32 елінен 300-дей қандастарымыз келді. Олар Астананың көрікті жерлерін аралап, жастар саябағында болып, құрылтайға өздерінің қанша елден келгенін білдіру белгісін айғақтайтын 32 ағаш көшетін отырғызды.

Дүниежүзі казактарының III құрылтайында төрт мәселе талқыланды. Олар:

- 1). Қазақ диаспорасы және мәдениет-ақпарат саласындағы байланыстар;
- 2). Қазақ диаспорасы және көші-қон мәселелері;
- 3). Шетел казактарының Қазақстанда оқып, білім алу мәселелері;
- 4). Қазақ диаспорасы және іскерлік бизнес мәселелері.

Құрылтайда шетелдік казак жастарына арнап, жыл сайынғы мемлекеттік білім грантынан екі пайыздық орын бөлініп, дайындық бөлімдері ашылғандығы айтылды.

Дүниежүзі казактарының III құрылтайда жасаған баяндамасында Елбасы Н.Назарбаев: «Дүниежүзінде үш мемлекет қана сырттағы қандастарын еліне шақырып, жағдайын жасап отыр. Олар — Германия, Израиль, Қазақстан мемлекеттері. Әлемдегі әрбір үшінші казак шетелдерде тұрады. Сондықтан олардың барлығын бір мезгілде туған Отанына көшіруге мүмкіндік жоқ», — дей отырып, казактардың басым бөлігі тұратын елдермен мәңгілік достық туралы халықаралық келісімге қол қойылғанын айтты. Бұл елдер — 1 млн 700 мыңнан астам казактар тұратын Қытай

Республикасы, 1 млн 500 мың-дай қазақ тұратын Өзбекстан, 1 млн-ға жуық қазақтар тұратын Ресей елі. Сонымен бірге Ресеймен шекара туралы 13 жыл жүргізілген келіссөз нәтижелі аяқталып, оған 2005 жылы қол қойылды. Енді Қазақстанның алты облысын Ресейге қосу туралы өңгіменің доғарылғандығы туралы құрылтайда айтылды.

2004 жылы қабылданған «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша қазақ жеріндегі тарихи, мәдени ескерткіштер қайта қалпына келтіріліп, Ресей, Қытай, Моңғолия, Иран, Түркия және араб елдері мұрағаттарындағы қазақ тарихына қатысты деректер жиналып, жариялана бастады. Енді осы елдерде тұратын қандастарымыздың әдеби және музыкалық мұрасын зерттеп, жарыққа шығару және бұл жұмыстарға шетелдегі қазақ ғалымдарын тарту туралы құрылтайда айтылды.

Құрылтайда қонақтар түрлі ұсыныстар жасады. Мысалы, Ираннан келген Жаппарбай Шатқанның айтуынша, Иранда 4,5 мыңдай қазақ тұрса да, өздерінің мәдени орталықтарын құра алмай отыр. Ол осыған көмектесуді сұрады. Ал Стамбул университетінің оқытушысы Әбдіуахаб Қара Қазақстаннан Түркияға білім алуға барған қазақ жастарына және ондағы қандастарымыз оқи алатындай университет ашу туралы өтініш жасады. Мұндай өтініштерді Қырғызстан мен Ресейден келген қонақтар да айтты.

Отанына оралған қандастар

1991 жылы Қазақстан тәуелсіздігін жариялағаннан кейін кезінде түрлі себептермен шетелдерге кетуге мәжбүр болған қазақтардың ұрпағы туған Отанына орала бастады. Шетелдегі қазақтардың туған Отанына оралуы тәуелсіздігімізді алғанға дейін екі кезеңде өтті. Бірінші кезеңде 1931-1933 жылдардағы ашаршылықтан Адай округінен көшіп кеткен 5000-дай Красноводск қазақтары қайтып орала бастады. Екінші кезеңде 1956-1962 жылдары Кеңес Одағы тұсында кезінде түрлі себептермен Қытайға өтіп кеткен қазақтар туған жеріне орала бастады.

XX ғасырдың 90-жылдарының басында қазақтардың тарихи Отанына оралу мәселесі Үкімет деңгейінде шешіле бастады. Бұл мәселені күрделілігіне орай, мемлекет қазақтардың шетелдерден оралуын біртіндеп жүзеге асыру бағдарламасын дұрыс көрді. 1991 жылы Моңғолиядан алғашқы көш келді.

Қазақстан Республикасының 1992 «Көші-қон туралы» заңы қабылданды. Бұл заңда оралмандарды тұрғын үймен қамтамасыз ету, тұрғын үй сатып алу үшін ұзақ мерзімге несие беру мәселелері көрсетілген. Алайда

жылда Үкімет тарапынан квота бөлінетін қаржының жетіспеуінен бұл мәселелер әлі де толық шешілген деп айту қиын. Қаржы тапшылығы мен тұрғын үй қорының жеткіліксіздігінен, азаматтық алу тәртібі мен тіл мәселесіне байланысты кедергілер және жұмыссыздыққа байланысты қиындықтар кездеседі.

Көші-кон барысында кеденнен қандастарымыз дүние-мүлкін алып өтуде қиындыққа кезігеді. Кеден салықтарының жоғарылығынан олар бүкіл мал-мүліктерін кеденнен өткізе алмайды. Сондай-ақ Түрікменстан мен Өзбекстанда үй-жайларды сатуға 10 жылға дейін шектеу қойылған. Сондықтан оларға жекеменшік үйлерін тастап кетуіне тура келеді.

Отанына оралған қандастарымызды шыққан елдеріне қарай екі топқа бөлуге болады: алыс шетелдерден және бұрынғы Кеңес Одағы республикаларынан, яғни таяу шетелдерден келген қазақтар.

1991-1995 жылдары 137 919 қандасымыз көшіп келді, олардың 50,6 пайызы — таяу шетелдерден, ал 49,4 пайызы алыс шетелдерден көшіп келді.

Шеттегі қандастарымыздың өз Отанына оралуы республикамызда қазақтардың санын арттыруға үлес қосты. Еліміздегі қазақтар 1939 жылдан кейін өз Отанында көпшілікке айналып, 1999 жылы қазақтар республикамыздағы барлық халықтың 53,4%-ы жетті. 1989 жылы халық санағы бойынша республикада қазақтар 39,7% болған еді. 2009 жылғы санақ бойынша Қазақстандағы қазақтар саны 63%-ды құрады.

Оралман мәселесі. 1995 жылы Қазақстан Республикасында тұратын «Шетел азаматтарының құқықтары туралы» заң шықты. Бұл заңда шетел азаматы Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын болса, оның құқығы Қазақстан азаматтарының құқығымен бірдей болады деп жазылған. Олар сайлауда дауыс беру құқығына ие емес. Қазақстанда қос азаматтыққа жол берілмейді, ол келген елінің азаматтығынан шығуда айтарлықтай занды түрде күрделендірілген, әсіресе Моңғолия азаматтығынан шығу өте қиын. Бұл Моңғолиядағы қазақтардың атамекеніне оралу үдерісін(процесін) қиындата түсуде. 2005 жылы болған Дүниежүзі қазақтарының III құрылтайында А.Айталы: «1991-2005 жылдары аралығында елімізге 600 мыңдай қандасымыз оралды», — дейді.

Ә.ЖҮНІСОВА,

С. Бекбосынов атындағы мектептің тарих пәні мұғалімі,

Б.КҮМІСХАНОВА,

11-сынып оқушысы.

Архат ауылы,

Абай ауданы,

Шығыс Қазақстан облысы.

«Тәуелсіз елдің білімді ұрпақтары» танымдық-отбасылық сайысы

Сайыстың мақсаты: Қазақстан елі бойынша жинақтаған білімдерін, танымдық қабілеттерін арттыру. Сайыскерлердің ойлау, сөйлеу дағдысын дамыту, өз ойын жеткізе білуге, ізденуге қалыптастыру. Туған жерін, Отанын қастерлеп, сүюге тәрбиелеу.

Сайыстың ұраны: «Халықтың кемеліне келіп, өркендеуі үшін алдымен азаттық пен білім қажет». Ш.Уәлиханов.

Көрнекіліктері: Слайдтар, кинофильм, күй дисктері.

Пәнаралық байланыс: Қазақстан тарихы, музыка, спорт.

Өтетін орны: Мультимедия кабинеті.

Сайыстың жүру барысы:

Жүргізуші: Тәуелсіздік — қасиетті ұғым, сәулелі құбылыс. Сандаған ғасырлар мен замандар бойы бабаларымыздың асыл арманы болған. Тәуелсіздік ақ қанатты періште сипатында халқымыздың басына бақ болып қонды. 1995 жылы 13 шілде күні ҚР Президенті Алматы қаласында Тәуелсіздік монументін орнату туралы қаулы қабылдады. Осы монументтің автолар тобының жетекшісі — Шот-Аман Ыдырысұлы Уәлихан. Тәуелсіздік монументі Алматы қаласындағы Республика алаңында Қ.Сәтбаев пен К.Байсейітова көшелерінің қиылысатын жерінде орналасқан. Монумент орналасқан ауданның ұзындығы 180 шақырым жерді қамтиды. Манғыстаудың бедерлі құлпытастарға ұқсас оюлы Сынтасы. Осы Сынтас үстінде бойы алты метрлік қанатты барысқа мінген «Алтын адамның» мүсіні тұр. Бұл көркем бейне ойдан алынбаған, негізінен, Есік қорғанынан табылған атақты «Алтын адам» сипаты пайдаланылған. Үстіндегі сәнді, салтанатты дүниежүзілік дәрежедегі өнерлік туындыға жататын зергерлік бұйымдарға қарағанда, бұл өзі ханзада болса керек. Ол патшаның баласы болса, онда оның әкесі билеген патшалық болғаны да даусыз. Осы тұста «Мен — қазақпын, мың өліп, мың тірілген» деген ақын Жұбан Молдағалиевтің өлең жолдары еріксіз ойға оралады. Сынтастың түбінде төрт жағында мүсіндер тобы орналасқан. Олар: ақыл-ой иесі — Абыз, Жер-Ана, тайға мінген қыз бала мен ұл бала. Төмендегі мүсіндердің төртеу болуы да тегін емес. Қазақ шартарапты —

дүниенің төрт бұрышы, ол түгел болса жақсылық және береке табады дейді. «Төртеу түгел болса төбедегі келеді» деуі содан. Тайға мінген балалар жана құрылып жатқан тәуелсіз мемлекеттің нышанындай. Олардың келешегі-алда, «біз көлденеңнен қосылған көк дөнен» емеспіз, адамзат өркениетіндегі игілікті істерге ат салысамыз, сайысқа түсеміз» деген ойды білдіреді. Батыр ханзаданың бас киімінің төжі, кеудесіндегі қалқан, белбеу, барыстың қанатына алтын жалатылған.

Егер Тәуелсіздікті ақ сұңқар құсқа теңесек, канаттыға қақтырмай, түмсықтыға шоқтырмай, мәпелеп-әлпештеп, құрметтеп ардақтайық! Бәйтеректей асқақтап, аспан құшағына өршелене құлшынып өссін, Отанымыз көркейсін!

Сайысқа қатысушы топтармен таныстыру:

Жолмағанбетовтер жанұясы;

Алашхановтар отбасы;

Амангелдиндер отбасы;

Қабыкеновтер отбасы;

Әділ-қазылар алқасын сайлау:

1. _____

2. _____

Бағалау парағы беріледі. Әр топтың жеке таныстыруы.

Сайыс шарттарымен таныстыру:

1. Әріптер сөйлейді;

2. Ұлттық салт-дәстүр;

3. Сандар сыры;

4. Қазақстан мәдениеті;

5. Шығармашылық жұмыс.

Алғашқы бөлім — «Әріптер сөйлейді». Бұл бөлімде экраннан әріптер көрсетіледі. Әріпті тандағаннан кейін сұрақ қойылады, ал жауап сол әріптен басталады немесе жауаптың ішінде тандаған әріп кездеседі.

А — Еліміздің оңтүстік астанасы

(Алматы);

Ә — Абылай ханның шын есімі
(Әбілмансұр);

Б — Астана қаласының символы
(Бәйтерек);

В — 1993 жылы 15 қарашада болған тарихи оқиға (Валюта енгізілді);

Г — Тарихтың атасы (Герадот);

Ғ — Нұрсұлтан Назарбаевқа берілген атақ (Ғасыр адамы);

Д — Алла тарапынан берілген өмір, міндет пен тыйымдардың жиынтығы (Дін);

Е — «Алтын адам» қайдан табылды? (Есік қаласының маңынан);

А	Ә	Б	В	Г	Ғ
Д	Е	Ж	З	И	
Й	К	Қ	Л	М	Н
Ң	О	Ө	П	Р	С
Т	У	Ұ	Ү	Ф	Х
Ъ	Ц	Ч	Ш	Щ	Ъ
Ы	І	Ь	Э	Ю	Я

- Ё — Мемлекеттік рәміздер қашан бекітілді? (1992 ж. 4 маусым);
- Ж — «Мен қазақпын» поэмасын жазған адам (Ж. Молдағалиев);
- З — Сиырдың пірі (Зеңгі баба);
- И — Елбасымыздың мамандығы (инженер-металлург);
- Й — «Алаш» сыйлығын алған жазушы, кажы. (Халифа Алтай);
- К — Қазақтың соңғы ханы (Кенесары);
- Қ — Ж. Баласағұнның XI ғ жазған еңбегі (Құтты Білік);
- Л — 1959 ж. М. Әуезовке «Абай жолы» роман-эпопеясы үшін берілген сыйлық (Лениндік сыйлық);
- М — ҚР Мәдениет және ақпарат министрі (Мұхтар Құл-Мұхамед Абрарұлы);
- Н — Күйші-сазгер, дирижер, домбырашы (Н.Тілендиев);
- Ң — 1993 ж. белгіленген ҚРҚК әскері құрымының жоғарғы офицерлері, ҰҚК, П, прокуратура т.б органдар басшыларына берілетін орден. («Даңқ» ордені);
- О — Қазақстанның бұрынғы астанасы (Орынбор);
- Ө — Қазақстандағы түсті металлургияның орталығы (Өскемен);
- П — Жоғарғы заң шығарушы орган (Парламент);
- Р — 1995 жылы «Әлемнің әйгілі әйелдері» деген энциклопедияға енген адам (Р.Бағланова);
- С — Сүтке араластырып желінетін тарыдан жасалған қазақтың ертеден келе жатқан тағамы (Сөк);
- Т — Қазақстанды алғаш тәуелсіз деп таныған ел (Түркия);
- У — Малдың төлдегеннен кейінгі алғашқы сүті (Уыз);
- Ұ — 1999 ж. Қазақстанда қандай жыл болып жарияланды? (Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жыл);
- Ү — Жыл мезгілдерін қазақтар қандай жұлдызға байланысты білген? (Үркер);
- Ф — «Екінші ұстаз» атанған ғұлама (Фараби);
- Х — 2009 ж. 25 ақпан мен 6 наурыз аралығында Қазақстанда болған оқиға (Халық санағы);
- Һ — Қазақстан Республикасына сіңген еңбегі үшін, оның тәуелсіздігі жолында күресі үшін берілетін орден (Халық Қаһарманы);
- Ц — Астана қаласының бұрынғы атауы (Целиноград);
- Ч — Қазақтың жазба әдебиетінің негізін салушы ұлы акын (Абай);
- Ш — Аса көрнекті сазгер, өн жанрының майталманы (Ш.Қалдаяқов);
- Щ — Биыл тәуелсіздікке неше жыл? (18 жыл);
- Ъ — «Семей полигоны» атты кітаптың авторы? (К. Бозтаев);
- Ы — Қазақтан шыққан кескіндемеші қыз? (Г. Ысмаилова);
- І — «Көшпенділер» трилогиясының авторы? (І. Есенберлин);
- Ь — Қазақстанның ең биік тауы? (Тянь-Шань);
- Э — Халықтардың әдет-ғұрып, салт-дәстүрін зерттейтін ғылым (Этнография);
- Ю — Халқымыздың қолданбалы өнерінен жеткен табыстарының бірі (Ою);

Я — Кеңес Одағы Батыры атағын алған казак қызы (Әлия);

Келесі бөлім «Ұлттық салт-дәстүр». Бұл бөлімде әр топ экранда көрсетіліп тұрған тақырыптардың біреуін тандап, соны қорғайды.



Үшінші бөлім — «Сандар сыры»

Бұл бөлімде әр топ бір сан тандайды. Сұрақ сол сандардың қасиеттеріне байланысты болады. Әр топқа бес сұрақтан қойылады.

3 саны.

- * Үш дананы атаңыз (Абай, Шокан, Ыбырай);
- * Үш байлық (денсаулық, ақ жаулық, он саулық);
- * Үш тұл (қайратсыз ашу, тұрлаусыз ғашық, шәкіртсіз ғалым);
- * Үш алыс (көк пен жер арасы, кәрі мен жас арасы, жақсы мен жаман арасы);

- * Үш қадірлі (бақ, ырыс, дәулет);

4 саны.

- * Төрт тұлға (от, су, жер, жел);
- * Төрт маусым (қыс, көктем, жаз, күз);
- * Төрт періште (Жәбірейіл, Әзірейіл, Мекайіл, Исрафил);
- * Төрт мұрат (дау мұраты — біту, сауда мұраты — ұту, жол мұраты — жету, қыз мұраты — кету);

- * Төрт кітап (Зәбүр, Тәурат, Інжіл, Құран);

5 саны.

- * Бес парыз (иман, намаз, ораза, зекет, қажылық);
- * Бес қару (садақ, мылтық, найза, қылыш, айбалта);
- * Бес намаз (таң, бесін, екінді, ақшам, құптан);
- * Бес жаратылыс (күн, ай, жұлдыз, күндіз, түн);
- * Бес өсиет (топасқа сенбе, жауға иілме, әрқашан сақ жүр, аш үйге қонба, жарлыдан сый алма);

7 саны

- * Жеті күн (дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі);
- * Жеті ата (бала, әке, ата, арғы ата, баба, ту ата, тек ата);
- * Жеті қазына (ер жігіт, сұлу әйел, ілім-білім, жүйрік ат, қыран бүркіт, берен мылтық, тазы);
- * Жеті жұт (зілзала, жұт, оба, соғыс, өрт, топан су, құрғақшылық);

* Жеті жок (аллада бауыр, аспанда тіреуіш, жерде өлшеуіш, таста тамыр, тасбақада талақ, аккуда сүт, жылқыда өт);

Ғылым	10	20	30
Өнер	10	20	30
Спорт	10	20	30
Кино	10	20	30

Төртінші бөлім: «Қазақстан мәдениеті»

Мәдениетіміздің салалары бойынша сұрақтар беріледі. Сұрақтар қиындылығына байланысты 10, 20, 30 балдарымен бағаланады. Сұрақтар суретті слайдтар арқылы көрсетіледі.

Ғылым

10 — Қ.Сәтбаев — қазақ геологы, қоғам қайраткері, Қазақ КСР ҒА

тұңғыш президенті, академигі;

20 — А.Жұмаділдаев — физика-математика ғылымдарының докторы, профессор;

30 — Н.Назарбаев — экономика ғылымдарының докторы.

Өнер

10 — Ш.Айманов — әйгілі актер, режиссер;

20 — Кұрманғазының күйі «Адай»;

30 — Ә.Қастеев — тұңғыш суретші.

Спорт

10 — Б.Сәрсекбаев — Бейжің Олимпиадасының алтан медаль иегері;

20 — Б.Саттарханов — Сидней Олимпиадасының алтан медаль иегері;

30 — Б.Тұрлыханов — грек-рим күресінен Әлем, Еуропа және Азия чемпионы.

Кино

10 — «Ағайынды» режиссері: Ақан Сатаев;

20 — «Қыз Жібек» режиссері: С.Қожықов;

30 — «Мұстафа Шоқай» режиссері: С.Нарымбетов.

Соңғы бөлім **«Шығармашылық жұмыс»**. Тәуелсіздік мерекесіне байланысты компьютерді пайдаланып, құттықтау дайындау.

Соңғы қорытынды сөз — әділқазыларда.

Сайысты қорытындылау. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай!

Пайдаланылған әдебиеттер:

С.Кенжеахметұлы, «Жеті қазына», «Алматы» 2000 жыл.

«Тарихи тұлғалар» кітабы.

«Жұлдыздар отбасы» республикалық жастар журналы №19 (113) қазан 2008, №3 (44) ақпан 2009, №11 (52) маусым 2009, №20 (61) қазан 2009, №21 (62) қараша 2009.

«Stars» журналы, №1-2 (14-15) қаңтар, 2008.

«Япырай» журналы, №11 (12) желтоқсан, 2008.

ЖДОСҚОЖА,
«Октябрь-Жеміс» мектебінің
тарих пәні мұғалімі.
Жамбыл ауданы,
Жамбыл облысы.

«Құтты білік» интеллектуалды ойын

Ойынды жүргізетін 11-сынып оқушылары:

Мақсаты: Екі сыныпты жарыстыра отырып, 5-6 сыныпта Қазақстан тарихынан өткен материалдарын қайталату, тарих пәніне деген қызығушылығын арттыру, оқушылардың дүниетанымын кеңейту, еркін сөйлеуге, еркін ойлауға, өздігінен және топпен жұмыс жасата отырып, бәсекеге қабілетті білімді, мәдениетті азамат етіп шығару.

Көрнекілік: Тақтаға үлкен етіліп іс-шараның тақырыбы «Құтты білік» деп жазылады. Гүл шоқтарымен т.б. музыкамен безендіріледі. Компьютер мен слайдтар дайындау.

Барысы: Ұйымдастыру кезеңі.

«Тарих рецептімен жасалмайды. Оқиғаларды бағалағанда біз нақты тарихи жағдайларға, қолдағы бар мәліметтерге сүйенуіміз керек. Не нәрсенің де мәнін түсінуге бастайтын кілт — сол», — деп Ермұхан Бекмаханов ағамыз айтқандай, сіздер «Құтты білік» атты интеллектуалды білім сайысына келдіңіздер, ассалаумағалейкүм!

Бұл білім сайысына 5 және 6 сынып оқушылары қатысқалы отыр. Олар өздерінің білімдерін ортаға салмақшы.

Ойынымызға әділқазылық ететіндер: 11-сынып оқушылары.

Ойынның бағдарламасымен таныстырып өтейік.

1. Топты таныстыру;
2. «Тарих әлемі» (40 сұрақ);
3. Тарихи көрініс;
4. «Соңғы әріп» (ойын);
5. «Тарихқа саяхат» (40 сұрақ);
6. Қарсыластың сұрағы (қарсыластар бір-бірлеріне бес сұрақтан қояды);
7. «Эрудит» (әділқазылар алқасының сұрағы);
8. Бейнекөрініс;
9. Ақ тілек;
10. «Супер-ойын».

*** Ал ойынға қатысушыларға қойылатын алғашқы сұрақ?**

1. Қандай әсерде отырсыздар?

2. Ойынның «Құтты білік» деп аталуы себебі неде?

3. «Санжар» және «Ермұхан» деген атты өздеріңіз қойдыңыздар ма, қойсаңыздар не үшін?

4. Жарысқа дайындықтарыңыз қалай?

*** «Құтты білік» дастанын дайындауға 30 жылын арнап, бір жарым жылда жазып шыққан (1069 ж.). Дастанда өмір сүрген ортаның шындығы, әлеуметтік топтың қоғамдық түсінігі мен саяси тұжырымы берілген. «Бақытты болудың негізі — білім» деп түйіндейді. Ж.Баласағұни ХІ ғ.**

I бөлім. «Топты таныстыру» (топ жетекшісі өз тобын толығымен таныстырып өтеді. Максаттары, қызығушылықтары, ұстанымдары айтылуы тиіс);

II бөлім «Тарих әлемі» (Бұл бөлімде «Ермұхан» тобына — 20 сұрақ, «Санжар» тобына 20 сұрақтан қойылады).

«Ермұхан» тобына:

1. «Тарих» сөзін алғаш кімдер қолданды? (арабтар);

2. «Этнос» дегеніміз не? (белгілі бір аумақта тұратын, тілі мен ділі, шығу тегі ортақ ұлт);

3. «Карта» деген сөздің немісше, грекше мағыналары? (н. «түпнұсқа», г. «жазу папирусы»);

4. Меридианалды — бойлық қай жерлерді байланыстырып жатқан жол? (Солтүстік пен оңтүстік аралығы);

5. Дүниежүзінде қаншалықты этнос бар деп есептеледі? (3000-дай);

6. Тың игеру жылдары қанша басқа ұлт өкілдері Қазақстанға көшіп келді? (2 млн);

7. Қазақ халқының арғы атасы — ежелгі түріктер V-IX ғасырларда қандай жазуды пайдаланған? (руна);

8. Сактардың түсінігінше әлем үш құрылымнан тұрады. Олар қандай құрылымдар? (төменгі — жер асты әлемі, орта — жер үсті әлемі, жоғары — аспан әлемі);

9. Қазақстанның ірі өзендерін ата? (Ертіс, Есіл, Тобыл, Жайық, Жем, Сырдария);

10. Түркістан — қазақ жеріндегі ең көне қалалардың бірі. Оның тарихы ең кемінде қанша жыл? (1500);

11. Қазақ жерін географиялық тұрғыдан зерттеу, сызба карталарға түсіру, қай ғасырдан бастап дами түсті? (XIX ғ.);

12. Циклдік есепке түсініктеме бер? (циклдік есеп-тарихи оқиғалар, ұлы тұлғалардың өмір сүрген кезінен бастап есептелетін жыл санау жүйесі);

13. Тарихтың қайнар көзі неде? (деректер);

14. Өзіміз жазып жүрген кирилл әліппеміз қай жылы қолданысқа енгізілді? (1940 ж.);

15. «Археология» дегеніміз не? (адамзаттың өткен тарихын заттай деректер арқылы зерттейтін ғылым);

16. Қазақстан тәуілсіздік алғаннан кейін біз көрші елдермен шекарамызды нақты белгілеуге кірістік. Қай жылы Ресеймен Қазақстан арасында шекараны бекіту туралы шартқа қол қойылды? (2005 жыл. Қаңтар);

17. Қазақстан жерінің көп бөлігі — шөлейт немесе шөл дала. Жалпы аумағының қанша пайызын таулар алады? (10%);

18. Қазақстан Республикасы қанша облыстан тұрады? (14);

19. Қазақта кеңістікті қалай атаған? (шартарап);

20. Бір мүшелде қанша жыл бар? (12).

«Санжар» тобына:

1. Қазақстан тарихы қанша кезеңге бөлінеді? (4);

2. Ежелгі грек тарихшысы Геродоттың өмір сүрген жылдары? (б.з.б. 484-425 жж.);

3. «Антропология» дегеніміз не? (адам қаңқасын зерттеу арқылы адамның дене бітімін, сипатын анықтайтын тарихтың бір саласы);

4. Тасқа, қысқа жазылған сурет жазулардың атауы? (пиктография);

5. Қарағанды қаласының негізі қашан қаланды? (1934 ж.);

6. Шежірешілер дегеніміз кімдер? (сонау ежелгі дүниеде тарихи әңгімелерді есіне сақтап, елге айтып отыратын адамдар);

7. Қазақ халқының этнографиялық өмірі жайлы құнды еңбектер жазып қалдырған әйгілі ғұламалар? (Шоқан мен Әлекей Марғұлан);

8. Қазіргі біз қолданып жүрген әріптерді ойлап табушылар кімдер? (гректер);

9. «Хижра» жыл санау үлгісіне түсініктеме бер? (Мұхаммед пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) Мекке қаласынан Мединеге қоныс аударған кезде басталатын ислам дінінің жыл санау үлгісі);

10. Қай ғасырда Италия, Голландия елдерінде карта жасау ісі жолға қойылды? (16-17 ғғ.);

11. «Топонимика» дегеніміз не? (жер-су аттарының шығуын, дамуын, жазылуын зерттейді);

12. Жазбаша тарихты тұңғыш рет қағаз бетіне түсіргендер? (жылнамашылар);

13. Семей атауы қай ұлттың сөзінен шыққан? (орыстың «семь палат» сөзінен шыққан);

14. «Дияспора» сөзіне түсініктеме бер? (өз елінен тыс жерде өмір сүретін этностық топ);

15. Көне замандардан бері жинақталған аса құнды жазба құжаттар, қолжазбалар сақталатын орынды не деп атайды? (мұрағат);

16. 1921-1993 жылдар аралығында орысша Алма-Ата деп аталып келді. Қай жылы Алматы атына ие болды? (1993 ж.);

17. Көкшетаудың ең биік шыңы – Көкше. Оның биіктігі қанша метр? (947);

18. Қазақстанда бауырмен жорғалаушылардың саны қанша? (49);

19. Ең алғаш қағазды ойлап тапқан кімдер? (қытайлар);

20. Б.з.б. 150 жыл мен б.з. 150 жылының арасы қанша уақыт? (300 жыл).

III бөлім «Тарихи көрініс» (екі топ сергіту сәті есебінде кез келген тарихи көріністі қояды. Көріністің маңыздылығы, құндылығы, оқушылардың әртістік қабілеттері ескерілуі тиіс).

IV бөлім «Соңғы әріп» (оқушыларға қойылған тарихи сөздің соңғы әріпінен тарихқа қатысты сөз айтылуы тиіс. Топтар кезекпе-кезек айтады).

V бөлім «Тарихқа саяхат» (Бұл бөлімде екі топқа жалпылама 40 сұрақ қойылады).

1. Сақ қоғамы неге табынған? (аруактарға, отқа, жылқы мен күнге табынған);

2. Абайдың анасы? (Ұлжан);

3. Қай ғасырларда Еуропада қалыптасқан ғылыми түсінік бойынша адам маймылдан жаратылды деп есептелген? (XVIII-XIX ғғ.);

4. Алғашқы адамдар осыдан 3 млн. жыл бұрын қай жерлерде өмір сүрген? (Азия мен Африка);

5. Қатты тастан жасалған кескіш құрал ғылымда не деп аталған? (чоппер);

6. Неолиттің басты жаңалығы қандай? (балшықтан ыдыс жасау және егіншілік пен мал шаруашылығы пайда болды);

7. Қола дәуірінің кезеңі? (б.з.б. 2-1 мыңжылдық);

8. Томирис патшайым шамамен қаншасыншы жылдары өмір сүрген? (б.з.б. 570-520 ж.);

9. «Алтын киімді» адамның мүрдесін 1969 жылы Жетісу жеріндегі Есік қорғанынан тапқан археологты ата? (К.Ақышев);

10. Ғұндардың билеушісі қандай атакқа ие болды? (шаньюй);

11. Ескі сына жазуларда түріктер өздерін қалай атаған? (он ок будун);

12. Ежелгі түріктер қай ғасырларда өзіне ғана тән алфавиттік жүйесі мен жазу емлесі бар руна жазуын дүниеге әкелді? (V-VI ғғ.);

13. Әл-Фарабидің толық ата? (Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед Узлах Тархани);

14. «Этноним» терминіне түсініктеме бер? (ру, тайпа, ел, халық, ұлт аттары);

15. Сығанақ қаласы қай жерде орналасқан? (Оңтүстік Қазақстан, Сыр-дария бойы);

16. Әл-Фараби түрлі ғылым салаларынан қаншаға жуық еңбектер жа-зып қалдырды? (150-ге тарта);

17. 1740 жылы Малайсарымен және басқаларымен бірге 90 биді бастап Жоңғар хандығына барып, Абылай ханды босатып әкелген қай би? (Қазы-бек би);

18. Абылай ханның билік еткен жылдары? (1771-1781 жж.);

19. Қазақ атауы қандай мағына береді? («бостандық сүйгіш», «ержүрек», «еркін адамдар» дегенді білдіреді);

20. «Қазақ» термині қай ғасырлардан бастап толық орнықты? (XV-XVIII ғғ.);

21. Қайыр хан шамамен 1165-1220 жылдары өмір сүрген.

Қай қаланың билеушісі? (Отырар);

22. Ортағасырлық қалалар қанша бөліктен тұрады және оларды ата? (үш бөліктен: цитадель, шахристан, рабат);

23. Ел басқаратын ханның жеке шаруашылығын жүргізетін, малын баға-тын адамдарды қалай атаған? (төлеңгіт);

24. Қазақ хандығының іргесін қалаған қазақтың алғашқы хандары? (Ке-рей мен Жәнібек);

25. Наурызбай қай жүздің руынан шыққан? (Ұлы жүздің шапырашты руынан);

26. Қай жылы Ыбырай Алтынсарин Торғай облысындағы мектептердің инспекторлығына тағайындалды? (1879);

27. Абылай ханның шын есімі? (Әбілмансұр);

28. Түріктер өздеріне бағынышты соғдылықтарды қалай атады? (тат);

29. Қазақстанның Ресей империясына бодан болуы қай жылдан бастал-ды? (1731);

30. «Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов шығыстану ғылымында аққан жұлдыздай жарқ етті де жок болды», — деп айтқан кім? (Н.И.Веселовский);

31. Ы.Алтынсаринның өмір сүрген жылдары? (1841-1889);

32. Исатайдың дүниеге келген жері? (Қазіргі Атырау облысының Иса-тай ауданындағы «Тайман жолы»);

33. Жас кезінде «Сабалақ» атанған хан? (Абылай);

34. Қазақстанда ғана емес Орта Азия халықтарының Аристотельден кейінгі екінші ұстазы, ойшылы, ғалымы? (әл-Фараби);

35. Абай орыстың қай ақынының шығармасына арнап өлең шығарды? (Пушкин);

36. Шоканның Сібір кадет корпусына оқуға түскен жылы? (1847);

37. Түрік қағанаты қай жылы құрылды? (552);

38. 1718 жылы Тәуке хан қайтыс болғаннан кейін оның орнына келген кім болды? (мирасқоры Қайып хан);

39. Ұлы Жібек жолы қай ғасырларда қалыптасты? (Б.з.б. II ғ. соңында);

40. 1836-1838 жылдары Бөкей ордасындағы кімдер бастаған ұлт-азаттық көтеріліс болды? (Исатай мен Махамбет).

VI бөлім «Қарсыластың сұрағы» («Ермұхан» тобы «Санжар» тобына 5 сұрақ қояды, керісінше).

VII бөлім «Эрудит» (әділқазылар алқасының 20 сұрағы).

Мысалы:

1. Мектебіміздің іргесі қай жылы қаланды? (1966 ж.).

VIII бөлім «Бейнекөрініс» (бұл бөлімге жауапты тарих пәнінің мұғалімі).

IX бөлім «Ақ тілек». (Ойынға қатысушылар өз ойларын, іс-шарадағы қуаныштарын, өкініштерін, тілектерін, алғыстарын ашық түрде ортаға салады.)

Ойын соңында әділқазылар алқасына сөз беріледі. Олар жеңімпаз топты анықтап, дипломмен және сыйлықпен марапаттайды.

X бөлім «Супер-ойын» (жеңімпаз топқа супер-ойынға қатысулары ұсынылады. Жұмбақ қораптың ішіндегі сыйлықтың жеті түрлі сипаты айтылады. Жеңсе, сыйлықты алады.)

1. Ақ;

2. Домалақ;

3. Көбіңіз оны күнделікті пайдаланасыздар;

4. Қолдан-қолға өтеді;

5. Көлемі алақандай;

6. Ортасы тесік;

7. Өзі ақжарқын болғандықтан ішіне көп нәрсе сыйып кетеді /Диск/.

Түйін:

1. Іс-шара көңілдеріңізден шықты ма?

2. Жүргізушілер ұнады ма?

3. Жарыстан қандай пайда алдыңыздар?

4. Қандай пікірде қалдыңыздар?

5. Қай бөлімнен қиналдыңыздар?

«Тарихты білмей, өткенді, қазіргі жағдайды білу, келешекті болжау — қиын», — деп әл-Фараби айтқандай, 11 жыл бойы сондарынан калмайтын, ЖОО-ға түссендер де, сендермен бірге болатын тарих әлемін жақсы меңгеріңіздер.

Тарихшы болу міндет емес, ал кез келген азамат өзінің тарихын білуге міндетті. Біздің өткен өміріміз, кешегі күніміз — тарих. Олай болса, бәсекеге қабілетті егеменді еліміздің азаматтарына лайық болыңыздар!

М.БҰЛУТАЙ,
зерттеуші ғалым

Мүбәрак Рамазан айы

Бұл мақалада мүбәрак Рамазан айы мен ораза ғибадаты жөнінде айтпақшымыз. Алла тағалаға сансыз шүкір он бір айдың сұлтаны, рақмет айы, Құран айы — Рамазанмен қауышқалы тұрмыз. Қош келдің, ей, Шәһри Рамазан! Ұлы Раббымыз баршамыздың оразаларымызды, ғибадаттарымызды қабыл етсін! Мүбәрак Рамазан айы баршаңызға құтты болсын! Күллі ислам әлеміне қайырлы-берекелі болсын!

Рамазан айы — қасиетті кітабымыз Құран Кәрім Алла тағаланың хабибі, Сөййідіміз Хазреті Мұхаммедке (с.а.у.) түсірілген ай. Пайғамбарымыз 35 жас шамасына келгенде, атасы Әбділмүтәліб һәшімұлы сықылды, Меккенің түбіндегі Хира тауына барып, жыл сайын Рамазан айын ойланыспен, толғаныспен өткізуші еді. Өзі ішінде өскен араб қоғамының адасушылығы, надандығы, асылығы Оны әрқашан да ойлантушы еді. Міне, сондай бір Рамазан күні, Құран Кәрімнің тұңғыш аяттары Оған уахи етілді:

«Ей, Мұхаммед! Оқы! Жаратқан Раббыңның атымен оқы» /123/

Хадистер мен риуаяттар бұл уақиғаның христиан жыл санауы бойынша миллиардтан кейінгі 609 жылғы Рамазан айының 27-і күні, Пайғамбарымыздың 40 жасында болғанын хабарлайды. Ал Құрандағы бағзы аяттар Құран Кәрімнің Рамазан айында, һәм Қадір түнінде түсірілгенін білдіреді.

«Рамазан айы — сондай бір ай, кім бұл айда адамдарды тура жолға бастайтын, хақ пен нахақты ажырататын, уә хактың дәлелдері келтірілген Құран түсірілді!» /124/.

«Күдіксіз, Құранды қадір түнінде түсірдік» /125/.

«Ха мим. Ол ап-анық Кітапқа ант болсын! Біз оны (Құранды), шынында, мүбәрак бір түнде (Қадір түнінде) түсірдік! Шынында, Біз онымен (Құранмен) ескертушіміз» /126/.

Демек, Рамазан айын Алла тағала мүбәрак, яғни ерекше қасиетті ай етіп жариялаған. Пайғамбарымыз да Бұхариде келтірілген мына хадисінде Рамазанның қаншалықты қасиетті екенін паш етеді.

«Рамазан айы жәннаттың есіктері айқара ашылған, жаһаннамның есіктері тас жабылған, азғын шайтандар шынжырмен кісенделген мүбәрак айдур» /21/.

Рамазан айында мұсылмандарға ораза ұстау — парыз. Бұл туралы Құран Кәрімнің бірнеше орнында мәліметтер келтірілген.

«Рамазан айы — сондай бір ай, кім бұл айда адамдарды тура жолға бастайтын, хақ пен нахақты ажырататын, хақтың дәлелдері келтірілген Құран түсірілді! Сондықтан сендерден кімде-кім осы айға куә болса (амандықпен жетсе), онда ораза ұстасын! Ал ауру болғандар мен жолаушылап жүргендер ұстай алмаған күндерін басқа уақытта түгендесін (қаза етсін). Алла сендерге қолайлылық қалайды, қиындықты қаламайды! Санды түгендеуді, һәм сендерге тура жолды көрсеткені үшін Алла тағаланы ұлықтауларыңды, Оған шүкір етулеріңді қалайды»/т/.

Ораза ғибадаты мұсылман үмметіне парыз болғанындай, бізге дейінгі үмметтерге де парыз етілген-ді. Бұл туралы «Бақара» сүресінің 183-аятында айтылған.

«Ей, муминдер (иман еткендер)! Сендерден бұрынғыларға парыз болғанындай, сендерге де сақтануларың үшін ораза парыз етілді!» /129/.

Осы аят ораза ұстаудың парыз ғамалдарға жататынын анықтайды. Барша үмметтерге парыз болған ораза ғибадатының әжірін Алла тағала артығымен бермек. Пайғамбарымыз айтқан мына хадисте /130/ Алла тағала былай деп бұйырады:

«Ораза Мен үшін (Маған тән). Пендем Мен үшін шәуһәтін (жыныси қажеттерін), тамағын тәрк етті. Мен де оны қалағанымша сыйлыққа бөлемекпін!»/131/.

Пайғамбарымыз Айша анамызға «жәннаттаң есігін үнемі қақ» дегенді, өз Айша анамыз Оған:

«Немен қағамын, ей, Алланың Елшісі?» — деп сұрайды.

Пайғамбарымыз:

«Оразамен», — деп жауап береді. Расулұллаһ ендігі бір хадисінде:

«Расында, шайтан адам баласының денесінде қанның айналғанындай жүреді. Оның жүретін орындарын шөліркеу және аштықпен жабындар», — бұйырған.

Жоғарыдағы аяттар мен хадистер оразаның қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Барша мұсылмандардың Рамазан айы жақындаған сайын қарбалас дайындық жасауы, рухани һәм дүниелік толғаныстың пайда болуы, қоғам өмірінде әжептәуір өзгерістердің сезілуі, міне, сондықтан, ағайын. Хазіреті Расулұллаһ тағы бір хадисінде:

«Оразадағының ауызының иісі қиямет күні Алла тағаланың хұзырын-

да міскіннің иісінен де хош болмақ» /132/ дегенін еске алғанда, ораза ұстаушының дәрежесінің биіктігі анық болмақ. Әз Мұхаммед (с.а.у.) бек көп хадистерінде ораза ғибадатын мадақтап, мұсылман үмметіне осы күлшылықтың рухани һәм дүниелік артықшылықтарын түсіндірген.

Рамазан айы — Құран айы. Бұл мүбәрак айда Алла тағала күллі адамзатқа жіберген соңғы кітап — Құран Кәрім түскендіктен, мұминдер осы айда қасиетті кітапты көбірек оқып, мағыналарын зерттейді. Ғылыми жиналыстар, алқа сұхбаттары, сәресілік сұхбаттар, тарауық уағыздары, күндізгі тилауаттар — барлығы да мұминдер қауымын біріктіреді, жана рухани һәм ғылыми жетістіктерге жетектейді. Әсіресе ифтар (ауызашар) дастарқандары ерекше айтарлық әлеуметтік һәм рухани мәжілістерге айналады. Рамазан айы бойынша мұсылмандар қоғамлық ынтымақтастықтың, жарлы-кедейлерге қайырымдылық көмек берудің, ағайын мен көршілердің көңілін сұрап, мұқтаждарға жәрдем берудің ең үзік үлгілерін көрсетеді. Сондықтан ифтар мен сәресі дастарқандарына кембағал мұминдерді шақыруға тырысады олар. Пайғамбарымыз да мына сөзімен ифтар беруді насихаттаған:

«Кім бір оразалыға ауыз ашқызса, оған сол оразалының сауабындай сауап жазылады. Ауыз ашқан оразалының сауабы (кемітілместен) сақталады» /133/.

Жоғарыда Рамазан айының шарапаты мен оразаның фарзияты хақындағы негізгі мәліметтерді келтірдік. Енді оразаның мән-маңызы турасында қорыта айтар болсақ:

1. Ораза — Пайғамбарымыздың «ислам бес нәрсеге негізделген» /134/ деп басталатын хадисінде келтірілген «иман ету (кәлима), намаз, ораза, зекет, қажылық» — бес негізгі шарттың бірі;

2. Ораза — нәпсіні тізгіндеудің, нәпсіні тәрбиелеудің басты құралының бірі. Ораза — ғаплаттықтан құтқаратын, иман көзін ашатын, мұсылман үмметін ұйымдастыратын ғибадат. Әл-ауқаты жоғары адамдар ораза ұстағанда, жеуге — асы, ішерге суы жоқ кедей-жарлылардың жағдайын еске алады, олардың ахуалын түсінеді, ұмытпайды. Нисабқа мәлік /135/ мұсылмандар зекеттерін береді, қайырымдылық көмек жасайды. Пітір садакасын бергендер материалдық жағдайы нашар мұсылмандарға жәрдем жасайды. Ауызашар дастарқандары, фидйә, садакалар т.т. бәрі де әлеуметтік ынтымақтастықты нығайтады, әлеуметтік әділеттіліктің күшеюіне септігін тигізеді;

3. Ораза ұстап, ауыз бекіткен мұсылман таң сәріден ауызашарға дейін жемек-ішпектен тыйылады. Мүмкіндігі бола тұра, Алла тағаланың «ораза ұстандар» деген бұйрығын ескеріп, тағамдарға тиіспейді. Ифтар дас-

тарканында алуан түрлі тамақтар, ләззатты ризықтар алдында тұрғанымен, ауызашар уактысын тосады, сабырлық сақтайды. Ауызашар уакыты болғанда ғана Алла тағалаға хамд уә сана айтып, ауыз ашады. Міне, осылайша күллі жаратылыстың Алла тағаланікі екенін андайды, өзінің пенде екенін сезінеді;

4. Ораза — Алла тағала бізге берген нығметтерге жасаған шүкіршілігіміздің жоғары дәрежесі. Өйткені Құран Кәрімде былай делінген:

«Алла сендерге сұраған нәрселеріңнің бәрін берді! Алла сендерге берген нығметтерді санап, тауыса алмайсындар. Шынында, адамдар аса залым, тым опасыздур (шүкірсіз-дүр)!»/136/.

Иә, Раббымыз бізге берген ризықтар мен нығметтерді бір ойлап көрейікші, дүниеге келуімізден бастап, оқып, білім алуымыз, өмір сүруіміз, ақыл нығметін пайдалана білуіміз, алуан түрлі жемістер мен өсімдіктер, байлықтар мен дүниелік рақат т.т. Адам баласы осыншама ризықты сыйлаған Раббына шүкірлік етуі керек. Ғибадаттардың негізінде, тіпті жаратылыстың негізінде осы шүкіршілік ету мақсаты тұрады;

5. Ораза — қоғамдық өмірді тәртіпке келтіретін маңызды ғибадат. Ораза ғибадаты — бай-кедей, көрі-жас, еркек-әйел деп бөлмей, барша мұминдерге парыз. Сәресі алдында жарапазан айтушылар, түн жарымда шам жағып сәресіге тұрушылар, сәресіден соң таң намазына барып, сапқа тұрушылар, ауызашар кезінде үй-ішімен, көрші-қоланмен дастарқан басында жиналушылар, ауызашар азанын сабырлықпен күтушілер, тарауық намазында тағы да бас қосушылар... Міне, осының бәрі де — жамиғаттық өмірді қуаттайтын, мұминдердің арақатынастарын нығайтатын, қоғам мүшелерінің етене араласуына мүмкіндік беретін игі ғамалдар;

6. Ораза — нәпсіні тыятын һәм тәрбиелейтін тамаша ғибадат. Адамның нәпсісі рухтың талаптарына қайшы нәрселерді адамға рәсуа етеді, азғырады. Рухқа азық болатын нәрселерден зиядан (гөрі) тәнге азық болатұғын нәрселерді үгіттейді. Сондықтан нәпсіні тізгіндеуді мақсат тұтқан мұсылманға ораза ғибадаты жәрдемдеседі. Ораза ұстап, дененін арзуларын (қалауларын) тізгіндеген адам нәпсіге тікелей сокқы береді. Ораза кезінде жемек-ішпектен, шәһәуи арзулардан, тағы да басқа нәрселерден белгілі уакыт шеңберінде аулақ болу мұминнің өз-өзіне деген сенімін арттырады, нәпсінің бұғауынан құтқарады, кісілік тұлғаның мықты қалыптасуына көмектеседі, қызбалықтан, көрсеқызарлықтан сақтайды, ашуды һәм хирсты бақылауды күшейтеді, жеке ираданы бекітеді. Ал таңертеңнен кешке дейін қалағанын жеп, тілегенін ішіп жүрген адамдар-

дың нәпсісі күштірек келетінін айтсақ, жаңалық ашқандық болмас. Пайғамбарымыз бір ғазауаттан қайтып келе жатқанда:

«Енді кіші жиһадтан үлкен жиһадқа қайтып (оралып) барамыз!» /137/ дегендегісі осы нәпсімен күрес болатын. Демек, мұминнің үлкен жиһадтағы, яғни өзінің нәпсісімен күресіндегі ең үлкен құралының бірі — ораза-дүр;

7. Ораза — адам баласына кім екенін тағы да бір рет ескертетұғын ғибадат. Адам баласы көбінесе опасыз болып келеді, өзін жаратқан Раббысының нығметтеріне шүкіршілік жасамайды, сол нығметтерден айырылғанда ғана Алла тағаланы еске алады. Мәселен, ауру келмей — денсаулықтың, көрілік келмей — жастықтың, зағифтық келмей — қауқардың, жұмылыс келмей — бостандықтың, әкелік келмей балалықтың т.т. қадірін біле бермейді. Қолына байлық, дәулет, сән һәм салтанат, мәнап иә атақ келгенде өзін мықты санайды, бәріне құдіреті жететіндей дандай-сиды. Алайда адам баласы Алла тағаланың көмегінсіз, тағдырынсыз бұлардың ешқайсысын да жасай алмас еді. Алла тағаланың қолдауы болмаса көзге көрінбейтін бір микроб адамды ауру етуге жеткілікті, бір бактерия яки вирус өмірді зындан етуге құдіретті. Міне, осыншама әлсіз һәм қорғансыз адам баласы ораза ұстағанда өзінің қаншалықты мұқтаж екенін һәм Алла тағаланың рақметінің, мархабатының шексіздігін түсінеді. Ораза адамдағы мейірімділік сезімдердің оянуына иә күшеюіне уәсילה болады;

8. Ораза — денсаулықтың, есендіктің рухани рецепті. Тыб (дәрігерлік) саласының ғалымдары мұсылман үмметі ұстайтын оразаның денсаулыққа қаншалықты пайдалы екенін дәлелдеген. Ораза — дененің иммунитетін (қорғанысын) күшейтеді, ас қорыту жолдарын тазалайды һәм емдейді, жүйке ауруларына дауа болады, адамның өзін-өзі сергек сезінуіне дәнекер болады. Кез келген ауруды емдеуде дәрігерлердің диеталық рецептен бастайтыны белгілі. Тіпті кейбір асқынған ауруларды емдеуде Батыс елдерінде құдды мұсылманның оразасына ұқсас бір тәсілмен емдеушілік бар. Заманауи медицина ғылымы (тыб) соңғы ғасырларда ғана ашқан үшбү емдеу тәсілін Алла тағала осыдан 14 ғасыр бұрын жіберген Құран Кәрімінде мұсылман үмметіне парыз ету арқылы паш еткен. Алла тағаланың һәм Пайғамбарымыздың оразаны мадақтап, оразалылардың мәртебесін көтеруі осы ғибадаттың рухани пайдаларымен қатар денсаулыққа деген игі әсерлеріне назар аудартпақ;

9. Ораза — күнәдан сактайтын қорған, қалқан. Оразалы мұмин нәпсіні тыя біледі, тәннің арзуларын тежей біледі, өтірік, өсек, мақтаншақтық, ғайбатқорлық, жалақорлық сықылды жағымсыз қылықтардан аулақ бо-

лады. Оразаға ниет еткен сәтте мұсылман пендеде автоматты түрде (өздігінен) күнәдан қорғаныс қалқаны іске қосылады. Осы рухани қалқан оны ірілі-ұсақты күнә уә хаталардан сақтайды. Өзінің оразалы екенін сезінетін мұсылман төнді ғана тыйып қалмайды, сонымен қатар нәпсіні де тыйғандықтан шайтанның арандатуларына көнбейді, нәпсінің пендесі болмайды. Оразалы адамның өмірінде харамға орын болмайды, тек халал нәрселерге орын табылады. Пайғамбарымыз бір жолы алдына келген жастарға былай деген-ді: «Ей, жастар тобы! Қайсыбіріңнің үйленуге шамасы келсе, үйленсін. Сірә, үйлену көзді харамнан сақтайды, гауратты (зинадан) қорғайды. Үйленуге шамасы жетпейтіндер ораза ұстасын. Шынында, ораза оның (шәуһәттің) дәрмені-дүр»/Ш/;

10. Ораза адамға үнемдеуді, ысыраптан аулақ болуды үйретеді. Осы түрғыдан алғанда, ораза азаматтардың һәм ұлттық ресурстардың зая етілуіне кедергі болады. Қалаған сәтте қалағанын жұмсауға үйренген адамдар ораза кезінде қанағаттылықты, сабырлықты, ынсаптылықты үйренеді /139/. Ифтарға дейін жемек-ішпектен һәм шәһәуи арзулардан аулақ болған адамдар қарапайым өмір салтын бастан кешеді, бұл олардың үнемдеушілік динамикаларын күшейтеді. Мемлекеттік байлықтарымыздың бірінші жауы — ысырапшылық екені мәлім. Елдің, халықтың байлығын, мемлекеттің табыстарының қаншама қиындықпен, қаншама еңбекпен табылғандығын жете аңғармаған кісілер колдарындағы ресурстарды беталбаты шаша береді, ысырап етеді. Оразалы мұсылман мұндай нәфрәтлі нәрселерден аулақ болады. Сондықтан ораза ғибадаты — тек рухани ләззат беретін, рухани табыстарға жеткізетін ғибадат қана емес, сонымен қатар дүниелік табыстарға, әлеуметтік тәртіпке, экономикалық тұрақтылыққа апаратын маңызды құрал;

11. Ораза дегенде тек дененің оразасын ойламау керек. Ораза де-немен қатар рухани жағынан да тыйылуды көздейді. Жемек-ішпектен аулақ болып, аузына, көзіне, тіліне, құлағына ораза ұстатпаған адамның оразасы толық болмайды. Ондай адам жай қарын ашықтырған болады /140/. Алайда оразадан мұрат һәм денеге һәм рухқа ораза ұстату; ғайбаттан, харамға қараудан, харамды естуден, өтірік айтудан, жаман сөздер айтудан, жала жабудан тыйылу. Сол себепті Пайғамбарымыз бір хадисінде:

«Өтірік айтуды, жәһилия кезіндегідей надандық жасауды тастамаған адамның жемек-ішпекті тастауына Алла тағаланың мұқтаждығы жоқ!» /Ш/ деген.

Оразаның пайдаларын санаумен тауыса алмаймыз. Раббымыздың бізге

— мұсылман үмметіне осындай ғибадатты парыз етуінің қыры-сыры көп, бірнешеуін ғана айтуға тырыстық. Мың айдан қайырлы Қадір түнінің Рамазан айында, яғни мұминдер ораза ұстап, күнәлардан арылған мезгілде болуында да үлкен мағына жатыр. Қадір сүресінде былай делінген:

«Күдіксіз, біз Құранды Қадір түнінде түсірдік. Қадір түнінің не екенін білесің бе? Қадір түні мың айдан да қайырлы! Періштелер мен Рух (Жебрейіл) сол түні Раббыларының рұқсатымен әр ісі үшін түседі. Сол түні таң атқанша сәлеметтілік (тыныштық) билейді!»/М/;

Қадір түнінің қасиеті туралы «Дұхан» сүресіндегі мына аятта да айтылған: «Ол ап-анық Кітапқа ант болсын! Біз оны (Құранды), шынында, мүбәрак бір түнде (Қадір түнінде) түсірдік! Шынында, Біз онымен (Құранмен) ескертушіміз. Сол түні әр хикметті іс тарапымыздан бір әмірмен айырылады»/143/.

Ораза — екінші фәжірден бастап, күн батқанға дейін жемек-ішпектен, шәһәуи арзулардан аулақ болып, нәпсіні тыймақ. Арабшада «сиям» және «саум» сөздері қолданылады. Бұл сөздер «нәпсіні ұстау», «өзін-өзі тоқтату» дегенді білдіреді. Рамазан айында ораза ұстау Пайғамбарымыз Меккеден Мәдинеге көшіп барғаннан бір жарым жылдан кейін (624 ж.), Шағбан айының 10-ы күні парыз етілген. Оразаның фарзияты (парыздығы) Құран (аят), Сүннет (хадис) және Ижмағ (ұйғарым) арқылы дәлелденген. Енді оразаның шарттары жөнінде мұхтасар мағлұмат берелік:

Оразаның шарттары екіге бөлінеді: 1). Уәжіб (міндет) болуының шарттары; 2). Ада етудің (өтеудің, орындаудың) шарттары.

1). Уәжіб (міндет) болуының шарттары: Мұсылман болу, бәлиғатқа жету, ақыл-есі сау болу. Осы шарттарға муафық еместерге ораза ұстау парыз болмайды. Бәлиғатқа жетпеген балалардың ораза ұстауында оқа жоқ, ораза оларды бәлиғатқа дайындайды һәм нәфила ғибадат есебінде қабыл болады;

2). Ада етудің шарттары: денсаулық, иқамат (тұрғылықты мекенінде болу), ниет (оразаға ниет ету), хайыз һәм нифасада болмау (әйелдердің етеккірінің болмауы). Жоғарыдағы аятта айтылғанындай, наукастарға яки саяхатта жүргендерге ораза ұстау парыз емес. Олар аталмыш жағдайлар өткен соң оразаны қаза етеді. Оразаға ниет ету — маңызды мәселе. Саналы түрде жасалған ғибадаттар ғибадат санатына қосылмақ. Сондықтан ауызашардан таң атқанға дейін келесі күнгі оразаға ниет ету керек. Әдетте былай ниет етуге болады:

«Рамазан айында, фәжірден (таңнан) мағрибқа (кешке) шейін Алла тағаланың ризалығы үшін ертеңгі оразаны ұстауға ниет еттім.

Ораза екінші фәжірден бастап, күннің батуына дейін ұласады. Имсақ

және ауызашар (ифтар) уақыттары ғылыми негізде де анықталған, сондықтан мешіттерден Рамазан айының намаз уә имсақ кестелерін алуға болады.

Ифтар уақытында, ауыз ашқан соң мына дұғаны айтқан абзал:

«Ей, Аллам! Сенің ризалығың үшін ораза ұстадым, Саған иман еттім, Саған ғана сүйендім, Сенің ризығынмен ауыз аштым, Рамазан айының ертеңгі күнгі оразасына да ниет еттім. Енді менің болған һәм болашақ күнеларымды кешір!»/144/.

Мұсылман халқымыздың Рамазанға байланысты ғасырлар барысында қалыптасқан игі дәстүрлері бар. Қазақ халқы мүбәрак Рамазан айын асыға күткен, алдын ала дайындығын жасап, әзірленген. Белгілі ғалым Сәбит Мұқанұлы «Қазақ қауымы» атты еңбегінде былай деген:

«Намаздан кейін әрбір мұсылман орындауға міндетті ораза бар. Ол жыл сайын арабша «рамазан» аталатын айда болады. Аузын бекіткен адам таң-сәріден күн батқанға дейін, дәм татпай аш жүруге мәжбүр болады... Оразаны мадақтайтын арабша — «Йа, шәһри Рамазан», қазақша «жарапазан» деп аталатын жыр бар. Оны ел мактап айтатындарды қазақ «жарапазаншы» дейді...»/145/.

Еліміз азаттыққа қол жеткізген он шақты жылда асыл дәстүрлеріміз, діни гүрыптарымыз қайтадан жанғыруда. Соңғы жылдары ораза ұстаушылардың саны көбейіп келеді. Әсіресе ораза ұстаушы жас інілеріміз бен қарындастарымыздың қатарының көбеюі — аса қуантарлық жағдай.

Рамазан айының шарапаты мен қасиетін айтып тауысуға болмайды. Шектеулі уақтымызда басты мәселелер туралы баяндауға тырыстық. Рамазан айы — мархабат айы, Алла тағаланың рақметі күллі ғаламды баулитын кез. Бұл қасиетті айдың әрбір сәтін тиімді өткізуге тырысалық. Мүмкіндігінше Құран Көрімді оқуға һәм түсінуге, қайырымдылық жасауға, көршілердің, аурулардың, міскіндердің, қариялардың көңілін сұрауға уақыт бөлгеніміз жөн. Алла Тағала бірге — мың, тіпті одан да көп беретін осы ғаламат айды саналы құлшылықпен өткізгенге не жетсін...

Мүбәрак Рамазан айы баршамызға құтты болсын! Алла тағала биылғы Рамазан айын лайықты түрде өткізіп, Ораза айтқа аман-есен жетуді баршамызға нәсіп қылсын! Рамазан айында ұстаған оразаларымыз бен жасаған қайыр-садақаларыңыз қабыл болсын! Ұлық Раббымыз мүбәрак Рамазанды күллі ислам әлеміне қайырлы-берекелі етсін! Барша мұсылман ағайын болып, келесі Рамазандарға аман-есен жетуді баршамызға нәсіп қылсын!

*«Мұсылман қазақ еліміз»
кітабынан алынды.*

К.ТА УПИХОВА,
Н.С.Манаев атындағы метептің
тарих пәні мұғалімі.
Құрманғазы ауданы,
Атырау облысы.

Дүние жүзі тарихынан тірек-сызбалары

Ағылшын буржуазиялық революциясының кезеңдері

Революцияның басталуы
Азамат соғысы (1640-1648 жж.)

Республикалық басқару (1649-1653 жж.)

Әскери диктатура-протекторат
О.Кромвель (1653-1658 жж.)

Монархияны қалпына келтіру (1659-1660 жж.)

Англиядағы азамат соғысы.

1 топ. Парламентті жақтаушылар — қала қолөнершілері мен саудагерлер, ерікті шаруалар, джентрилер.

«Домалақ бастылар» деп аталды. Жетекшісі О Кромвель (1599-1658 ж.ж.)

2 топ. Корольді немесе феодалдық-абсолюттік құрылысты жақтаушылар: ақсүйек тектілер, солтүстіктің феодалдары мен дворяндары, ауыл қолөнершілері, дін иелері.

«Ковалерлер» («салт аттылар») деп аталады.

Мануфактура және оның формалары.


- 1). Аралас — үйдегі еңбек+орталықтандырылған еңбек.
- 2). Шашыраңқы — қолөнершілер үйден даярлайды.
- 3). Орталықтандырылған — шеберханадағы еңбек.

Мануфактураның таралу кезеңі.

XIV-XV ғғ. — ірі сауда орталықтарында.

XIV ғ. II ж. — барлық жерде.

XVI-XVII ғғ. — Нидерланды мен Англияда кең тараған. XVIII ғ. II ж. — өнеркәсіп төңкерісі.




Басталуы — жеңіл өнеркәсіпте

XVIII ғ. Англияда өнеркәсіп төңкерісіне қажетті шарттар пісіп-жетілді. 1733 ж. Джон Кей-тоқыма станогы пайда болды.

1738 ж. адам қолының қатысуынсыз жіп иіретін машина пайда болды. 1764 ж. Ж. Харгривс «Дженни» атты механикалық жіп иіретін машина ойлап тапты.

1771 ж. Жіп иіретін тұңғыш фабрика пайда болды. 1780 ж. фабрика саны 20-ға жетті, ал 10 жылдан кейін 150-ге жетті.



АҚШ-тағы тәуелсіздік үшін соғыс 1775-1783 жылдар

1776 ж. 4 VII «Тәуелсіздік декларациясы» қабылданды. Авторы: Томас Джефферсон.

1782 ж. АҚШ пен Англия Парижде алдын ала келісімшартқа қол қойды.

1783 ж. 3.09. қорытынды келісімшартқа қол қойды. АҚШ тәуелсіз мемлекет ретінде танылды.


1787 ж. АҚШ-тың тұңғыш Конституциясы қабылданды.

1789 ж. АҚШ-тың тұңғыш президенті сайланды.

Д. Вашингтон (1789-1797 ж.)

9-сынып

I-ші дүниежүзілік соғыс. (1914-1918 жж.)



Соғыстың сылтауы: Австрия-Сербия қақтығысы.

Басталуы: 1914 ж. 28 VII Австро-Венгрия Сербияға қарсы соғыс ашты.

1. VII 1914 ж. Ресейге

2. VIII 1914 ж. Францияға — Германия соғыс ашты

3. VIII 1914 ж. Англия үкіметі Германияға соғыс жариялады. 29 VIII 1914 ж. Ресей мобилизация жариялады.

I-ші Дүниежүзілік соғыс (1914-1918 жж.)

Елдердің мақсаттары:

Германия — өз үстемдігін орнату.

Австро-Венгрия — Балкан түбегіндегі өз ықпалын нығайту.

Англия — Германияны әлсірету.

Франция — Эльзас пен Лотарингияны қайтарып алу.

Ресей — Босфор мен Дарданеллада және Балқанда өз үстемдігін орнату.

Соғыстың көлемі.


38 ел қатысты

Уштік одақ жағынан төрт мемлекет Антанта жағынан 34 мемлекет 74 млн. адам қатысты. 10 млн адам қаза болды. 20 млн адам жараланды.

1918 ж. 11 XI. Компьен орманындағы Фоштың штаб вагонында Германия мен Антанта мемлекеттері арасында уақытша бітімге қол қойылды. Бірінші дүниежүзілік соғыс аяқталды.

Версаль-Вашингтон жүйесі.

1919 ж. 18 I-Париж конференциясы жұмыс бастады. Оған 27 ел қатысты.



Ұлыбритания — ұлттар лигасын құру. Франция Германияны әлсірету. Эльзас пен Лотарингияны қайтару. Конференцияға соғыста жеңілген мемлекеттер және Кеңестік Ресей қатыстырылмады.

Версаль бітім шартына 1919 жылы 28 VI Версаль сарайында қол қойылды.

Версаль келісімшарты. (28 VI 1919 ж.)

Текстке Ұлттар лигасының жарғысы енгізілді.

Германия өз территориясының 1/8 мен халқының 1/12 бөлігін және отарларын жоғалтты.

Армиясы 100 мыңнан аспауы керек болды.


Су асты кемелеріне, әскери-теңіз авиациясына тыйым салынды.

Репарация белгіленді.

Ұлттар лигасы (1919-1946 ж.ж.)

Жарғы 26 баптан тұрады.

Бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Қатынастарды соғыссыз шешу. Агрессорларға қарсылық.



Вашингтон конференциясы

1921 ж. 11 XI-1922 ж. 6 II дейін өтті. Оған тоғыз ел қатысты.

АҚШ, Англия, Франция, Португалия, Италия, Жапония, Бельгия, Голландия және Қытай. Кеңестік Ресей конференцияға шақырылмады.

1. «Төрт держава келісімі» (Англия, АҚШ, Франция, Италия) Тынық мұхит аумағындағы аралдар иеліктеріне қол сұқпауға халықаралық кепілдіктер берді.

2. «Бес держава келісімі» (Англия, АҚШ, Франция, Жапония, Италия) Салмағы 35 мың тоннадан артық әскери кемелер шығаруға тыйым салынды.

3. «Тоғыз держава келісімі» бойынша Вашингтон конференциясына қатысушы мемлекеттер Қытай аумағына қол сұқпауға, барлық елдер үшін Қытай аумағының «есігі ашық» болғандықтан, оның тәуелсіздігі мен егемендігін сыйлауға келісті.

Шаньдун түбегі Қытайға қайтарылды.

Білгенге маржан

1. Сабаққа қызыққан адам ғана біліп шығады.

2. Шамасы келетініне сенген адам ғана біліп шығады.

3. Осы білімнің болашағына қажет екеніне көзі жеткен адам ғана біліп шығады.

Осы үш сенімді шәкірттің бойына дарыту үшін мұғалімнің өз сенімі мен интеллектісі қажет.

* * *

Бала өділетсіз жазалаудан, үздіксіз ескерту жасай беруден не істерін білмей, өзіне-өзі сенімсіз болып, жүйке ауруына ұшырайды.

* * *

Оқушылары тым-тырыс отыратын мұғалімнің сабағынан, қажетті жерде шулата білген сабақ қызық.

* * *

Тіл алмайтын ызақор бала кемшілігін бетіне баса беруден шығады.

* * *

Құр әдістеме папкасын толтырып қойғаннан оқушының жағдайы жақсармайды, ол — тек қарабайыр тексерушінің алдында қорғаныс құралы.

Б.ӘБДИҒҰЛОВА,

Абай атындағы ҚазҰПУ

тарихты оқыту теориясы мен

технологиясы кафедрасының оқытушысы,

педагогика ғылымдарының докторы, профессор.

Атақты ғұн ұлысының билеушісі Еділ-Атилланың туғанына — 600 жыл

Еділ-Атилла (410-453) — адамзат тарихында ерекше орыны бар ұлы тұлға, атақты ғұн ұлысының билеушісі.

Батыс тарихшы-зерттеушілері онын атын Александр Македонский мен Юлий Цезарьдің қатарына қояды. Еділ ғұн патшасының баласы болған. Ол Рим қаласында оқып, білім алған. Жас кезінің өзінде-ақ әскер құрамында жүріп, үлкен ұрыстарда батырлығымен танымал болған. Ол Еуропа елдерін римдіктердің езгісінен құтқарып, Италия, Греция, Франция, Румыния, Венгрия сияқты мемлекеттердің пайда болуына ықпал жасаған.

Еділдің бытыраңқы княздіктердің басын қосып, халықтарды біріктіру жолындағы ерліктері жөнінде орта ғасыр кезеңінде көптеген аңыз-әңгімелер тараған. Еуропада Еділді — Атилла, Атиль, Эмиль деп атаған.

Вернер Кахариас 1667 жылы француз драматургі Пьер Корнель «Атилла», ал неміс Вернер Цахарис «Ғұн патшасы Атилла» деп аталатын туындыларын сахнаға шығарған. Онда ол құл иеленуші Рим империясының іргесін құлатқан батыр бейнесінде сипатталады. Батыс елдерінде Еділ бейнесінде алтын, күміс ақшалар шығарылған. Оқу орындары, көшелер есімі аталған.

Біздің заманымыздың 574 жылы Батыс ғұн империясында Балаәмір билік құрды(1). Балаәмір тұсында ғұндар Батыс елдерін жаулап алуды бастады. IV ғасырдың 70 жылдары Балаәмірдің басшылығымен ғұндар Доннан Днепрге дейінгі жерлерді жаулап алып өзіне бағындырды. Ғұндардың Батыс елдеріне жорығы халықтардың ұлы қоныс аударуына ықпал

жасайды. Ғұн тайпаларының Шығыстан Батысқа қарай жылжуы б.з.д. II ғасырда басталып, б.з. IV ғасырына дейін созылған.

Халықтардың ұлы қоныс аударуын біздің заманымыздың IV ғасырында көшпенді ғұндар бастады. Олар Ұлы Қытай қорғанынан Францияға дейінгі жолды өтті. Мұның өзі жергілікті сақ, үйсін, қаңлы және басқа тайпалардың шығыстан батысқа қарай орын ауыстыруына әкелді. Ғұндар мен герман тайпаларының соққысы салдарынан құл иеленуші Батыс Рим империясы тіршілік етуден қалды.

Балаәмірден кейін Батыс ғұн ұлысын басқарған билеушілер жана мемлекеттің іргесін нығайтып, Константинопольге (қазіргі Стамбул) дейін шекарасын ұлғайтты (2). Ал Руғила отыз жыл патшалық құрған кезде бүкіл Еуропаны дүрілдетіп, ғұндар Византия (Шығыс Рим империясы) мемлекетіне шейінгі елдерді бағындырды. Олар Батыс ғұн империясына көп мөлшерде алым-салық төлеп тұрған. Руғила 433 жылы қайтыс болған соң, оның орнына інісінің ұлы Біледі келеді.

Біледі билік жүргізіп тұрған кезеңде Ғұн империясы ыдырай бастап, бірлігі, тұтастығы бұзылып, ұсақ бірлестіктерге ыдырап-бөлініп кетуі қаупі төнген болатын. Міне, осыған орай Еділ еріксіз 434 жылы өзінің немере туысы Біледіні (Бледа, тақтан түсіріп) өлтіріп, билікті 19 жыл жеке басқарады (3).

Сонымен қатар вестгот пен остгот секілді герман тайпаларын ығыстырды. Ғұндар Еділ мен Рейн арасындағы өңірді иеленді. Еділ билікке келісімен Ғұн мемлекеті бірлігі мықты, мызғымастай берік те күшті мемлекетке айналады. Еділ әділ патша деген аты бүкіл Еуропаға таралды. 447 жылы Еділ Византияға шабуыл жасап, Балқан түбегін талқандап, астанаға қауіп төндірді. 448 жылы Дания ғұндардың қол астына көшті. 435-436 жылдары Еділ Бургунд королі Гундахарды талқандады (4). Көптеген батыс халықтары оның жағына шыға бастады.

Бірақ уақыт өткен соң соғыс өрті қайта өршіп, Еділ Херсонос түбінде Рим империясын жеңіліске ұшыратты. Қара теңіз жағалауынан Днестрге дейінгі аралық ғұндардың қол астына көшті. Бүкіл Еуропаны дүрсілкіндірген ғұндардың қаһарлы жорықтарында Еділдің қолбасшылық қабілеттері ерекше байқалды.

448 жылы Рим империясы Еділге елші жіберіп, ғұндармен бітімге келу арқылы алым-салық төлемей, білдірмей Еділге у беріп өлтіруді ойлады. Рим елшілігінің астыртын ұйымдастырған Еділге қастандығы іске аспай қалады.

Біздің заманымыздың бірінші ғасырында құл иеленуші империялар көптеген соғыстар жүргізудің нәтижесінде өте ұлғайды. Мұндай ірі

мемлекеттерді басқару мүмкін болмады. Осы мемлекеттердің өз ішіндегі билеушілермен қарапайым халықтар арасындағы күрес, жеке аймақ көтерілісі, мыңдаған құлдардың қашып кетуі, қолбасшылар арасындағы билік үшін талас жүріп жатты. Құл иеленуші құрылыс жойылу алдында тұрды. Рим империясын қоршаған халықтар қолына қару алып өздерінің азаттығы мен бостандықтарын қорғады. Дәл осы уақытта 451 жылы Еділдің Батысқа жорығы басталды. Ол Рейн өзенінен өтіп қазіргі Миланды және бірнеше қалаларды басып алды. Әлемде болмаған Каталун жорығында шайқаста екі жақтан 165 мыңға жуық ғұндар мен рим әскері қаза болған. Бұның нәтижесінде құл иеленуші Рим империясы құлады. Әбден ашынған Галлия, Бельгия, Лютетин, Париждегі құлдар өз бас азаттығын алу үшін көтерілді. Сөйтіп, құл иеленушілік құрылыс жойылды.

Рим империясының үстемдігінен азат етілген елдер Еуропада жеке мемлекеттерін құрды. Әлем тарихында ортағасырлық дәуірдің басталуына ықпал жасады. Осындай жеңістен соң Еділ Рим императоры III Валентинаның қарындасы Гонорийге үйленді. Содан кейін Бургундия королінің қызы Илдионаға үйленіп, оның қолынан 453 жылы қаза табады. Елі үшін туған әйгілі қолбасшының орнына оның ұлы Еллак таққа отырады. Еділ Еуропа елдерін түгел бағындырған әйгілі ғұн билеушісі ретінде әлемге танылды. Еуропа елдері оның дарынды қолбасшылығын, ержүректілігін, ақылдылығын мойындап, бас иген. Еділ ғұндардың атағын әлемге паш еткен атақты ғұн билеушісі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. I, II, III т. — Алматы: «Атамұра», 1997.
2. Қазақтар. Көпшілікке арналған тоғыз томдық. Анықтамалық. — Алматы: ҚДИ. Тарихи тұлғалар. 1998.
3. Қазақ Совет энциклопедиясы. — Алматы: ҚСЭ, 1975. 2 том.
4. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. — Алматы, Каз.энц., 1999-2001. 3 том.

Қ.ӘДИЕТ,

С.Сейфуллин атындағы №55 мектеп-лицейдің
тарих пәнінің мұғалімі.

Степногорск қаласы,

Ақмола облысы.

«Алаштану» курсы

Мақсаты: Алашордалықтардың өнегелі өмірі мен халқы үшін жасаған еңбегі, ғылыми, шығармашылық жұмыстары, қазақ тарихындағы ерекше алатын орны туралы оқушыларға тиянақты білім беру, сол арқылы Алаш зиялыларының тұлғасын терең тануға бағыттау, оқушылардың старына баулу.

Міндеттері: Бүгінгі таңда жастардың бойына тұлғалық сипатын қалыптастыру, отансүйгіштік, ұлтжандылық, азаматтық қасиеттерді ұялатуға курстың атқаратын рөлі зор. Мектеп оқушылары бойында осындай қасиеттерді қалыптастыру үшін Алаш зиялылары өмірі мен қызметін, шығармашылығын оларға үлгі-өнеге ету оң нәтиже берері сөзсіз.

* Алаш зиялылары туралы мағлұматтар алып, олардың тарихта алатын орны, азаматтық келбетін көрсету;

* Ұлтжандылыққа, адал да өткір, рухы биік қыр ұлдарын пір тұтып бағалай білуге, халқының тарихын қадірлеуге намысты болуға тәрбиелеу;

* Оқушылардың білімдіктерін дамыту, жеке іздену, зерттеушілікке дағдыландыру. Отан тарихын білуге деген құштарлығын ояту.

Күтілетін нәтиже: Қазақ халқының біртуар азаматтарының ғибратты өмірі мен халқына сіңірген еңбегі туралы қосымша мағлұматтар алады.

* XX ғасырдың басында Алаш зиялылары Ресей империясындағы саяси, ағарту, мәдени және баспа салаларындағы қызметін абыроймен атқарғанын біледі.

* Қазақ зиялылары жайлы білімі мен білігі тереңдейді.

* Қосымша материалдармен жұмыс істеу, ғылыми жұмыстар орындау, ізденушілік икемділіктері қалыптасады.

* Саясаттану, әлеуметтану, қазақ тарихы, филология, журналисти-

ка, заңгер, экономист, дінтанушы, педагог сияқты мамандықтарды таңдаған оқушылар қосымша білім, бағыт-бағдар алады.

«Алаштану курсы» бойынша бағдарлама 10-сынып

(барлығы — 34 сағ., аптасына — 1 сағ.)

I бөлім. XX ғасыр басындағы Алашорданың қоғамдық-саяси өмірдегі алатын орны мен рөлі (24 сағат)

XIX ғ. аяғы XX ғ. басындағы әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси жағдай:

Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, ауыр жағдайы, жүргізіліп отырған қоныстандыру саясатының озбырлығы, жердің талан-таражға салынуы, отаршылдық саясаты.

Алаш қозғалысының құрылуы себебі, мақсаты:

Қазақ халқының бақытты келешегі, теңдігі, азаттығы, отарлық езгі жағдайында аяқ асты болған ұлттық мүддені қорғау.

Ресей Мемлекеттік Думасы және қазақ зиялылары:

Халық басына түскен мұнша қиыншылықтан шығудың жолдарын төңкеріс жасау арқылы емес, саяси күрес парламенттік, өкілетті демократия арқылы шешу жолын тандауы.

Алаш зиялылары саяси партия құру жолында:

Ресей патшасы Мемлекеттік Дума құру туралы манифестке қол қойды. Думаға депутаттыққа белгілі бір партияның немесе фракцияның мүшелері ғана сайлануға құқылы болды. Сондықтан да қазақ зиялылары орыс буржуазиялық зиялылары партияларына мүше болуға тура келді, ал ол жалпыұлттық мүддені шешпейтін еді. Жалпыұлттық саяси партия құру әрекеттері.

Алғашқы басылымдар. Жалпыұлттық баспасөз:

Қазақ ұлттық баспасөздерінің қалыптаса бастауы. Қазақ газеттері, журналдары, кітаптарының жарық көруі. Қазақ халқының ұлттық сана-сезімін оятуда, қазақ зиялыларының басын қосып топтастыра түсуде орасан зор рөлі және қызметі.

Алаш зиялыларының алғашқы жұмыс қадамдары:

Қоғамдық-әлеуметтік, саяси-құқықтық идеяларының мәні. Ғ.Қарашев, Ж.Сейдалиев және Б.Қаратаев. Ұлттық прогресс және демократиялық мемлекет қатарына көтеру.

Б.Сырттанов «Қазақ уставын» алғаш жасаушы:

1910-13 ж.ж. құпия түрде Қазақ өлкесін Ресей ішкі колониясынан шығарып тәуелсіз республика статусы бар мемлекет қылып құруын тұңғыш рет көтерген.

Алаш зиялыларының революцияға дейінгі саяси күресі:

1905 ж. 22 маусымда патша өкіметі билігінің атына жолданған ірі көлемді әрі мазмұнды петицияларының бірі — Қарқаралы петициясы. Қазақ зиялыларының алдыңғы қатарлы өкілдері ұйымдасқан түрдегі ерекше белсенділігі.

Жалпыұлттық демократиялық қозғалыстың көсемі Ә.Бөкейханов:

Тендік туын көтерген Алаш көсемінің өмірі және саяси қызметі.

Алаш шаңырағын көтеріскендер:

Саналы ғұмырын қазақ халқының ұлттық саяси бостандығы мен дербестігі үшін арнаған аяулы ұлы тұлғалардың өмірі мен қызметі.

I Жалпыұлттық Қазақ съезі. «Алаш» партиясының құрылуы:

Қазақтың тұңғыш ұлттық демократиялық партиясы. Қазақ тарихында терең із қалдырған Алаш автономиясын құруы.

II Жалпыұлттық Қазақ съезі. Алашорда өкіметін құруы:

Алашорда өкіметінің өмірге келуіне тікелей себепші аласапыран кезіндегі ең басты өзекті мәселелер, ұлт-азаттық қозғалысы қайраткерлерінің бостандық пен тендік жолындағы орыс империясына қарсы жүргізген азапты күрестің қорытындысы.

«Алаш партиясының» Мемлекеттік бағдарламасы:

Бағдарламаның мәнін ашып көрсету, оған баға беру, талдау.

Ахмет Байтұрсынов қоғамдық-саяси қызметі:

Ғибратты өмірі мен халқына сіңірген еңбегі туралы. Қазақ тарихындағы орны.

Жақып Ақбаев саяси қызметі:

Алаш зиялысы, ұлт-азаттық күрескер, қоғам қайраткері, тұңғыш құқық магистрі.

Мұхаметжан Тынышпаев:

Көрнекті саяси және қоғам қайраткері, Алаш қозғалысының негізін салушыларының бірі, тарихшы-ғалым, қазақтан шыққан тұңғыш теміржол инженері.

II бөлім. Алашорда және Кеңес өкіметі (10 сағат)

Қазақ зиялыларының ішкі қайшылықтары:

Қоғамдық саяси өмірдің көптеген мәселелері бойынша қарсыласуы. саяси көзқарастарынан алшақтануы. Елеулі саяси күшке айналмауы.

Алашорда және Кеңес өкіметі арасындағы қайшылықтар:

Кеңестік билік тарапынан түсінбеушілік пен қолдау табудан күдер үзген Алашорда өкіметінің большевиктерге қарсы күреске шығуы. Ұлттық әскер жасақтауы.

Алаш зиялыларының Кеңес өкіметі жағына шығуы:

Кеңес өкіметінің Алаш өкіметін мойындамай, біржолата таратып

жіберуі. Қантөгістен жазықсыз қазақ ұлтының жапа шекпеуін ойлаған алашордалықтардың Кеңес өкіметі жағына шығуы.

Алаш зиялылары Кеңес өкіметі жағында атқарған қызметтері:

Кеңес өкіметін орнықтыру жолында, мәдениет, ғылым, халық шаруашылығы саласын дамытудағы қажырлы еңбектері.

Алаш қозғалысына қатысушылардың қасіреті:

Кеңес өкіметі жариялаған бірнеше кешірімге қарамастан қозғалыстың белсенді мүшелері большевиктердің 20-жылдардың соңы мен 30-жылдардағы «ұлтшылдар мен халық жауларымен күрес» аталған науқан барысында қуғын-сүргінге ұшырауы.

Алаш зиялыларының өмірі мен қызметтері ұрпаққа өнеге:

Алаш зиялыларының үлгілі өнегелі істерін жастардың бойына қалыптастыру.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М.Қозыбаев, «Тағдыр: түнек пен шырақ (Ә.Бөкейханов хақында)» // «Ақиқат» №8, 1995, 85-88 беттер.
 2. М.Қозыбаев, «Ақтандақтар ақиқаты». Алматы, 1992.
 3. М.Қозыбаев, «Тарих зердесі». Алматы, 1998.
 4. Н.Мартыненко, «Алашорда» Алматы, 1992.
 5. «Алаш қозғалысы», I том, Алматы, 2004.
 6. С.Омарбекұлы, «Алаш шаңырағын бірге көтеріскендер» // «Ақиқат» №4, 2001.
 7. С.Өзбекұлы, «Арыстары Алаштың». Алматы, 2008.
 8. Ә.Бөкейханов, «Тандамалы шығармалар». Алматы, 2004.
 9. С.Қирабаев, «Алашорда және қазақ әдебиеті» // «Егемен Қазақстан» 7 қараша 2007.
 10. Ә.Жанкелді, «Қазақ газеті» // Бас редактор Ә.Нысанбаев Алматы, 1998.
 11. О.Өмірзақ, «Ресей Мемлекеттік Думасы және Қазақстан (1905-1917 ж.ж.)» Алматы, 2006.
 12. К.Нұрпейіс, «Алаш һәм Алашорда». Алматы, 1995.
 13. М.Қойгелдиев, «Алаш қозғалысы». Алматы, 1995.
 14. М.Ескендірұлы, «Алашорда министрлері». Алматы, 2008.
 15. С.Смағұлова, «Қарқаралы петициясы» // Қазақ тарихы №1, 1996 47 бет.
- Ө.Озғанбаев, «Ресей Мем.Думасы Қазақ депутаттары» // Қазақ тарихы №6, 1997.

*М.ИМАНҒАЛИЕВА,
Ә.Жангелдин атындағы
мектептің мұғалімі.
Жаңақала ауданы,
Батыс Қазақстан облысы.*

Төребай туралы аңыз

Мақсаты: Жергілікті материалдарды пайдалана отырып, оқушылардың туған ел тарихына құштарлығын арттыру.

Туған өлкеміздің тарихи оқиғаларын зерттеу арқылы оқушылардың танымдық қабілетін байытып, ғылыми-зерттеу жұмысына баулу.

Оқушылардың өз өлкесінің табиғатына, тарихына қызықтыра отырып, аудандық, облыстық байқауларға қатынастыру.

Түйін: «Төребай мазары» тақырыбына жазылған жұмыста ел ішінде айтылып жүрген аңыз-әңгіме туралы баяндама.

Оқушы көзімен жасалынған зерттеулер мен ауыл үлкендерінің айтуы бойынша деректер.

*Ауылым — құба құмдар аясында,
Жайқалған көк құрақтар саясында
Қараөзен, Мұқырымнан самал ессе*

Шіркін-ай, жұпарына тоясың ба? — деп Закария Жүсіпқалиұлы Сисенғали жырлағандай, әрбір Қазақстанның болашақтағы ұрпақтары өз Отанын, елін сүйе тұрып, оны көркейтуге өз үлесін қосады деп ойлаймын. Мен де ауылымды өзімше сүйіп, құрметтеймін.

Жергілікті тұрғындар үшін бұл өңірдің екі атауы бар. Ауылдың жағрафиялық атауы бойынша Акжайықтан тартқан Мұқыр өзенінің атымен аталса, ауызекі әңгімеден Казарма деп айтыла береді.

Мұқыр — Қараөзен алабындағы өзен. Жаңақала ауданының жерімен өтеді. Ұзындығы — 54 шақырым. Бастауын Саршығанақ көлінің оңтүстігінен 15 шақырым қашықтықтағы бұлақтан алады. Мұқыр өзенінің тұсында сол жағынан Қараөзенге құяды. Арнасының батыс жағалауы тік жарлы. Жерасты, қар және жаңбыр суларымен молдығады. Жайылмасы шабындық. Ба-

лығы бар. Бұл жердің ежелгі тұрғындары қазіргі тұрғындардың ата-бабалары еді. Ресейдегі Саратов облысының территориясынан бастау алатын Қараөзеннің Қамыс — Самар жайылмасына құяр тұсын алаша, жеті баулы тана, ысық, қызылқұрт, беріш т.б рулар мекендеген. Ресей патша өкіметінің әскери-әкімшілік отарлауы кезінде Орынбор губерниясының Орал өңіріне ішкі Ресейден жокшылыққа ұшыраған орыс босқындарын, казак-орыстарды қоныстандырғаны тарихтан белгілі. 1950 ж Қамыс — Самар көлдері маңына да Қазаннан, Орынбордан көшіп келген ноғай-татарлар көбірек орын тепті. Солардың бір бөлігі осы Мұқыр ауылы орнынан өздерінің алғашқы қоныстарын салды. Бұл жер Қамыс-Самар көлдеріне Қараөзеннің құяр тұсы және Мұқыр өзені Қараөзенмен осы жерде қосылады. Ноғай-татарларымен бірге, орыс шаруалары, казак-орыстар да орналасты. Қазақ рулары шұрайлы жерлерден, Қара Самар қисымдарына қарай ысырылды. Патша әкімшілік жүйесі Қараөзеннің сол жағалауына қазақ ұлт өкілдерін өткізбеу мақсатымен Мұқыр селосында казармалық әскер, яғни солдаттар ұстады. Міне, Мұқыр ауылының күні бүгінге дейін Казарма аталу себебі де — осы. Әскери әкімшілік жүйе шоғырланған бес ауыл, бес қала атанса керек. Олар: Факеево, Казарма, Тастықұлақ, Мөстексай, Айдархан. Мұқыр ауылына қазақтар Кеңес үкіметі орнағаннан кейін ғана қоныстана бастады.

Мектебіміздегі өлкетану үйірмесінің мақсаты — оқушыларға туған өлкенің тарихи оқиғаларын, ата-бабаларымыздың аңыз-өңгімелерін, киелі жеріміздің әсем табиғатын насихаттап, туған жерге деген сүйіспеншілікке баулу.

Өлкетанудың басты міндеттері — туған өлкесіндегі тарихи ескерткіштерді аялап күту, қамқорлыққа алу, олардың сақталуын қадағалау. XVIII ғасырдың II жартысына жататын бұл ескерткіш балаларды туған өлке тарихына қатты қызықтырды. Олар тарихи ескерткіштерге құрметпен қарауға, қасиет тұту керектігін түсінді. Үш ғасыр сырын ішіне бүккен Төребай күмбезі бұл күндері құрып бітуге аз-ақ қалыпты. Үйірме жұмысы жүрген уақыт ішіндегі негізгі жетістігіміз — 2009 жылы «Өз өлкенді танып, біл!» атты өлкетанулық олимпиадасында «Тарихи өлкетану» бағыты бойынша бірінші орынды иеленуіміз. Бағытты қорғаған — 7-сынып оқушысы Нағымова Ақерке.

Қазақ халқы — қонақжай халық. Ауыл жұртының алыстан келген жолаушыға «аузына — май, астыңа — тай» дейтіні жай ғана айтыла салған сөз емес.

Қазір көненің көзі, ауылымыздың ардақты қариялары жылдан-жылға азайып келеді. Қазақ дейтін қара шаңырағымыздың ардақты қариялары, таусылмас қазынамыздан Төребай мазары туралы аңыз өңгімені тыңдап, тағылым алайықшы.

Төребай мазары — XVIII ғасырдың II жартысына жататын архитектура-

лық ескерткіш. Жанакала ауданындағы Мәстексай ауылынан шығысқа қарай 23 шақ. жерде орналасқан. Ел аузындағы дерек бойынша, Төребайдың әкесі — Ескелді (Есенгелді) бай. Төребай орысша хат таныған. Жайық бекінісіндегі қазақ-орыс әкімдерімен дос болған. Орыс патшасына жыл сайын 200-дей торы ала аяқ жорға сыйлап отырған. Оның есесіне орыс патшасы Ескелді мен Төребайға Нарын құмын емін-еркін жайлауға рұқсат еткен. Бір күні түнде далада ұйықтап жатқан Төребайды үріккен қалың жылқы таптап өлтіріп кетеді. Тағы бір аңыз нұсқасында Төребайды әкесі Ескелді екі асау аттың құйрығына байлап өлтіреді деген. Кейін Ескелді қаралы жылқысын Төребай қайтыс болған жерге матап, жал-құйрығын күзеп, қылы мен сүтіне балшық илетіп, күйдірген кірпіштен осы мазарды салдырған. Ескерткіш, жоба бойынша, төртбұрышты (6,0х6,0) мазар түрінде салынған. Кірер есігі қазір сақталмаған оңтүстік қабырғасында болған тәрізді. Қалған үш қабырғасы жарым-жартылай сақталған. Олар 27-28 х 27-28 х 4-5 см және 31-32 х 31-32 см мөлшердегі кірпіштерден қаланған.

*«Құлазыған сенің құла түздерің,
Не білмеген, не көрмеген ізгі елім
Жазылмаған тарихының жолдарын
Ауызекі аңызыңнан іздедім...»*

М.Мақатаев.

Жалғыз мола

Екі ғасыр бұрынырақта Жайық өзенінің шығысын қоныс еткен Есенгелді атты айтулы бай өмір сүріпті. Байлығының шегі болмапты, жылқысының есебіне сан жетпейтіндіктен, мөлшермен түгендейді екен.

Байлыққа мастанып, тұрпайы қылық көрсетіп, астамшылық танытқандарға «Есенгелдіден бір тайы кемдей...» деген мысалды кекесін де сол аңызды анықтататындай.

Ол кездегі байыған қазақтың қатын алатыны — қалыптасқан дәстүр. Есенгелдінің де үш әйелі, олардан тараған үрім-бұтағы ұрпақтары ішінен көңіліне пір тұтатын, пысық, жөн білетін Төребай деген ұлы болыпты.

Төребай орысша хат танып, Жайық бекінісіндегі қазақ-орыс басқыншыларымен араласып, Петерборға дейін сапар шеккен. Жыл сайын әйел патшаға бір түсті жылқыдан үйірлеп айдап, сый апарып, патша оны өз сарайында қабылдаған. Осындай өтімділігі арқасында шұрайлы жайылымы мол Нарын құмын емін-еркін жайлайды екен.

Байлыққа мастанып, түкірігі жерге түспей тұрған Есенгелді пайғамбар жасынан асканда тағы желігіп, төртінші әйелдікке Бәтес есімді қызды алыпты.

Жастың аты жас, қызулы тоқал күші қайтқан, бап пен күтімнің болмашы қуатын малданған қарт күйеуін місе тұтпапты. Есенгелдінің жалшыларын жұмсап, шаруасына бас-көз болып жүретін Құлшық деген жамағатын ашына етеді. Ен байлықтың ортасына түсіп, малына билік еткенді көксейді. Оның бұл арманына жетуіне кедергі келтірген Төребай ғана еді. Тоқал оның да ретін келтіреді.

Жас мырза жаз шыға құм жайлауына қона жатып, құс атып, асау үйретіп, сейіл құруды жаны сүйеді екен. Осындай сейілдің бірінде шаршап келіп, атын қантарып, тоқымын төсеп, ерін жастанып, жылқы шетінде ұйықтап жатқан Төребайдың үстіне «көзге түртсе көргісіз» каранғы түнде үркіп жосыған жылқыны қаптатып жібереді. Мұны істеген жас тоқалдың қызулы құшағын қимай, айтқанын орындаған Құлшық еді.

Сансыз жылқының тұяғынан пәрше-пәрше болған Төребайдың денесі арулауға келмей, топыраққа жентектелген күйінде ақ киізге оралып көміледі. Үйір-үйір жылқыны сол далада матап, жал-құрығын күзеп, қылын желімге қосып, сүтімен балшық илеп, Төребай күмбезі қаланыпты.

«Мұрагерім болып, ең байлығымның тұтқасын ұстап қалады» деген Төребайдың өлімін естіген Есенгелді қайғыдан алжасып кетіпті дейді.

Есенгелді өлген соң мол байлықтан тоқалы Бәтеске де, «үміткері» Құлшыққа да ештеңе бұйырмаған. Сансыз жылқы 1872-1873 жылға тарихта «қоян жұты» аталған қыста тегіс қырылып, тігерге тұяқ қалмағанға ұқсайды.

Малдан — ада, баладан тұл қалған Бәтес қартайған шағында мойнына дорба салып, ел кезіп кетіпті. Бір күні ол жасында Есет батырдың сарбазы болған табын руының бір үйіне барыпты. Бәтесті таныған отағасы: «Жорықта жолымыз болмай, арып-ашып келгенде, тұруға ерініп, күбіден қымыз құйып бермеп едің» — деп өкпесін айтады. Қиындық көріп, тәубесіне әбден келген Бәтес:

— Онда мен ешкімді аш демедім, қымызды ас демедім, — деп жылап жіберген екен.

Сонда манадан бері жайнамаз үстінде күбір-күбір дұғасын оқып отырған үй иесінің қарт әкесі сейілшінің кім екенін жаңа түсініп:

— Апырай, Есенгелдінің әйеліне садақа сұратқан бұл құдай неткен шебер! — депті таңғалып...

Рас-өтірігін кім білсін, ел аузындағы аңыз осындай дейді. Үш ғасыр бойы сырын ішіне бүккен Төребай күмбезі де бұл күндері құрып бітуге аз қалыпты. Сансыз жылдар бойы жел мен жауынға сыр бермеген биік күмбезді кешегі дінімізден бездірген Одақ кезіндегі құдайдан қорықпаған әлдебір тентектер бұзып, тасын құрылысқа алғанға ұқсайды. Күмбездің үш қабырғасы ғана әлі де менмұңдалап, жолаушының көзіне түседі. Жазықсыз құрбан болған

Төребай бағлан қалай дегенде де қарапайым көптің бірі емес. Байлық кімнен қалмаған. Күні кеше санауға ерінетін Есенгелдінің сансыз жылқысы да оны ажалдан арашалаған жоқ. Сол күндерден қалған бір-ақ естелік — жалпақ жазықтағы жалғыз мола...

Жергілікті жердегі XVIII ғасырдың II жартысына жататын Төребай мазарының қазіргі жағдайы мәз емес. Құлап, қирап, жойылу қаупі бар. Үш қабырғасы жарым-жартылай сақталған. Туған ел — асыл қазына. Ал осы қазынаны біз көзіміздің қарашығындай сақтауымыз қажет. Аудан әкімшілігінен, табиғатты қорғау органдарынан тарихи ескерткіш ретінде белгі қойып, қорғауға алып, қалпына келтіруін сұраймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Батыс өңірдің халық әдебиеті. Авторы: Тихон Әліпқали. Орал. 2005 ж.
2. Батыс Қазақстан облысы энциклопедия. Автор: Ғарифолла Әнес, «Арыс» баспасы. Алматы. 2002 ж.
3. «Жас алаш» газеті №15.05.02.2002 жыл.
4. Жаңақала ауданының тарихи-танымдық анықтамалығы. Орал. 2009 ж. Авторы: Сейсенғали Закария Жүсіпқалиұлы.

2010 жылғы 18 ақпандағы №71 бұйрық

**Жалпы білім беру ұйымдарындағы
1-11 сыныптарға арналған
«Өзін-өзі тану» пәнінің типтік оқу
бағдарламаларын бекіту туралы**

2010-2011 оқу жылынан бастап жалпы орта білім беру ұйымдарының оқу процесіне «Өзін-өзі тану» пәнін міндетті пән ретінде енгізу мақсатында Бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған жалпы білім беретін мектептердің 1-11 сыныптарына арналған «Өзін-өзі тану» пәнінің типтік оқу бағдарламалары бекітілсін.

2. Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (Н.Аршабеков) осы бұйрықты облыстық, Астана және Алматы қалаларының білім басқармаларының назарына жеткізсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице-министрі М.Н.Сарыбековке жүктелсін.

Министр

Ж.Түймебаев

«Қазақстан тарихы: әдістемелік журнал» — ай сайын шығатын республикалық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық басылым.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде №3481-ж куәлікпен есепке қойылды. 26.12.2002 ж. Астана.

«Қазақстан тарихы: әдістемелік журнал» — Республиканский научно-методический и педагогический ежемесячный журнал.

Журнал поставлен на учет в Министерстве культуры, информации и общественного согласия Республики Казахстан. Свидетельство №3481-ж от 26 декабря 2002 года, г. Астана.

Қолжазба қайтарылмайды.

Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді. Келтірілген дерек-дәйектердің нақтылығына редакция жауап бермейді.

«Азимур» компьютер

орталығында теріп, беттеген —

Дәурен ДӘРІБАЕВ

Корректор — Айгүл ӘБДІРАХМАНОВА

Басуға — 30.07.2010 ж. қол қойылды

Пішімі — 60x84¹/₁₆. Шартты баспа табағы 5.61.

Есептік баспа табағы 4,98.

Офсеттік басылым.

Таралымы — 3140.

Индекс 75644

Бағасы — келісімді

Шығарушы — «Азимур» ЖШС

Редакцияның мекен-жайы: 050034

Алматы қ., Райымбек даңғылы,

208 үй, 1-қабат, 53 пәтер.

Тел.: 8(727) 385-50-74.

Тел./факс: 8(727) 253-01-60.

Моб.: 8 701 7420731;

E-mail: kaztar_adis@mail.ru

Басылатын жері — «Дала-Принт» ЖШС

Алматы қ., Зенков к., 13, 208 бөлме, тел. 377-46-83, 334-15-29.

